

Серік Габдуллаұлы

Сәлемдеме

Өскемен, 2012
«Шығыс Полиграф» баспасы

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7 -5

С-38

ISBN 978-601-7383-36-7


**Серик Габдуллаұлы, «Сәлемдеме», «Шығыс
Полиграф» Өскемен, 2012 жыл, 250 бет**

Өмір үзіктерін өрнектейтін, тіршілік тынысын танытатын күндер мен жылдар тізбегінде жолаушылар келе жатқан пенде әркіммен әр қалай қарымқатнас жасап, тұрмыс төрінде, өмір өрінде өзектес болады.

Журген жолда із қалады. Сол сүрлеуге айналғанша осы бір адамға қатнастан тутан арнауларды жарыққа шығарып отырмыз. «Жаңы сөз жарым ырыс», кітаптағы аты аталғандарға автордың ризашылығы деп түсінерсіздер.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7 -5



Абыйндык жүрек
Алебаевы

Сәлемдеме сәті

Шаранадан шыр етіп дүние есігін аиқан тіршілік иесі балалықтан даналыққа дейін тағдырдың тар жолында «Кұдайдың жазғанын» көріп, арман деген елестің соңынан еріп, қиялышың қанатымен көкке өрлең, ақыры жерге түседі. Пенделіктен кіслікке, кісліктен адамдыққа жеткенше өмір өксіп, көңіл күпсіді...

Тартысты да таласты тірлікте «Таудай талап бергеніше, бармақтай бақ бер» деген қагиданың көлеңкесінде үміттің отын өшірмей, ақылды арыттай, есті есептептей, сананы сарсыттай «барымен базар бол» жүрү де лаім.

Десек те, «талант тас жарап, тас жармаса бас жарап» дегендей бойга біткен азды-көпті құдай берген өнер болса, оны азық етпей күна болар. Білгіштердің айтуына қараганда «Құранда алдымен пайғамбарлар, екінші зулие-эмбиелер, үшінши сатыда ақындар тұр» дейді. Мұхамет пайғамбарда «менен кейін пайғамбарлар тұмайды, ақындар туады» депті дейді. «Естіген құлақта жазық жоқ» десек те, бұл жалғанда ақынның орны бөлек. Содан да, «Туганда дүние есігін ашар өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең», немесе «Өлең - сөздің патшасы...» деп даныштан Абай бабам біліп айтқан гой.

Сөрік Габдуллаев

Ақынды мадақтап, орден алып берейін дег отыргам жоқ, тек өз өмірім осы маңайды шиырлап, күндерім мен түндерім, айларым мен жылдарым ақын арманын арқалап өткенін айтқым келгені де. Салемдеме сәтінді тірлікте өзім жолықтырган пенделердің адамшылық қасиеттерін арттагыларга үлгі етеп кетейін деген ой!

Өмірдің өрі мен ылдышында талай адаммен жолығып, қарым-қатынас жасайсың, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренесің. Ұзақ жолда жолыққан біраз жандарга кезінде олең арнап, алғыс билдіріппін. Солардың себеп-салдарын баяндай кетейін, «адамның куні адаммен» екенін түсіндірейін дегенім еді.

Асылында, менің сыйлас құрбы-достарым, өзім ұнатып бағалаган жігіт-агалары кәдімгі жер басып, қарапайым өмір сүріп жүрген жандар. Олардың ішінде «атагынан ат үркетін, даңқы жер жаратын» дөкейлер жоқтың қасы. Бірақ менің шабытымды шақырып, олеңіме өң берген осынау қарапайым пенделер!...

Мен өмір естелігін жазайын деген ойым жоқ, дегенмен адами қарым-қатынас көрінісінен жеке бастың көрген күнінің көмескі ізі байқалуы мүмкін.

Оқыңыз, нарі болса, көңілге тоқыңыз!

* * *

«Сәлемдеме» сазының алгаиқы үнін арнағы жолдайтын алтыннан қымбаттылар бар: бірінші елің мен жерің, екінші ата-анаң! Дүние есігін ашқанда алдымен осылар мархабатты махаббатына орап, жүргегіңе жалын, жаныңа от, көңіліңе нұр, сезіміңе сәуле құяды. Еліңе еміреніп, жеріңе желімделіп, әкеңді асқар тау, анаңды бақша-бау тұтасың. Сүрінгенде сүйеу, түңілгенде тіреу болар төрт таганының өмір бәйгесінде - пырагың, арман асуында адастырмас – шырагың! Оларға жүрек жырын тыңдатпау айып болар еді...

Ұланым – анамсың

Арнасында аунаған бұлағым – дем,
Даяу тұтам дәрменге құрағынды ем.
Шалқарына шабыттың қайық салсам,
Басталады жырларым Ұланыммен.
Аңсап келген ақ сүтін Анасының
Нәрестедей қойныңа құладым мен...

Жаялықтай тәселді жасыл бағын,
Аңсарымды аулады асылдарың.
Ұландайын өлкенің ұлы болсам,
Атағынды асқардан асырғаным!
Шаранадан шал болған кезге дейін
Құлдыраған құлындаі қасында мын.

Сөзік Габдуллауы

Жүрегінді жүргегім сүйгені шын,
 Тәуекелдің түйінді түйген ұшын.
 Өлең болып өрілген өміріме,
 Көңілімнің кекала үйрегісің.
 Асқақтата атыңды алмай қалсам,
 Өкініштің өргіне күйген ішім.

Ұланымның тұні де жарық маған,
 Тағдырымның тынысы тарықпаған.
 Талдырмаған қанатын қиялымның,
 Арманымды аялап арытпаған,
 Айналайын, Ұланым, анамсың – Сен
 Аймалаудан баласын жалықпаған!

Найзагай жыр
 Сен десем жасындейды,
 Күн құлатып,
 гарышқа асырды Айды!..
 Алқынбаса арманның арғымағы,
 Тас илеген тұяғы тасырлайды.
 Балалықтан даналық кезге дейін
 Ғашықтыгым Ұланға басылмайды!..

Туган жерден тірлігің басталар да,
 Жетегінде арманның асқан алға.
 Тыныстармын қойныңда тыныш ұйқтал,
 Топырагыңды бір кесек жастағанда...
 Жетімсіреп жүректер қалмау үшін
 махаббаттың есігін ашқан Алла!..

Салшади

* * *

Тұған жер топырағыңнан айналайын,
Кеудемде қызгалдақтай жайна дәйім.
Сен менің маңдайымнан сипағанда,
Анамдай ақ төсінді аймалайын.

Басылған емес саған сағынышым,
Жарылмай жүреді әйтесу жанып ішім.
Мен сенің кіндігіңен нәр алғамын,
Сен менің жаралғасың бағым үшін!

Аңсаймын Айыртауды, Боранбайды,
Бағына балалық шақ оралмайды.
Қырымның қырық күндік қызығы да,
Бір сәті Шымқораның бола алмайды.

Осында қалған ойнап балалығым,
Осында бүрін жарған лала гүлім.
Қырда өсіп, қалалық боп жүрсем-дагы,
Жанымда өзгермепті далалығым.

Осында Серго, Жамбыл құрбыларым,
Осында Нұрбан-ұстаз – нұр бұлағым.
Осында Майра, Сағдат, Райхандар,
Бөгенбай батырды да жыр қыламын.

Бұрамын бәріңе де бүйрекімді,
Арнаймын өздеріңе күй-көңілді.

Серік Габдулла

Серіктің сағынышқа толы жыры
Кернесін қуаныш боп үйлерінді.

Ұланның самалымен сусындаимын,
Жібек жел қанатында сусындаимын.
Тұған жер топырағында күнде той боп,
Бақыт боп ағайынға тусын ай-күн.

Өзінде мәртебемді биқтетем,
Кім сендей көнілімнен күй ұқты екен?!
Тұған жер – Атамекен, алтын бесік,
Өлгенше саған басты иіп кетем.

* * *

Ел мен жерге таусымайтын сағынышымды
сарқа отырып, эке мен шешенің орынын аялап, беделін
биқтетейін дедім. Мына бір жылы шумақтар менің
гана емес, барлығының ата-анаңа берілген бадана баға
деп үгініңдар!..

Бұл арнау әкем Габдулланың өмір жолы туралы
бүріншірақ жазылған поэманиң кіріспесі.

«Әке, әке!»

Үш әріптен құралған,
Осынау сөз ұлы қуат, ұлы арман.
Осынау сөз жүргегіңе от құйып,
Осынау сөз биқтерге шыгарған.

«Әке, әке!»

Тас қорғаның, қалқаның,
Қара нарың, ауыртпалық артарың.
Сәби көніл білмейді гой, егерде
Ол жоқ болса, жетімшілік тартарын.

«Әке, әке!»

Білдік пе өмір өтерін,
Әке деген қара қыстау, мекенің.
Белгілі гой, өзің әке болсаң да,
Өзіңе де әке керек екенін.

«Әке, әке!»

Қызындыққа сыннып па?
Балғын жүрек әке қадірін ұбып па?!
Оның өзі жоқ болса да, жолдасын
Жолықтырсан, «әке» деуді ұмытпа!

«Әке, әке!»

Кешті ол өмір шалқайып,
Кейбіреуі жүз жасады қартайып.
Кездескенде түзу сәлем берсендер,
Қартаң көніл қалады бір марқайып.

«Әке, әке!»

Осынау сез тым ыстық!
Жақсы әкені жарым сөзден ұғыстық,
Оның өткен қасиетті жолымен
Қиralаңсыз жүргуге біз тырыстық.

Сөрік Табиулашы

«Әке, әке!»

Осынау сөз қорғандай,
Оны ойласаң, тұра алмайсың толғанбай.
Өмір бойы жылтып жүрер жаныңды,
Жүргегіңнің жалын-оты мол қандай.

«Әке, әке!»

Осы сөзде ұғым көп,
Көз алдыңда тұрар тұлға күлімдеп.
Бойындағы барлық асыл қасиет
Аудасады саған мәңгі біріндеп...

* * *

*Анам Жұмақанқызы Бибіқанипа (Кәнкей)
бір-ақ сөзбен айтқанда, оте жақсы адам болды.*

Аңсадым құшагыңды

Сыйлаған өмір маған,
Жүректің төрінде Анам.
Парызым өтелмеді,
Қалып түр көнілде алаң.

Ақ сүтін ақтамадым,
Қалайша бақ табамын?!
Сарғайған сағынышты
Сыйлыққа сақтағамын.

Жаратқан жаңым, Ана,
Сендей жан табыла ма!?
Маңдайым алақанның
Жылуын сағына ма.

Толтырып күш-әлімді,
Мезгедің ұшарымды.
Арман боп алыстасаң,
Сағындым құшағынды.

Сағынтып сағым-арман,
Шығар ма тағы да аддан!?
Сен сүйген маңдайымда
Ерніңнің табы қалған.

Елжіреп есладі үнің,
құлақта бесік жырың.
Парызым өтелмесе,
Анашым, кешір бүгін!..



Сөрік Габдуллаев

* * *

Мектепте оқыганда азды-көпті балаңық «бұзықтығынды» түзеп, жақсы азамат болуга күш салған, шын ниетімен күйіп-піскен ұстаздарга мың алғыс та аз. Жалпы мектеп, жогары оқу орындарында оқып, тәрбиеленген барлық адамның ұстазы бар гой.

Оларды тізбектеп шыгу мақсат емес, десем де, ең алғаш Сарыбастау бастауыш мектебінде әліпті үйреткен Кәмал, Эскен апайлар, кейін Жамбыл атындағы (қазір Шымқора ауылындағы Сарсен Аманжолов) мектептің Тұрар Оспанов, Құсайын Орынтаев, Фатих Жәмелов сынды директорлар білім берді.

Мына бір салихалы шумақтарды соларға арнадым:

* * *

Ұстазым-ау,
есінде ме тентегің?!
Бұла болып өспедім ғой мен тегін.
Киялымға қанат байлап ұшырдың,
Болашақтың мезгеп биік ертеңін.

Әріптерді алғаш маган таныттың,
Ұлағатты ұқтыра алмай жалықтың.
Күнделікке қойып жатып «екілік»,
Үмітің мен сенімінді арыттың.

Сонда-дағы тәрбиеден талмадың,
Сан тістеттім өкініштің бармағын.
Шаш агарып, сақал қурап қалса да,
Тентегіңді түзеу болды арманың.

Сол арманды, эттең, кештеу ұғыппын,
Шыға адым ба үдесінен үміттің.
Қатарыңда ұстаз болыш бүгін мен,
Шәкірт үшін маңдайдан тер үгіттім.

Сені көрсем,
еріксізден елестер,
Мектептегі еркелік шақ, белестер,
Құлағымда әлі қүнге жаңғырып
Тұр сондағы өзің айтқан кеңестер.

Тәрбиеден жалықпадың тер төгіп,
Сені көрсем түседі еске еркелік.
Ұстаз болыш тұрганымды көрсөң Сен,
Қалар ма едің бір жасарып, көркейіп!?

Ұстазымды пайғамбардай көремін,
Оған деген махаббаттың көлемін
Өлшеу қының, соңдықтан да бір саған,
тарту болсын жүрекжарды өлеңім!

Сөзіс ғабдұлауы

Айналайын,
ұстаздар, аттарыңнан.
Бебек үшін сыр сандық ақтарылған.
Бүршік жарып,
гүл ашып, жеміс беріп,
Түлеп жатыр тіршілік бақтарыңнан.

Айналайын,
Ұстаздар, жандарыңнан,
Ай қонақтап,
Күн туған арманыңнан.
Көңілдерің қуанып күлім қағып,
Арайланып атады таңдарыңнан.

Айналайын,
ұстаздар, ұлағатты,
Жүректерден білім бол бұлақ ақты.
Шәкірттердің күмбірлі күлкілері
Сендер болып нұрлады бұл алапты.

Айналайын,
ұстаздар, келбеттерің
сүйкімді ғой, сыйлы ғой еңбектерің.
Жүректердің жылуын аямай-ақ,
Шәкірт жанын оюлап, өрнектедің.

Айналайын,
Үстаздар-ғұламалар.
Тартатұғын жырымнан сыбагаңды ал.
Сенен алғаш әліппе үйренді гой,
Дүр сілкінтекен дүниені Ұлы Адамдар.

Айналайын,
ұстаздар, қымбатсыңдар,
Шәкірттерді шындыққа шындаңсыңдар.
Шапағатты шашу ғып шаштыңыздар,
Ізгілікпен жандарды нұрлапсыңдар.

Бақыт жүрсін сендерді шаттаңдырып,
Алдарыңнан атсыншы ақ таң күліп.
Айналайын,
ұстаздар, жүріңдерші
Үрпақтарды арманға аттандырып.

Көктемедей күлімде

Бойымнан іздең асылды,
Жанымнан іздең жасынды,
Жүректен отым маздаса,
Қабағың сениң аптылды.
Саган жыр бүгін жазбасам,
Демеймін шабыт тасынды.
Ұлагат айтқан, ұстаздар,
Сендерге ием басымды.
Мына мендей тентегің

Сөрік Табиулағы

Ағартты қара шашыңды.
Кепшіңдер, қиям сендерге
Ендігі қалған жасымды!

Сендерге қиям барымды:
Бойдағы ождан-арымды,
Жүректегі жалыңды,
Жанымдағы әнімді,
Сендерге қиям Ертістей
тасыған арман арынды.
Сендерге қиям шарықтап
астандап кеткен әр үнді.
Ойында от бар шәкіртің
Сендерге ғана табыңды.
Қиялға қанат бермесен,
Таппас ем, мүмкін, бағымды?!

Тұңдің талай, білемін,
Қаңжылап жылы журегің.
Ұстазды «жек те» көретін
Шәкірттің мен де бірі едім.
Ойыма түссе қылымым,
Ішімнен жымып күлемін.
Ойынды құып күн ұзын,
Ойсыздау болып жүр едім.
Сен болсаң менің ертеңгі
күніме бақыт тілеңдің.
Кеш болса да кешірім
Сұрайды бүтін түлегің!..

Ендігі қалған күнімде,
 Ілесіп мынау дүбірге,
 Үміттерінді ақтасам,
 Шәкірттеріңен түнілме!
 Маған ұқсас жандардың
 Жаңына терең үңіл де,
 Қанатын ұшта арманның,
 Қуаныш болсын үнінде.
 Ұстаздың қыын жолында,
 Бор кеміктей үгілме!
 Жақсылықпен жасарып,
 Көктемедей күлімде!

Мектеп бітіруші ойы

Не дейді мынау соңғы қоңырау шылдыры,
 Әлде менің жүргегімнің сырлы үні?!
 Жалауындаі ақ жанымның желбіреп,
 Қоштасты ма қырмызы шақ – қыр гүлі?!

Соңғы қоңырау тұнып қалды құлақта,
 Балалағым қалды сәтте жырақта.
 Ойда отырмын,
 тарамдалған жол алда,
 Мұның қайсы жеткізеді мұратқа?

Қоңырау үні естілмей ме қайтадан,
 Естілмей ме бал дәуренді – байтақ ән?
 Көңіл толы қуаныш пен күдікке,
 Қалай ғана сыр ақтармай жай табам.

Сөрік Габдуллаев

Алабұртыш бара жатыр көнілім,
Анық еді-ау бұл өмірге сенімім.
Достарменен қоштасар кез жетті ме,
Балалықтың бірдей өрген өрімін?!

Не айтады соңғы қоңырау шылдыры,
Қоштасты ма алаңсыз шақ нүр күні?!
Артта қалып бара жатыр бар бақыт,
Бал дәуреннің қолдан шығып шылбыры.

Арман алда ала тайдай алысқан,
Киял жүйрік құстай ұшып жарысқан.
Достар, сэтте кеткендейміз есейіп,
Қол бұлғайды құлыншақ – шақ алыстан.

Соңғы қоңырау шымырлатып өзегін,
Алғашқыға берді өзінің кезегін.
Алғашқы өмір қоңырауының шылдыры
Алғашқы арман екенін де сеземін.

Соңғы қоңырау – қоштасудың сэттері,
Мектеп-ана, саған жүрек қақ тәрі!
Өмір-кітап ашылды да беттері,
Жабылады оқушы – өмір дәптері.

Түйілгендей ой-арманым тас-темір,
Достарыма бүгін сырды аш, көніл!
Босағасын аттап барам, эйтеуір
Қалай қарсы алады екен басқа өмір?!



Бірінші бөлім

**АЛДЫНДА АГАН БОЛСА
АСҚАР ТАУЫҢ**

«Балаңды он беске дейін төредей күт, отызга дейін құлыңдай жұмса, одан ері құдайдай сыйла» дегенге жуық қағида айтқан гой бабалар. Менің де балалыгым, жігіттігім басқалардың базарындағы өте шықты. Отау тіктім, шаңырақ көтердім, содан кейін гана жұбайымның ақылымен жогары оқу орынын бітірдім, журналистік жолға түстім. Алматыдағы Қазақтың Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп, қазақ тілі мен әдебиетінің мамандығын алсам да, үстаздықты журналистікке айырбастап жібердім... Нагыз тұрақты тірлік сол 1966 жылы облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі Дидар) газетінен басталғандай еді...

Жалпы, менің ғұлама үстаздарым сол кезде қазақтың тілі мен әдебиетінің тәгдышын үстап тұрган алыптар екен-ау!

Қазақ тілін, М.Балақаев, Г.Кеңесбаев, Сауранбаев, К.Ақанов, Төлегенов сынды тілшілерден, әдебиетті М.Әуезов, Е.Ысмаилов, Т.Нұртазин, З.Қабдоллағтардан оқыдым, дәріс алдым. Іштей бұған да мақтанамын.

Ұзын сөздің қысқасы - өзекті өмірдегі сәттік сезімдердің сірнесіндей бол қалған арнау өлеңдердің шығу тегін тәптіштей отырып, үзік сырларды сырмақ-тай алдарыңа жаяйын, құлақ сал, ой жібер, агайын!...

Мұқаң (Мұқтар Әуезов) кезекті бір дәрісінде Индияга барып келген сапары жөнінде әңгімелеп отырып, қазақты әлем танымайтынын, ол үшін өнербілім озық болуын, әдебиеттің дүниежүзілік үлесі болуын түсіндірді.

Ұмытпасам, Павло Нерудамен арасындағы әңгімеде үндінің ұлы ақыны қазақ деген ұлттан бейхабар екенін білдіреді. «Атағы елге жайылған кімдерің бар?» дегенде Мұқаң ананы, мынаны айтып байқайды, Неруда бас шайқайды. Бір кезде Мұқаң бізде «Жамбыл деген атақты ақынымыз бар» дейді, Павло «Жамбыл, оны білемін, білемін»- деп қуанып қалады. «Елді жүртқа, жатқа танытатын өнер иелері» деді. Содан жатаханага кеп бір шумақтарды шимайлай салдым (кейін түзеттім)...

Мұхтардың мақтандыши

Сонау жылдары Мұхтар Әуезов Индияга барған сапар сәтін студенттерге әңгімелеп тұрып, «ол елдің қарапайым халқы тұргай, зияльшары Қазақстанды, казақ халқын білмейді екен. Ал, Жәкеңді, Жамбылды біледі екен... Тегінде, сыйласақ ақынды сыйлайықта!» - деген еди.

«Жол шіркін қайда апармаң?!
Үндіге бардым сапарлап.
Он алты Одақ тен ұстап,
Бір-бірін жүрген қатарға ап.

Сөрік Фабулашы

Мемлекет қазақ атында,
Айнала таныс жақынға.
Өзімше ойлан жүремін,
Таниды рой деп жатың да.

Елінді тұрса танымай,
Шыдайсың қайтіп налытай!?
Жат жүртқа мәлімсіз екен,
Шашылған қазақ тарыдай.

Үндіде кез боп Неруге,
Шақырды үйге-еруге.
Салиқалы ақын салтымен
Үмсынды сауда беруге.

«Қай елсің, - деді, - қарағым?...»
Жауапты қандай табамын.
Қазақты үгіндырудың
ойланып қалдым амалын.

«Қазақтың Елі, - дедім мен,
Сарыарқа деген жерінен».
Шайқады басын ойланға,
Таңданыс көрдім өнінен.

«Алатау, Алтай, Атырау...»
Бәрін де білмей жатыр-ау.
«Қазақты жүртқа танытар
бір белгі жоқ па, апыр-ау?!»

Сәлемдік

Білгеннің айттыйм барлығын,
Көнілде мұздал қалды мұн...
Домбыра тартып отырган
ойима түсті Жамбылым.

«Жамбыл атты ақын бар,
Біледі алыс-жақындар...»
Жүзінде ойнап жылылық,
Танытты ыңғай мақұлдар.

«Жамбылды жақсы білемін,
Жырларын оқып жүремін», -
дегенде толқып көнілім,
Тулады тайдай жүргегім.

Жалынды жырдың алыбы-ай,
ардақтан өтер арым-ай!
Қазақтың атын шыгарған
қайран да, «қара шалым-ай»!

Таныгар алыс-жақынды,
Шыгарар шыңға атынды,
Құдайға жуық, бір табан,
Қадірле, ұрпақ, Ақынды!..

Көнілі жардан құлаған,
Тәнірден медет сұраған,
Үндемей біраз бөгелді,
Мінбеде тұрган ұлы Адам..

қазан, 1960 жыл

Біз алпысыншы жылдардың басында Алматыда С.М.Киров атындағы Қазақтың Мемлекеттік Университетінде оқығанда Алаш зиялымары толық ақтала қойған жоқ болатын. Эуезовтің Нұртазиннің аузынан шыққан сараң мәліметтер санамызга сіңе қоймайды, олардың шыгармаларымен таныс емеспіз. Темең (Теміргали Нұртазин) көпшілік дәрісін далада (Бас гимарат алдындағы скверлерде) өткізетін. Жанжагына жіті қарап алып, басең дауыспен Бекейхановтан бастап, Шәкерімге дейін біраз маглұмат беретін. Жалтақтайтын да жөні бар екен, Л.Есенберлин, Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев, Е.Ысмаилов, Т.Нұртазиндер елуінші жылдардың аяғында, Сталин өлгеннен кейін гана (15-18 жыл айдауда болып) бостандықта шығыпты. Бірақ өздері ол жөнінде жақ ашпайды.

Теміргали ага айтқан Алаш зиялымарының кейбіреуінің аттарын мен бала күнімде әкем Габдулмадан еміс-еміс естігемін. «Оян, қазақ» деген кітапта мынандай шумақтар бар деп жатқа согатын. Сәкен Сейфуллин, Райымжан Марсеков, Мухаметжан Тынышбаевтар жайында түщымды әңгімелерді жолдас - жораларына айтып отыратын. «Бұл ән бұрынғыдан өзгерек...» деп домбырага қосып оңашада айттып жатқанын талай естідім. (Берптің білдік Шәкерімнің әні екенін).

Саламандар

Әкемнің оларды білуі заңды. Отыз алтыншы жылдан Алматыдағы КомВУЗ-да (Коммунистік жогары оқу орны) оқып бітірген. Оган түсудің де өз тарихы бар. Сәрсен Аманжолов көмектескен. Екеуі бірге өсіп, біте қайнасқан агайын-туыстас. Бұл жөнінде бөлек әңгіме болар.

Темең Алаштықтар жайлы айтқанда бұрыннан есімдері таныс адамдардың ойымда сақталғанын айтам... Ақын боламыз деп алып-ұшып түрган кез, жатақхана бөлмесінде Алаштықтар туралы өлең жазып, үстазым Теміргали агайга көрсеттім, әрине, жеке, жасырын. «Серікжан, мына өлеңін жақсы екен, бірақ әзірше жылы жауып қой, уақыты келер, сонда поэма да арнарсыңдар!»-деді. Ол арнау мынау еді. Кеңес одагы ыдырап, егеменді ел болған алғашқы жылдары жастар рухын көтеруге митингілерде оқу үшін лайықталып қайта жазылып еді.

Ахметтер

Бойында қазақылық қаны барлар,
Жігерін жеңіс үшін жанығандар,
Ес жиып, етек жауып, ел болуга
үндеген Ахаңдарды таныған бар.
Арманын алғы құнғе азық етіп,
Асудан аса алмай арыған бар.

Мерт болған айға шауып арыстандар,
Атаның арманы үшін алысқандар,

Сөрік Табиуация

Қазақтың шаңырағын көтеруге,
Кеудеден шыбындей боп жан үшқандар.
Артында ұлағат та, жұрағат та
қалмас еді, болмаса данышпандар.

Қазағын Ел етуге жаралғандар,
Жанынан игілік нүр тарағандар,
Ұатының ұлағатын жоқтаймын деп,
«Ұатшылдық» жамауы кеп жамалғандар,
«Оян, қазақ!» деп жырмен ойран салып,
Қаранды қапастарға қамалған бар.

Тайынбас оттан, судан батырлар бар,
Шындықты шырқыратар ақындар бар.
Тамсантың қалың елін, қайран жұрттың,
Тамызған таңдайларға ақылдан бал.
Тұрайық орнымыздан құрмет тұтып,
Арманның асуында атылған бар!

Көмекті күтпейтүғын білектерден,
Тұлеткен түгел жұрттың тілектермен.
Бақытты болу үшін босағасы
От өріп, жалын құскан жүректерден.
Алаштың Ахметтей арыстары
Шанырағын қазағымның тіреп келген.

Сарғайған сананы ақыл санағандар,
Талапты Ахандардай тағалаңдар!
Үмыттай еске алатын – Ахан, Жақан,

Шәкәрім, Мағжандардай агалар бар.
Баянды болсын десен баста бағын,
Солардың аруағын бағалаңдар!

Бағасын арыстардың көтеріңдер!
Ұрпақпен ұлағатты жетер үндер.
Төбенде көк туынды желбіретсін,
Бақытқа жетелейтін төте күндер!
Елің бар егеменді еңсе биік,
Қазақтың қеудесінен от өріңдер!

Үмытылған салт-дәстүрді қолға алындар,
Теңіздей тебіреніп толғаныңдар!
Ақ жолын Ахандардың алға апарар,
Білімді болатының, болғаның бар.
Өркендең өркениет өрлегенде
Біліммен озғаның бар, солғаның қал.
Тамыры тарамыстай таралатын
Таңдайтын тағдыр атты жолдарынды ал!

Айтқаным айқай емес ұрандаған,
Мазасыз мезгіл мынау мұнарлаған.
Қырқында ұясынан ұшып кеткен,
Айналып қонып жатыр қыран-балан.
Көк байрақ көктеменің көгалындаі,
Құлпырып құлан иек түрар далаам.
Арыстар арманынан қуат алып,
Ғабдуллаұлы Серік жыр арнаған!..

* * *

Қазақ барда Мұхтар бар...

Мен Мұхтар Әуезовтен дәріс алғанымды мақтан тұтамын. Ғұламаның атақ-даңқына жығылу емес, шын мәнінде адамшылық беделінің шыңына шыққан, тәрбие мен білім берудің түп тамырын үққан зор тұлға ретінде мойындаймын.

Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына

Қазақ барда, Мұхтар бар тұлғаланған,
Асқақтатыш атағын нұрга малған.
Тірлігінде кей күннің қызықтарын
Қайырымсыз заманы ұрлап алған.

Қазақ барда Мұхтарым жарты жалған,
Қыран көніл көтерген алтын арман.
Замананың қойнында жылан-жылдар
Езуінен күлкісін тартып алған.

Дүниенің Мұхтары – ғасыр данам,
Найзагайдай көгімде жасындаған.
Көлеңкесін түсірген қара жылдар,
Ай қабағы кей кездे ашылмаған.

Бағын таптай байлаулы баянынан,
Қорлық көрді тағдырдың таяғынан.

Салғын

Қыран көніл қияға ұмтылғанда,
Тосқауылда түсалды аяғынан.

Соқтықпалы, соқпақты жолда-дағы
Теңіздейін теңседі толғағаны.
Дүниенің көгіне қазақ атын
Алып шықты,
Тәнірдің қолдағаны.

Көрінеді тау тұлға алыс қырдан,
Шындық үшін ар құрбан, намыс құрбан.
Адамзаттың алыбы – Абаймен
Дүниеге қазақты таныстырган.

Салқындықтың сызы жоқ санатында,
Жанартаудан жаралған дара тұлға.
Дауылпаздай дауылда дабылдады,
Мұз құрсауы қатса да қанатында.

Ұлылардың жолы тар, күні қаран,
Қорқау күн жоқ қарсы оған ұлымаган.
Су тартылып, теңіздер суалса да,
Дария-ақыл құрдымда құрымаган.

Қажет емес данага мақтағанын,
Көнілінің біледі шат табарын.
Тұлпар-талант тұғырға ұмтылады,
Күндерінің тоздырып ақ табанын.

Сөрік Габдулла

Жатыр бүгін Ай аунап, жадырап күн,
Жұлдыздары көгінде жамырап түн...
Ұлы Мұхтар сияқты данышпандар
Бір-бір уық қазақы шаңырақтың!

Уықтардан тұрады шаңырагым,
Ақ Орда боп әлемге таныламын.
Түрік тегім тулады тамырымда,
Айқайлайды Алаш боп жан ұраным!

Данааларым, даладай данышпаным,
Шерхан-шері, Кекбекі, Арыстаным,
Шаңырагын қазақтың көтеріп тұр,
Абай, Мұхтар, Ахмет, Қаныштарым!..

Сәрсен Аманжоловтың ШКМУ-да ашылған ескерткіші алдында окылған арнау

Әкем Аюбаев Габдулла Сәрсен Аманжолов екеуді
өтеп тату, сыйлас құрбылар, ауылга келген Сәрсен ага
біздің үйде талай қонақ болды. Оттызынышы жылдардың
ортасында аудан белсендісі боп журген әкемді «халық
жауына» айналдыра бастаганда ол Сәрсенмен
хабарласып, Сәкен «Дереу Алматыга жет» деген соң
жұмысын тапсырмай қашып барады Алгашында

Салашын

Сәрсенниң үйін паналап содан кейін құрдасының көмегімен КомВуз-га (Коммунистік жогары оқу орыны) түсіп, аман қалады. Оның бәрін кейін жыр гып айтатын. Сол Сәрсен экеме арнаған жырымды ұсынамын.

Шырайлы Шығыс бүтін шаттанарсың,
Сәрсендей ұлыңменен мақтанарсың.
Асылын жасытпайтын халық дана,
Тұған жер топырағынан бақ табарсың.

Тілімнен тіл тудырган Кеменгерім,
Қазақ тілі ғылымына терендердің.
Түркінің таптың тастан таңбаларын,
Оқыды оны Алтайдай өрендерің.
Үрпаққа ұлағатты ұғындырыдың,
Еленіп бағаланды ер еңбегің!

Атағың танылды, Аға, алыс қырдан,
Тұлпардай төрт тұяқтан шаң ұштырган.
Әлемді кетті шарлап Сәрсен атың,
Түркінің тілін түптең таныстырыған!
Өсер ел өрендері өнеге алар
Өзіндей ғұламадан, намысты ұлдан!

Қайыспас қабыргалы Қазанатым,
Шыгардың шың басына Қазақ атын.
Тұлғаңды тұғырына көтерді енді,
артыңа ерген Алаш азаматың!

Сөрік Габдуллаұы

Кешегі жан жолдасың Габдулланың
Серігі - жан сырынды жазар ақын.

Қарыз гып қалдырмадың алғаныңды,
Ғылымнан асқан байлық бар ма құнды?!
Елде ырыс, ерде қайрат болады екен,
Жайқалтса жазирадай жалғаныңды.
Атыңда Аманжолов университет
ұрпағы жалғастырар арманыңды!

Қазақтан көшті тұман - бұлт арыла,
Ұлы көш керуен тартты нұр таңына.
Бүтінгі Қазақстан тәуелсіз Ел,
Бөтениңң басылмайтын ұттанына!..
Көтерген кекжиектен Күннің өзін,
Риза бол, Сәрсен аға, ұрпағыңа!!!

* * *

Ардақты ағамыз – Қасым Қайсенов қайтыс болғанда Алматыда қабір басында (Кеңсайда) облыс атынан оқыдым.

Қасым ағамен талай әңгімелесіп қасында журдік. Батыр туралы поэма да жаздым. Дүниеден озған кезде қайғырып шыгарып салдық. Ер есімі ел есінде қалатыны мәңгілік.

Алдаспан сынды, асылым,
Ертістей асып-тасыңың...
Сенен де өтті шынымен

Жасаған жалпақ ғасырың.
 Ойлаған жоқпыш болар дең,
 Жетінші жылдың басы мүң!..
 Қазақстаның жоқтайды,
 Жоғалтып алып Қасымын!

Жоқтайды Алтай белдері,
 Марқакөл, Зайсан көлдері,
 Жоқтайды дүйім қазақтың
 Қасымды сыйлар Елдері!..
 Асубұлағың өрдегі,
 Ұланың туган төрдегі,
 Жоқтайды батыр баласын,
 Жастығы өткен жерлері.

Алатай, Алтай құлаган,
 Самырсын, шырша сұлаған,
 Ай менен Күннің кірпігін
 ашы жас көміп бұлаған.
 Атырау-Алтай арасы,
 Жетісу-Арқа саласы,
 Орыспен қазақ баласы
 Бұлаудай болып жылаған,
 Дүниеден өтті ұлы Адам!

Бақиға тартты жол тағы,
 (Өлімнен пенде қорқады.)
 Жалаңдаң, жұмыр Жер үстін
 Қаза мен наза жортады.

Сөрік Ғабдуллашы

Үркери үркіп ғарыштың,
Жұлады шашын Шолпаны!
Дүниеден өтті ер Қасым,
Ортайтып кетті ортаны.
Бақиға озды батырым,
Жоқтап түр іні-ақының,
Суырып бауыр-қолқаны!
Қош бол,
Қош, Алтын Адамым,
топырағың болсын торқалы!!!

* * *

Алдан агай тәуелсіздіктің алгашиқы жалдары қазақша жағылған қара күйелерге қарсы орыс тілді басылымдарға орысша жауап беру үшін «Казахская правда» деген газет шыгарды. Астындагы көлігін, үйін сатып, аш-жалаңаш журсе де, өзінше әділетсіздікке қарсы түрдү. Бишік те, бишікештер де, қалталылар да көмектескен жок, қайта түкірта түсті. Соган мойымай үлкен күрес жүргізіп, жекениң де күші бар екенін дәлелдеді. Элемнің алі осындаидардың қажыр-қайратынан тұратын шыгар.

Өз басым, Алдан агамен таныс болғам жок, бірақ газеттің үзбей оқыдым. Ризашылықпен бас иемін. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырагы торқа болсын!

Қазандай іші қайнаган,
Куаныш бүршік жаймаган.
Алатау асқан арманын
Бодандық бұтау байлаган.

«Қаз дауысты» қайран үн
 Торда тұрып «сайраған».
 Құмға айналған жігерін
 Құлтегін-тасқа қайраған.
 Қарсы келген дүшпанға
 «Қазақ шындығын» сайлаган,
 Менің ағам – Ер Алдан!

Қалмаса-дағы үлестен,
 Көнілге емес гүл өскен.
 Бодандық белін бұксе де,
 Темірмен иық тірескен.
 Жалаңтөс баба сияқты
 Құлдықпен тынбай күрескен.
 Қазақтың айтып шындығын,
 Жігер мен күштен жіп ескен.
 Тас-талқан қылып қиратты
 Өтіріктің мұзын сірескен,
 Асыл ағам – Ер Алдан.

Түскенде тағдыр талқыға,
 Қаратып сөзін жалпыға:
 «Көзінді аш, қазағым,
 Қара да алды-артыңа.
 Таусылған жоқ азабың,
 Қауіп төнді салтыңа!
 Ойлан да тоған, құлақ тұр,

Сөрік Табиғиаты

Ақиқат сөздің парқына!»
Деп ұран тастап ширықты,
Адасып қалған халқына,
Ардақты ағам – Ер Алдан.

Қорлыққа түрмас жан шыдал,
Намысқа басты қамшылап.
«Караванменен» айқасты,
Мандайдан тері тамшылап.
Тарихты тартты көлденен,
Өтіріктерден аршып ап.
Жабылды жала-пәле де,
Қалғанда жалғыз қансырап.
«Қазақшыл», «ұлтшыл», «серіктер»
Бармады батыл хал сұрап.
Келеді асыл ағаны
Бүгінге дейін ар сынап.
Құрметті ағам – Ер Алдан.

Қарагайға, ағажан,
Қарсы біткен бұтақсың.
Намысыңа тигенде,
Ұшқын атып тұтапсың.
Тасқа жанып жігерді,
Кекке малып қайратты,
Біліміңмен бұтапсың
Ауыздықсыз арсызды,
Тұсамыстай тұсапсың.

Салмыш

Жалғыз шауып жауыңа,
Бабалардан күш апсың,
Інілерге құшақсың.

Ризамың, Ағажан,
Қайратыңа, күшіңе!
Нардың жүгін көтерген
Ізгілікті ісіңе!
Жүргінен от өрген
Алдан кірер түсіме.
Алған міндет өтелген,
Рахмет осы кісіге!
Осындаі-ақ болады
Өнеге үлкен-кішіге.

Киналып, аға, жүрсің бе?
Бойында қалыш құр сұлде.
Құлағым түріп келемін,
«Қазақы шындық» дүрсілге.
Болсын деп демеу өлеңім,
Алтайда жатып демедім,
Тілекшің барын білсін де!
«Қазақы шындық» шырылдап,
Кеудеден намыс сығымдап.
Рухың кетті ел аралап,
Күрсінбе, Аға, күрсінбе!..
Жүргің Күндей күлсін де!!!

Серік Табиғаты

Қос согыс ардагері Әубәкір мен Қайырбану
Байбатшиндердің отау тігіп, от жақсан елу жылдық
тойына арнаған өлеңім Әукеңнің кім екенінен хабардар
етер.

Ассалаумагаликум! – деп,
Бастайын сөзді біртінде.
Тойында Апа-Жездемің
Бұл Серік қалай сілкінбек.
Сөйлесін сөздің мәйегін,
Көмейім жорға бұлкілдеп.
Ертістің ағын суындаі,
Шабытым қалай іркілмек.
Жібек жіп жалғап шебердей,
Жырымды тартам ілкімдеп.
Апа мен Жезде, болсыншы
өмірде қалған күлкің көп!
Елу жыл отау болғанда,
Құттықтаң отыр жұртың кеп.

Сексеннен асқан Жездеміз,
Әлі де сексен көздеңіз!
Кәрілік келсе қутындаң,
Қисая кетіп төзбеңіз.
Сырқыраса сай сүйек,
Серілік жанмен сезбеңіз.
Алға сап Сізді, артында
Жүрейік еріп езгеміз.

Сіз шыққан сонау биікке,
өрмелеп шығар кездеміз.
Шақырып тұрса шаттығың,
Шалмын деп одан безбеңіз!
Күш-қайрат қолдан кетті деп,
Малтаңызды езбеңіз!

Бай менен патша баласы,
Көңілде болмай наласы,
Бақытты қолдан жасады,
Тірлікте толы таласы.
Талпынды таудай талаппен,
Өмірден болса аласы.
Сағымды қуыш жетілді,
Сансырап талай санасы.
Мәуелеп тұрган бағыңа
Марқайып бүгін қараши!
Жоқ демесек сақал-мұрт,
Кәдімгі қазақ данасы.
Өзінен өрген үрпақтың
Бәйтерек сынды панаы.
Балдыздарменен белдесер
Әлі де мықты шамасы.
Мақтауга тілім жетпейді,
Жездемнің қымбат бағасы.

Елу жыл отасқанына,
Шақырды тойға апайым!
Қоңыраулатып кеп қалдым,

Сөзік Габдуллаев

Қалайша үйде жатайын.
Қайырбану апаймен
Қызыққа бірге батайын,
Даладай дастарханынан
Толайым дәмін татайын.
Жүректі жарған жырымды
Атандай құндарап атайын!
Жағымпаз жырды жазбагам,
Сақалды қалай сатайын?!
Күлімдеп шықсын Күніңіз,
Шалқысын шалқар шат Айың!
Денің сау болсын, Апайым!..

Әукең мен Қама қарқында,
Жастарың жетті алтынға.
Жиырмада мендей үйленсөң,
Қалар еді гауһар артында.
Оған да жету қол созым,
Тірлікте мынау тартынба!
Тоқсанға тозбай жетіндер,
Оқалы тондай жарқылда.
Екеуің еңсе түсіру
Болмаған ата салтында.
Қақпағын қағып тастаған
Қазандай күшпен сарқылда.
Арғымақ көніл арымас,
Асуда-асу алқынба!
Жүректер отын өшірмей,
Сексеул шоқтай шартылда!

Пір тұтын бала-шагаңмен
Қаумалап жүрген халқың да.

Ата мен Ана арманын
Отырган ұл-қыз жалғадың.
Үрпақтың мерейі үстем боп,
Жоламай жүрсін жанға мұң!
Әмірге мынау бергеннен
Аз шығар, мүмкін, алғаның?!
Әйтеуір сендер сездіңдер,
тірліктің түпкі салмағын.
Қар жастаныш, мұз төсеп,
Европаны шарладың.
Әлі күнге тарамай
Жатыр сонда шандагың.
Мынау жарық күн үшін
Жаныңды отқа жалдадың.
Арқасы сол бір айқастың,
Атады тыныш таңдарың.
Аман жүр әмса той жасап,
Емендей кемпір-шалдарым!

Жоралы болсын жолдарың,
Ұлагатты үрпақ ондадың.
Теңіздей тірлік төсінде
Толағай тағдыр толгадың.
Кенезе кейде кепсе де,
Жапырақтай жасыл солмадың.
Тоныңды шешіп алса да,

Сөрік Габдулаевы

Рұхың жасып тоңбадың.
Қол үстасып 50 жыл,
Тірліктің туын торладың.
Тоңазып қалса кей көңіл,
Жібіттің оның тондарын.
Жазықсыз жапа шеккенде,
Жаныңнан жылу жолдадың.
Аспандай ашық әйтеуір,
Жүректерің мен қолдарың.
Сендерді отыр семіртіл,
Тойғаның емес, органдың!

Кәрілкке тізгін бермендер,
Өрелі өрге өрлендер!
Немере менен шөбере
Үшін әлі терлендер!
Жақсылық көрсөң жарылқар,
Жагалай қонған Елмен көр.
Артындағы үрнақтың
Терезесін теңдендер!
Бес жыл бойы соғысып,
Гитлерді жеңгендер!
Қызыл ту қолға көтеріп,
Женіспен елге келгендер!
Ерлікті түр гой паш етіп,
Өнірде толы ордендер.

Апай мен Жезде, өмірің
Ұзақ болсын, төрі күн!

Көктем сайын жасарсын
Қызгалдақ-ғұмыр көңілің.
Үрпақтар өссін мың-мыңдаپ,
Бай мен патша тегінің.
Сарқылмасын суалып,
Алғы қүнге сенімің.
Гүйдептіп басыңдар,
Тірліктің тынбас көрігін!
Аймақты тұрсын жаңғыртып,
Адами сынды өр үнің!
Сендерге саулық тілейді
Загипа менен Серігің!

* * *

Кеңес үкіметі ыдырап, тоқсанынышы жылдары Қазақстан өз шаңырагын көтергенде қогамның тынысы кеңіп, егеменді елдіктің өрісін кеңейтуге бет бұрылды. Курмеі қыын күрделі мәселелердің бірегейі болып, «Қазақ тілі» мәселесі тұрды. Осыған орай республика көлемінде тіл жана шырларының белсенелігімен «Халықаралық «Қазақ тілі» қогамы» құрылды. Компартияның биліктен тая қоймаган тұсы, облыста қос үкімет билік жүргізіп тұрган кез. Обкомның үйгарымымен «Халықаралық «Қазақ тілі» қогамының ШК облыстық үйымының төрагалығына облыстық «Коммунизм туы» газетінің бас редакторы Жұмәділ Әділбаев сайланып, жұмыс істеді. Бірнеше ай аудиостырып, оның орнына үйымга мен төрагалық еттім. Бұл 1991 жылдың З қаңтары. Өскемен қалалық «Қазақ тілі» үйымы сол кездегі

Сөзілілдік

партиясынан (партиялық агарту) гимаратында отырды. Облыстық үйым обком партия үйінің 1-қабатындағы оң жақтағы ортасында қабылдау бөлмесі екі жақтағы бөлмелерге орналастырылды.

Когамның облыстық үйымы үйымдастыру жұмысына қызыу кіріспін, басқа қогамдық үйымдармен байланыс жасау жоспарын құрды. Осы тұста қадірмен қарттармен, ел басқарған атпап азаматтармен жақын танысып, ішек-қарындай араласуга тұра келді. Иелі Елдің киелі қарттары қиналғанда сүйеу, құлаганда тіреу бола білсе, мен ушін Төлеухан Қогабаевтың, Әубекір Байбатшиннің, Оралбек Малдыбаевтың, Әнуарбек Мұхамадиевтің, Мұхамет Шаяхметовтың тағы басқаларының орындары ерекше еді, әкемдей болған қайратты қарттарымды сағынамын. Солардың мерейлі де мерекелі тойларына қатысып, жүрекжарды жырымды оқушы едім. Солардың бірер нарасын ұсынайын.

Әнуарбек Мұхамадиевтің қабірінің басында

Әнекең (Әнуарбек) облыстық «Қазақ тілі» үйымының жауапты қатышысы болды, өте іскер, үқыпты, тиянақты жан еді... Жетпіс жасын тойлауга дайындалып жатқамыз. Кенеттен қаза болды. Өкінішті!..

Келіп тұрмын басыңа,
Тәуәп етіп тасыңа.
Жиналды бүгін жанашыр,

Саламаш

Энеке, сенің асыңа.
Тұыс, жекжат, тұстасың
Жиналып келді қасыңа.
Көрсетіп жатыр құрметін,
Кәрісі менен жасы да.

Артыңда ізің қалыпты,
Ұрпақтық парыз танытты.
Өзіңді еске алуға
Жинады дүйім халықты.
Құлпытас қойып басыңа,
Құламас мазар салыпты.
Энеке, сенің асыңа,
Ту бие әкеп шалыпты.

Тұк емес алған, берген де,
Мәселе құрмет көргенде.
Қазкен, Қалкен, Рашит,
Жұмазия, Мұраттың
Қызметіне ақ алғыс
Қайтады мына елден де,
Жақсылығы жақсының
Көрінеді өрден де.
Қасиет пен қадірің
білінеді өлгенде.

Бос өткізбей тірлігін,
Сақтаған үйдің бірлігін,
Сіз сияқты адамдар,
Өткізер өмір нүр күнін.

Сөрік Табиулашы

Жазира апай жадында,
Үл-қызыңың қанында
Жарқырап бейнең түр бүтін.
Тұтінің түтеп өзіңсіз,
Желпініп түр ғой түндігін.

Қазкенің мен Қалкенің
Суда жүзген құндызың.
Жұмазия – жалғызың
аспаңдағы жұлдызың!
Жазира апай жанында
Сүйеу болған ұл-қызың.
Рашиттей үрпағың
Қырда өскен қырмызың.
Сыллайтын үрпақ бар болса,
Кеудесі толы ар болса,
Жұдемейді нүр жүзің.

Қалибектей құдаң мен
Құдагиың Сарадай,
Тұстығы мың жылдық,
Айтуга тұрар даралай
Басқа да туыс-жақының
Көнілдері даладай.
Жаныңды жатыр жаңғыртып,
Жана тұған баладай.
Қадіріңді осыдан
байқады жүрт шамалай.

Салашан

Осы отырған халайық!
Әдettі еске алайық.
Уытты болсын ұлдарың,
Қылықты болсын қыздарың,
Тәлімді жолға салайық.
Артында жүрсін үрпагың
Қараша үйдеги қарайып.
Жүргегінен, жанынан,
Тамырдағы қанынан
Қазақы мінез табайық.
Сыз қалдырмай көнілде,
Із қалдырып өмірге,
Жүректің отын жағайық.

Жақсының көрмей өлімін,
Үлгі тұтсам деп едім
Өнегелі өмірін.
Аттамай өткен арынан,
Ардақтысы ол Елінің.
Тірлігі тұзу адамдар
тістемейді ерінін.
Жақсылық жерде қалмайды,
Жамандық жанды жалмайды,
Бағасын берер халық бар,
Ез ұлы менен Ерінің.
Торқа болсын деп түрған,
Жатқан Ботпай жерінің,
Әнеке саған жыр арнап,
Өлеңнің басып көрігін,
Жоқтап түр келіп Серігің.

Cəris Gabdułłahu

Осы Энекемнің (Энуарбек ағаның) отбасын ерек сыйлаймын. Жазира апайдан бастап, Рашитке дейін менің көңілім разы.

Мына шумақтар Энекең қайтыс болған соң 70 жасқа толғанда шыгарылып, апайдың көңілін аулау мақсатында «Қазақ тілі» үйымының ұжымы жиналып, ағамызды тірі күніндей құттықтадық.

Жетпіске жете алмай кеткен агага

Әнеш аға!

Жетпіске келдің бүгін,
Алпыс жылдай көтердің елдің жүргін
Бір өлім бар өзекті жанға деген,
Жер тартады өзіне – жердің құлын.

Толмай қалған жасың бар, Алтын ағам!
Ойлап кетер жалтақтап артына Адам.
Әнеш аға, өмірің тоқтаған жоқ,
Ұл, немере - өзендей сарқыраған.

Жетпіс жасың жетпеген арманыңдай,
Келді, міне, күніреніп таң-багындаі.
Жазираңды жылатып кеткен құдай,
Қорғасынның қомақты салмағыңдай.

Саламандар

Жетпіс жасың өзінді жоқтатады,
Қайғының да шегі бар – тоқтатады.
Көгалындаі көктемнің көгереді,
Алғыс алған-Сіздей жан-көп баталы!

Жетпіс жасқа құттықтау айта алмадым,
Жоғалтқандай жанымның майталманын.
Қазкен, Қазкен, Жазира апамыздың
Ұзақ болсын ғұмыры-Алтай-багың.

Жоқтау емес,
Құттықтау өлең еді,
Бізге үлгі өмірің өнегелі!
Тапсырамын баламның баласына,
Сіздей жақсы көрсін деп немерені.
«Адам болсын, қатардан қалмасын» - деп,
Махаббаты балаға терең еді.

Өзің болып өзіммен тілдесемін,
Арылады бойымнан бір кеселім.
Әнеш аға, жаныңды ұғынбасам,
Жақсылықтың қадірін білмес едім.

Еске алған соң орныңа келіп тұрмын,
Мүшел той гой, шабытты желіктірдім.
Аға, сені жетпіспен құттықтауга
Босагаңнан бақыт бол желіп кірдім.

Сөрік Габдуллаевы

Алдыменен бір құдай – сыйынғаным,
Құлағыма келеді қыырдағы үн!
Тірі кісі тірлігін істеп жатыр,
Торғай құсан теріп жеп бұйырғанын.
«Тон болмайды орамал жол болады»,
Мынау Сізге ұсынған – сыйым-дәмім.

Мұрат, Дәурен, Ләzzәт пен Анарыңыз-
Болған кеше көз-құлақ, жанарыңыз,
Жетпіс жылдық жасыңмен құттықтайтынын,
Жүректері жетімсіп – алалы күз.
Жазира апай, жасымай қатайыңыз,
Қара жер ғой бәріміз барапымыз!

Әнеш аға, той бүгін, басың көтер!
Ағармаған армансыз шашың бекер
Жазғанына құдайдың шара бар ма,
Жазу бітсе, кәрі де жасың да өтер.
Той болған соң тоя жеу әдетім еді,
Жазира апай, табақтан асыңды әкел!

1993, 10 ақпан



* * *

Мен Мұқанды (Мұхамет Шаяхметовті) тоқсаныншы жылдары жете таныдым, бұрын мұғалім болып жүргенде біліс болатынбыз... Ашылып сейлеп, ақылын айтқаны (1991-1996 жж) халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық үйымының «Ақсақалдар алқасында» болған кездер. «Жақсыда жаттық жоқ» деген қагиданы осы Мұхамет Шаяхметовке арнаймын.

Жақсылардың қартайғаны әдемі,
Бойға сіңер берекелі әдебі.
Ақ шаштары ақ селеудей желбірең,
Ақ ниеттер асуладардан дәмелі.
Қарт жүректің мейірбаны елжірең,
даналықтың, балалықтың дәлелі.

Қуанғанда қуаң көңіл көлдей бір,
Жандарында төгіледі өрлей нүр.
Жақсылықты жасап қалу үшін де,
Қарттығына тізгін үшін бермей жүр.
Қазагымның қасиетін сақтаған
Мұхаметтің ішкі сырын көрмей біл.

Ауыр жүкті арқалады жасында,
Кім біледі,
Жаңбыр мінез – жасын ба?!

Ізгіліктің ізі жатыр әйтеуір,

Сөзік Ғабдулашы

Селеудейін селдіреген шашында.
Мен өзімді әлі бала санаймын,
Қалбалақтан Мұқаң жүрсе қасымда.

Өкпелетпей откізді ме өмірін,
Көкейінен күмбірлейді қоныр үн.
Маган ұстаз нар түйеге үқсайды,
Қаламайтын салған жүктің женілін.
Ақ көнілді ақсақалдар аманда,
Тоқ жүреді мениң көктем көнілім.

Алтайма ұқсатамын тұлғасын,
Имандылық үйни бойда түргасын.
Өмір жолын өріп жазған кітапта,
Көніл көлін селдететін сыр басым.
Қартайғанда шыбын жаны қиналмай,
Қарт жүректі қуаныштар нұрласын!

Сынай қарап,
сыр тартамын ақырын,
(Экемдей рой, жанымдағы жақыным)
Бір желпініп алады да, серпіліп
төге салар қалған-құтқан ақылын.

Сынай қарап,
сыр тартамын сыналай,
(Мүмкін кейде қаламын да ұнамай?)
Баста барын барымтасыз береді,
Қымызындај жылқышы үйдің сұрамай.

Салмыш

Аясын ба артып тұрган ақылды,
Көңіл одан арымайды тұралай.

Қарт сөздерін тыңдай бергім келеді,
Жүргімнің жел кернейді желегі.
Қарсы алдында отырғандай Ғабдулла,
Маған соның әуезі ғой керегі.
Әке, сені сағынғанда Серігің
Мұқандасты қара тұтып ереді.

Жан-дүнием қуаныш пен артқан мұң,
Арбасында келем азап тартқанның.
Демеу көрмей жолдастан да, достан да,
Жол үстінде жекеленіп салт қалдым.
Сезінбейді жаным бірақ жалғыздық,
Маған сүйеу сау жүргені қарттардың.

Кім береді көңілімнің қалауын,
Кім жағады жүргімнің алауын.
Әке, сені сағынғанда Мұхамет
Көңілімнің желбіретер жалауын.
Перштедей пейілінен табамын,
Жүргімнің жыртығына жамауын.

Кездестім-ау, Мұқа, кештеу кезіне,
Өмірінді жүргіммен сезіне.
Бағдатың бар бақытыңың баяны,
Тірек болар ақындардың сөзіне.
ТМК-ның титанындаі інімнің,
Тілек айтам арнап тұрып өзіне...

Серік Ғабдуллашы

Төлеухан Қогабаев агага арнауым бірнешеу, мынау соңғы сөз ретінде – дүниеден өтерінің алдында көңіл құрау ләзімімен үйіне бардым. Сөзі түзу, ақыл-есі орнында, тың қөрінді. Біраз әңгімеден кейін «Серік,- деді,- мен өлгенде қабірімнің басында өлең оқы!..». Қабір басында оқылмады, бірақ бір жылдан кейін жүртшилық алдында «аманатқа қиянат жасамайын» деп, оқып бердім...

Төкен аға,
Сексен жеті жасында
Айналдың сен жүрек тоқтап, жасынға...
«Серік, саган бір аманат тапсырдым,-
Өлең оқы қабірімнің басында!».

О, Жаратқан!
Адамдарға мейірімді ұялат,
Қоңын иман көңілдерге қиялап?!.
Төкен аға!
Жылында өлең оқыын,
Аманатқа етпеу үшін қиянат.

Пенде болдың перделенген өмірде,
Қаяу түспес үшін күңгірт көңілге.
Басқа тірлік кешсөңдағы түсінде,
Өкінішсіз өтті өмір өңінде.

Салында

Бірге болдың халқыңменен, жалпыңмен,
Бірге болдың заманға сай салтыңмен.
Тұғырыңа көтерілдің Төкен боп,
Өзіңе сай тек лайықты нарқыңмен.

Бас асау боп тістемедің, теппедің,
Жетегінде біреудің де кетпедің.
Қара тірлік кешкен қара шаруадай,
Жеміс берді еңбек еміп еккенің.

Аштан өліп, көштен, сірә, қалмадың,
Орындалды көкейдегі арманың.
Адам деген атқа лайық Төкеме
Жүректегі жоқтауымды арнадым.

Сақталарсың санат болса санада,
Қабылдасын сені Алла-Тагала?!.
Есенгіреп есім ауып кеткенде,
Сөздеріңмен сусындармын, жан аға!

Кош бол, аға!
Қымбаттым да сымбаттым!..
Бұл дүниеден о дүниеге тіл қаттым...
Кетпесін деп аманатың мойныымда,
Жоқтауымды дүйім жүртқа тыңдаттым.
Кош бол, аға,
Қымбаттым да сымбаттым.

Сөзік Габдуллауы

Журналистік жолында маган ақыл-кеңесін аямаган газет редакторлары Мұқан Эбугалиев, Омарбек Қайсанов, Манап Салықбаев, Исмагамбет Исмагұлов, тағы да басқа агаларымыз көп көмегін көрсетті. Қарымды қаламгер болуыма септігін тигізді. Осы бір көңіл-күй шумақтарын сол кісілердің рухына арнаймын.

**«Коммунизм туы» газетінің редакторы –
Мұқан Эбугалиевке**

Журналистік жолдың еттің өресін,
Қаламгердің барлығына төресің.
Денсаулықтың арқасында әлі де
Тоқсан асып, жұз жасқа да келесің.
Желкенідей керілген жел қайықтың
Құтты болсын жетпістегі белесің!

Өр-ылдиң артқа бүгін тастадың,
Талай жасты илі іске бастадың.
Бақыттыңың көріп бүгін баянын,
Мөлдіреген ашық болсын аспаның!
Балалар мен немереден қызық көр,
Құтты болсын жетпістегі асқарың!

Игілікке жұмсалды да көп күшің,
Қарбаласпен керуен-күндер етті шың.

Сәлемдік

Басындағы баяны мол бақытты
Еңбегіңнің жемістері деп түсін.
Жүректе мұң, көңілде кір болмасын,
Құтты болсын мерейтойың – жетпісің!

Өркен жайсын үрпағың мен өмірің,
Жұз жаста да ортаймасын көңілің!
Арамызда аман-есен жүре бер,
Қуанышпен шаттық болсын серігің!
Тәтті тірлік тұнығынан сусындал,
Арайланып тұрсын жүрек төрі күн!

Тірлікегі тауқыметке табынба,
Жүргіңнің отыменен жалында.
Ал кеуденен арманыңды тауыспа,
Тыныстайтын тіршілігің барында.
Дос, жолдастың, аға – інінің тілегін
Шын жүректен құттықтау деп қабылда!

* * *

*Ардақты-ақылшы ағамыз, журналистік жолдағы
ұстазымыз – редактор Манап Салықбаевқа*

Идеяға жанымен беріледі,
Жұмыс десе қамшыдай өріледі.
Жанын жеген жанталас арқасында,
Абыройдың шынынан көрінеді.

Sерік Табиулашы

Ел парызы жатады өтелініп,
Көкейінен кетпейді жетер үміт.
Кемшілігін көргенде жігіттердің
Қан қысымы кетеді көтеріліп.

Жақсы көрем әйтеуір бұл ағайды,
Тұзде, үйде жұмыспен тұралайды.
Жақтырмаса жүзіне тік қарамай,
Очкинің үстінен сығалайды.

Көңілденсе, миықтан күлкі үйріп,
Кеудесінен кетеді күн түріліп.
Жігіттердің қабағы ашылады,
Шырайына кіреді шіркін үміт.

Қатуланса, қабағы жабылады,
Саған сөгіс оп-оңай табылады.
Мына Серік кей кезде қыыс кетсе,
Мәкесінің сөгісін сағынады.

Үжымның қажымайтын жұмыскері,
Есінде жігіттердің мың істері.
Түзеймін деп жүріп-ақ Тұрсындарды,
Төгілді талай текке күміс тері.

Ең бастысы – Мәкенің ададығы,
Осылармен қогам мен заман нұрлы.
Журналистер жанында шуақ болып
Қалды мәңгі Мәкендер адамдығы.

Адалдықтан ешқашан айнымаған,
Жұмыс болмай қалса егер «қайғылы адам»,
Жүргегінде қылтандай қиянат жоқ,
Жақсы болса ел-жұрты, байлығы аман.

Сүйеу болған осындай ағалардан,
Тәлім алыш, тірлігің бағаланған.
Тау-тұлғадай алдыңда жүретүғын
Ағалардан айналдым – жағалардан.

Жетегінде жылдардың жасымаған,
Тәкаббарсың тірлікте тасымаған,
Айналайын, жүзге жет, асыл ағам!
Денің сау боп, жүре бер басың аман!

Мен сонау 1966 жылы «Коммунизм туы» газетіне қызметке орналасқанда атапланған журналистермен жүздестім, тілдестім, шыгармашылық жолда бірге өстім. Оларға да бір лебіз.

Өз білгенімді айтайын,
Өтір сөзден тайқайын,
Бейсенбай мен Бейсектен
Санамалап байқайын...

Әбуталиидің Мұқаны –
Бәйтеректің бұтағы.
Ыбырайдың Жұнісі –
Көктем еді күлісі.

Сөрік Габдуллаев

Ысмағұлдың Жұмағалиы –
Жиылмай өткен айылы.
Қабыштың сары Габбасы –
Сын-сықақтың тәубасы.
Омарбеков Өмірбек –
Макеттің алды төрін кеп.
Мұхамадидің Ақаны –
Секретариаттың сақалы.
Нұқайдың ұлы Тұргазы
Жымиса, жүрек нұр жазы.
Құмарбеков Мұсілім –
Очеркten ескерткіш
Соғады ердің мұсінін.
Қайыrbайқызы Райхан,-
Шұғыла нұрлы шырай таң.
Шәріпжанның Тоқаны –
Қожанәсір – оқалы.
Әbdілдәнің Болаты –
«Жұмысшыдан» зор аты.
Иманбайұлы Талаптан –
Мұсіндер шебер жаратқан.
Роза қызы Қасымның –
Жігіттер түгел басұрдың.
Малайдың ұлы Қасымхан –
Табылған талант қасынан.
Қозыбайұлы Қуанбай –
Өмірден өтті уанбай.
Қабайдың қара Қапары –
Сынаумен өтті сапары.

Салашы

Әділбаев Жұмаділ –
Хабардың дүрі бұ да бір.
Әміренің Мұраты –
Ұжымның талмас құр аты.
Оралханы Бекейдің –
Нақ өзі еді дәкейдің.
Елубайұлы Оңдасын –
Табады жазбай жол басын.
Хамза аға – Қасымов –
Жүретін ылғи тасынып.
Бигали аға – кісімдей,
Отырушы еді мұсіндей.
Оразхан агай, Ақылбек,
Жүруші еді жасқа жақын бол.
Сақабайдың Көкейі –
Инженер еді от ойы.

Талантты да қарымды журналист Қапан Сапарғалиевке

Қапан маган жиен, мен оның нағашысы ретінде қарыздармын. Қанша рет «Кулімжанга» («Улыбка» деген кафе) апарсам да, «қырық серкештен» құтыла алмадым гой... Мына бір қағытта шумақтар жиен 50 жасқа толғанда туған еді.

Сөрік Габдуллаев

Нагашы мен жиенінің сөз қагысы

- Нагашы, осы мені елуге келді деп ел қолпаштап жатыр. Соған айттар ақылың бар ма?
- Эй, жиен, қалтаңда бақырың бар ма?
- Бақырым бар ғой...
- Е, онда жақының да бар ғой!
- Саспайын ба?
- Саспа!
- Ендеشه баста!
- Неменені бастайын?
- Әлгі, нагашы мен жиеннің қақпайын!..

Нагашысы:

Елу жасқа еңкілдеп жетіп келіпсің,
Төбесінен алпыстың –дағы төніпсің

Жиені:

Жыл өткен сайын нагашым менің жалықпай ,
Қырық серкешті бір-бірлеп санап беріпсің.

Нагашы:

Елу жасқа мүшелді жылы толыпсың,
Ақсақалы шаңырақтың болыпсың.

Жиені:

Сайрандал жүрген күндерде нагашы,
Өзіңменен «Күлімжанда» жолықтым.

Нагашы:

Журналист болып жолда да журдің талай күн,
Алдыңнан тосты айшықтанып арай күн.

Саламаш

Жиені:

Тілшіліктің арқасында алшаңдал,
Қонақасын жедім ғой мен талайдың.

Нагашы:

Қартайдым деп тұғырыңнан таймағын,
Көктемдегі қызғалдақтай жайнағын.

Жиені:

Тірі болсақ сынырамыз әлі де,
Қаладағы нагашылар қаймағын.

Нагашы:

Семьяңмен әлі-әлі жүз жаса,
Тонай берме, жиенжан-ау, бізді аса!

Жиені:

Сұрамаймын сексен серкеш, нагашым
Айтқан сертін анда-санда бұзбаса.

Нагашы:

Бәріміз де талай жасқа толайық,
Елу деген тойланбаса, сол айып.

Екеуі:

Бәріміз де талай жасқа толайық,
Елу деген тойланбаса, сол айып.
Бақыт пенен қуанышты құшақтап,
Барлығымыз жүз жасайтын болайық!

Төмендегі тілек білдірген агалар әдебиет айдынының мұзбалақтары. Аманымыз түзу, ниетіміз ақ, тілеулес ағайындарым.

Мұзтаудың мұзбалагы

Қалихан Ысқақовқа

Ақынтар Алтайда кеп түлеген,
 Мұзтаудағы қарлы шыңға түнеген.
 Қауырсының қарагайдай қатайтып,
 Кекті тіреп тұрып қалған бір емен.
 Алтайының саф ауасын жұтпаса,
 Жүрек сазып, көніл төрі жүдеген.

Ақынтар Алтайдан тек ұшатын,
 Қиялымен Күнді барыш құшатын.
 Өмір оның өзегіне өрт салса,
 Сақылдаған сары аяз боп қысатын.
 Жалғаныңды жалпағынан жапырып,
 Салғаныңда бола бермес құса тым.

Қарагайдың қарсы біткен бұтағы,
 Қар жамылып, мұздан сауыт тұтады.
 Табигатқа тартып туган мінезі,-
 Тірлігінде ұтылады, ұтады.
 Мекені - тау, тұрағы оның – қарлы шың,
 Паналамас қарагай мен бұтаны.

Салшам

Бұқтырмадай бүктетіліп тағдыры
жатсадағы, төмендемес пандығы.
Қараңғыны жарық қылып тұрады,
Тіршілігін әкелгенше таң нұры,
Сезіміне селкеу түссе сергітіп,
ширықтыра Алтайдың ақ жаңбыры.

Ақиықтар Алтайды кеп панаңдар,
Ақ үрпектер, балапандар, балалар
Бұқтырманың баурайында жағалар.
Қанаттанса қарлы шыңды сағалар..
Есімдерін ел аузында даралар –
Алтайымда туған талай дана бар!



Сөрік Габбасұлы

Қазақтың от ауызды, орақ тілді
сатирик-жазушысы, жерлесіміз - Габбас Қабышевке

Бұл арнау Габбас 60 жасқа толғанда жазылды

Алпыс – Алтай асқарың,
Бурыл тартқан шаштарың.
Тарғында туған балалық,
Өте шықты қас-қағым.
Ойында толып даналық,
Түспесін мәңгі басқа мүн.
Халқынмен жаңың жаңарып,
Ұзара берсін жастарың!
Жан беріш, күнде жан алып,
Молая берсін дастаның!

Турашыл Габбас ағайға,
Мақтасам, жырым жарай ма?!
Сүрінбей сықақ сынына,
Жагуым керек қалайда.
Жеткенде бақыт шыңына,
Мадақтау жаздым талайға.
Үмтүлған тірлік нұрына,
Жазушы жаны – шарайна.
Ел ырза болса ұлына,
Шомылар көңіл арайға.

Сәмбән

Сөзі мірдің оғындей,
Тілі-электр тоғындей.
Үрлеген сайын ұдеді,
Сексеуіл, қайың шоғындей.
Жағымпаз,
жанпоз жүдеді,
Қалмады бастық соғылмай.
Күмпиген жалы күдері-
Іздеген менің жоғымдай.
Сықағы түгел сүбелі,
Семіртіп сойған соғымдай.

Шығыстың тау мен даласы,
Ертістің ерке сағасы,
Бас іп құрмет тұтады,
Еркелеп келсе баласы.
Бойында қуат, құт, әлі,
Жүзіне жұрттың қарашы.
Жұпардай иісін жұтады,
Сәулесін шашса данасы.
Алтайдың үрім-бұтағы,
Жұртының жақұт танасы!

Жазушы-елдің шешені,
Ұлағат айтар көсемі.
Батырым деген бір-бірін
Баталы ел ұлы өседі...
Туган ел кескен кіндігін,
Баласын мақтап «бөседі».

Сөрік Габдуллаев

Мереке қылыш мың күнін,
Көтерген күнін көшелі.
Жаныңын желлір тұндігін,
Жусанды жұртың осы еді.

Елігіңе табан тіредің,
Сыйлайды жұртың түлегін.
Тарғынның тарғыл тасындаі,
Ғабеке, елмен түледің.
Найзагай оғы – жасындаі,
Шалқысын шабыт-тілегім!
Мақтанар ұлын жасырмай,
Марқайсын туған ұлы Елің!
Сағынган мауқы басылмай,
Береді жұлыш жүрегін!
Сау болсын газиз басыңыз!
Толыса берсін жасыңыз!
Арқауын алтын жіптей қып,
Шыгарма – шашу шашыңыз!
Алтайы орман шуындаі,
Ертістің асау суындаі,
Қазақтың көкшіл туындаі,
Қуатты қүшпен тасыңыз!
Көбейіп туыс, досыңыз,
Құрысын тұздай қасыңыз!
Жүз жас деген немене,
Екі жүз жастан асыңыз!

Бозанбай, 1995 жыл, 28 шілде

Мұқагали Мақатаев

Мұқагалимен Марат Отарбаев арқылы жақын танысып – білістім. Маратпен жақсы дос болдым, жатахқанада төсегімнің үстіне төсек қойып жатқыздым.

Марат өте күшті ақын еді, ерте кетті. Мұқаңсыз тамагынан ас өтпейтін. Мені қасына ертіп алып, Мұқагалиды ізден кететінбіз...

Мына бір шумақтар Мұқаң қайтыс болған соң шыгарылып еді. «Архивте шаң баспасын» деп жариялад, аруаққа тағзым етемін.

Аруағынды бүтін Елің көтерсін,
Пенделіктен мәңгілікке өтерсің.
Тірлігінде танылмаған, тарланым,
Саған деген қарыз қайдан өтелсін?!
Қысқа өмірді ұзартуга алысқан,
Қара өлеңнің Қабанбайы екенсің.

Біз мақтасақ, тотыдайын түрлендің,
Тобылғының бүріндей бол бүрлендің.
Торғын сыра тартып тұрып тоқтықта,
«Металымыз, - деуші едің, - біз бір кеннің».
Аруағың ақ кептер бол кетті ұшып,
Қара жерді кебін қып сен бүркендің.

Алматының көшесіне сыймадың,
Жентектелген жүргегіңді қинаңың.

Сөрік Габдуллаев

Аярлықтың, қаярлықтың алдында
Алты қарыс айылыңды жимадын.
«Бейшаралар» жатса-дагы бет тырнап,
Жамандыққа жүргттың бәрін қимадын.

Жыр оқысан, жолбарыстай жонданып,
Алатаудың шыңдарындай паңданып,
Боранындай бүркүраган Алтайдың
Өлеңіне тұратынбыз таңданып.
Көк көйлектің ішіндегі кең кеуде
Кететүгін көріктейін жанданып.

Талқан қылыш тағдырының тарлығын,
Тыңдадың тек жүргегінің жарлығын.
«Бейшаралар!» деп көрінген пенденің
Бір қауызға сыйғызуши ең барлығын.
«Дос таба алмай» кетіп едің қазақтан,
Жанашырың жер қайысар ал бүгін.

Сол бір күндер ой-санада жаңғырыш,
«Есер күндер» еске оралды қанғырыш.
Жастық шақтың жағалауы алыстан,
Жүрген кезде ұйқылы-ояу мәңгіріш...
Жаураганды жылуымен жылтатын,
Әр жүректе жырың қалды мәңгілік!

Аруагыңды көтереді ән қылыш...

Саламади

Ақын Ақтан Нұрбаевқа

Өлең өлкесінде үзенгі жолдас болған ақын ағам –
Ақтан Нұрбаевтың атына мешіт салынып, жыр
жинағы жарық көргенде қуанганым бар. Артымызда
іздеуші үрпақтың бар екенине риза болдым.

Ел-жұртың шапағатсыз шаттана ма,
Себепсіз тұған-туыс мақтана ма?!
Буындей Бұқтырманың бүркыраған,
Жырлары жүректерде жатқан Аға!

Бойына дарын берген Хақ-тағала,
Барымен базар болып баптана ма!?
Имандылық үйінің маңдайына
есімін шырағдандай жаққан Аға.

Базары болашақтың бақ таба ма,
Жанына жыр-тұмарын таққан Аға.
Селдетіп сегізіне сезімдерін,
Бақытын балалардан тапқан Аға.

Үміті жатыр бүгін актала да,
Сағыныш махаббатсыз сақтала ма!?
Келместей кетіп едің бақыға Сен,
Оралдың ортамызға, Ақтан Аға!

Serik Tabdullauly

Өткізіп едік талай сері күнді,
Жайлаудай жүректердің төрі гүлді.
Кітабыңды шыгарып келіп тұрмын,
Жүздестір рухыңмен Серігіңді?!

«Ақында айтып өткен арман бар ма»,
Дауысы болашаққа жалғанғанда.
Артыңда үрпақтарың иғі ісімен
айналды топты жарған тарландарға.

Жетілді жемісің боп кенже арманың,
осы ғой өлеңіңмен жер жарғаның.
Атыңда Ақтан деген аспандатты,
Үмітті артқан Гүлнәр, Ержандарың!

Жақсылық хабарды жұрт есітті анық,
Келгендей Зырянға көп көшіп халық.
Жиналған дін-мұсылман адамына
беріпті Ержан балаң мешіт салып.

Иманы ұялаган жүргегіце
Ұлыңды ұмыттай ел жүреді де.
Аруағың шыгар сенің, Ақтан аға,
Ержандай қонған адал түлегіце.

Бөгеттің бұзып шығып өр - жарларын,
Үшқынның жалын болып көр жантанын.
Экенің аруағын бір аунатқан
Сау болсын Гүлнәр және Ержандарың!

Сәламшы

Есімің биікте ді еріп күнге,
Жыр жаздым маңдайымнан тер үктім де.
Өзіңе үзенгілес жолдас едім,
Қабыл ал ақ тілегін Серіктің де!

Ержаным, жүргегінді мұң шалмасын,
Жаныңнан жұлдыз өріп, нұр самғасын!
Денің сау,
Санаң таза,
Ойың тұнық,
Жадырап жаз күніндей жүрші, алмасым!...

Алармыз асу бермес шың – құздарын,
Болса егер бәрі осындаи ұл-қыздарым!
Қазақ деп қан-тамыры бұлқілдеген
ұрпақтар, биік болсын Жұлдыздарың!

* * *

Ақтан ага айттыстың да, жазбаның да ақтаңгер ақыны болатын. Эттеп, өлеңді өнер деп қумай кетті.

Бірде Зыряннан Өскеменге келіп, бізді «Кулімжанда» қонақ еткені бар. Сондагы қагытта қалжың, астарсыз әзілдің бір үзігі еді.

(«Кулімжан» - «Улыбка» деген кафе, Орджоникидзе көшесінде сол кездегі үш қабат редакция гимаратына қарата-қарсы. Қазір жинақ банкісі гой деймін).

Сөрік Фабдулашы

Ауылың Өрел ме еді, Берел ме еді?!

Масаты табиғаттың көк өрнегі.

Тұп-тұнық тұған жердің тынысында,

Ақының Ақтан ақын өлеңдері.

Жолсызбен тұра тартқан жабайы жыр

Маржандай өңделмеген тереңдегі,- деп бірауыз өлең
жазып, Тоқтарбекке, көпшік қойып, ұстата салды:

Келді ме Ақтан ақын Берелдегі,

Кешкілік «Құлімжаннан» көрер ме еді!?

Балталап, бағаналап жазғандарын

Серігі үстіріктеп берем деді,- деп жазды да, «Қапарға
апарып бер» деп қолыма ұстатты. Тоқтарбек,

Қапарлар бөлім бастықтары, мен әдеби қызметкермін,
лып ете түстім.

-Ақтан, әбетке шақырып отыр,- деп әлгі бір жапырақ
қағазды ұстата бердім.

-Әлі ерте емес пе?

-Енді, он бірден кетті ғой,- дедім күмілжіп.

Қағазды алды да, бір оқып, астына сүйкектете
bastады.

-Асығыс па? – деді.

-Иә, түсте автобусы кетеді екен...

Келгенде Ақтан ақын Берелдегі,

Айттысып тағы бір рет көрер ме еді?!

Шымылдығы желпілдеп түр ма екен,

Тоса тұрса кішкене өлер ме еді,- деп жазыпты.

Артынан «Күлімжанда» отырғанда Ақтан ағаға оқып бердім.

-Мынау бір ескерткіш екен,- деп Ақтан аға ақсия күліп қолын созғанда:

-Ақа, мәшінкеге бастырып берейін деп алып қалыш едім, содан ұмыт болыпты. Кейіннен «азырақ тоса тұрса өлер ме еді» деген сөз мәтел болып кетті.

Алтайда жаз аз ғана,

Қыс та басым,

Қанат та қатаймайды ұшпағасын.

Сендерге Өскеменге асығамын,

Жалғыздық жан-жағымнан қыстағасын.

Сияқты ормандағы қотыр қарға,

Зырянда бұл секілді топыр бар ма?!

Азабын дүниенің ұмыттырып,

Не жетсін бір серпіліп отырғанға,- деп Ақан әдебирамен қосылып, шалқып береді. Сонда, жарықтық, пендешлік пердесін сырғып тастап, уайымсыз-қайғысыз күн кешетін ақындық күндерді айсайды екен-ау. «Қотыр қарғадай» күн кешкен тіршіліктен бір сәтке қашып шығып, алаңсыз, ойсыз сәбілік шақты сагынады екен-ау?

Serik Tabutshamy

Сагынып ақындарды ерікті алған,
Қуады Өскеменге көрікті арман.
Арқалап сәлем-сауқат Зырян жақтан
Сендерге Ақтан ағаң келіп қалған. – (Серік айтты)

Жалауын жібек жырдың желбіретіп,
Шығады інілікпен Серік те алдан, - (Тоқтарбек
айтты)

Тамағы Тоқтарбектің жыбырлайды,
Ақаңнан сәлем-саухат көріп қалған,- (Серік айтты)

Көсіледі қазақтың ортасында,
Арасында орыстың өліп-талған.- (Қапар айтты)





Екінші бөлім

**АРТЫҢДА ІНІҢ БОЛСА,
ЖІБЕК БАУЫН...**

Сөрік Ғабдулаевы

* * *

Пенделігінен адамшылдығы басым азаматтар болады. Олардың ойы бік, ұстамы берік, мақсаты мәнді болса да, ұзақ жолдың сүресінде соқтықпа мен соқпаққа жолығып, қирапаңдаган кедір-бұдыр жолда қызындыққа, қыңырлыққа кездесуі заңды! Осындай сәттерде тұлпардай тұяғын тасқа ілдірмей, іштегі қайнап жатқан кек пен тектің жанартаудай дүмпуін жарасымды жеріне жараты білулері тамаша! Ойлары өрісті, саналары саңлақ, сезімдері селдей, көңілдері көлдей, жүректегі жалындарын жарқыраты білетін, жылжыған жылдарының жалына жармасып, үзенçгіден аяғын оңайлықпен шыгармайтын, тектіліктің талімін пенделікке тәрк етпейтін, азаматтық арын аманаттай ұстайтын атпал да мақпал інілерім болғанына ризамын. Олардың қатарында Марат Татаев, Багдат Шаяхметов, Айтмұхан Құрманғалиев, Амангелді Қажыбаев, Жеңіс Құлсейітов, Түсінхан Тұсінбеков, Қайрат Мусин, Жаңабай Эшімов, Марат Мұзапаров, Даурен Уаңбаев, тағы басқалар бар.

Қызмет бабымен осы інілеріммен де аралас-құралас болғаным бар. Біліктің басында, лауазымның қасында жүрген соң аталған азаматтармен қатынаста болып, көмектерін алдым, ниеттерін

танаңдым. «Қазақ тілі» қогамына қолдан келген көмектерін аяマイ, інілік ізеттің үлкен үлгісін танытқандар. Өз багалауымша, бұларды пенделіктен жогары қоюға дәлелім бар, ал олардың мінез-құлқын, жеке басының ісін талдау менің мақсатыма жат! Олардың адамшылық қасиеттің аясынан табылатынына сенімім зор. Әйтпесе, інілерімнің ешқайсысымен сыр шертіп, шер тарқатып көргемін жоқ, десем де «қой асығы демеңіз, қолайыңа жақса, сақа қыл» деген қазақы қагиданың қалпында сыйлас-тығымызды қадірлегенімізге қанагат тұтып, өмірде осындаі азаматтар қиындықта қара нардай жүк көтеретінін білдім, мұндай жалды да, алді жігіттермен жолда қалмайсың! Барін іштей жақсы көремін, сыйлаймын, сырттай көлгірсіп көпіртіп мақтап көргемін жоқ. Тірліктен түңілсең – тіреуің, сұыққа тоңсан – сүйеуің болатын осындаі азаматтар аман болсын! Эр түрлі жағдайда жазылған өлеңдерге ой жіберіңіздер.

**Батыр бабам – Мамайдың асында
айтылған өлең-сыр**

Марат Мұзапаровқа

Бұл күндері қазақтың атпал азаматтары ел игілігіне жарайтын істер атқарып жүр. Жогалғанымызды тауып, бүлінгенімізді бүтіндеуге күш жұмсайды. Елдің-жердің қасиетін арттыруға қолдан келген көмектерін жасап жүр. Соның бір дәлелі ретінде *Марат Мұзапаров* ініміз өзінің гана бабасы емес, бүкіл қазақта ортақ батыр *Мамайга* ас беріп, өлгенді тірілтті, өшкенді жандырды. Оған да ақындық көңілмен ризашылық білдіру парыз. Осындай азаматтар көбейе берсе, көсегеміз көгере берері хақ.

Бабалар – Мамай мен Барақ батырларды мансұқтап, аруақтарын әспеттеген үрпақтан бастауым – ұлагатты үстануым!

* * *

Үмтыйса ұлың арайға,
Кекілін шуақ тарай ма?!
Атқарған істі айқындар –
Өзекті өмір – шарайна...
Жасалған ерлік кешегі
Кетеді ұзап талайға.
Ас беріп бүтін жатырмыз
Қас батыр бабам – Мамайға!

Саламади

Басына қара қазақтың
төнгенде талай азап күн,
Мамайлар аттан тұспеген,
Іздеумен жолын азаттың.
Ертегілерге бергісіз-
Жасалған ерлік ғажап тым!
Алтайдан асып атойлап,
Жерінді жаудан тазарттың.

Көкке өрлең бөрі байрагың,
Қысылсаң шақтың Айға мұң.
Бәртенің биік беделі-
Мұзға да, тасқа таймадың.
Ұрпағың тұтып ұлагат,
Мамай ер қанат жайғаның.
Ас беріп жатыр Маратың,
Еске алып жатыр аймағың!

Келгенде дүшпан көлдененең,
Жасқаныш ерлер көрмеген.
Найманның туын көтеріп,
Жауына қылып сермеген.
Жүректе жалын от өріп,
Тыныштық күнге шөлдеген...
Бәртенің ұлы-ер Мамай
Намысты қолдан бермеген!

Әбілқайырдың батыры,
Көкжарлылардың ақылы-

Серік Габдулаевы

Елу жыл аттан түспеген,
тозса да терге тақымы.
Адақтап Адай-Алтайды,
Көктауды тапқан ақыры,
Мамайдай ұлы бабасын
Жырлап түр Серік ақыны!

* * *

Қалмаса бітіп көмейім,
Маржаның сөздің терейін.
Мамайдай бабам асында
Нөсерлеп жырды төгейін!
Ұлықтап жатқан бабасын
Маратқа бата берейін.
Айналайын, Маратым,
Көтере сөйлеп көрейін.
Талмасын сенің қанатың,
Үстем болсын мерейің,
Одан артық не дейін?!

Тусаң ту, Марат, бауырым,
Көтерген жүктің ауырын!
Балуан-батыр болдың Сен,
Жер иіскемей жауырын.
Самал ғана сипайды
Жақсылардың сауырын!
Бір аунап түсіп бабамыз,
Айтады алғыс ауылың!..
Елеңдеп жатыр құлагы
Түркістандағы қауымың!
Тусаң ту, Марат, бауырым!..

Қазақтың қас батыры – Көкжал Барақ бабамыздың рухына

Жалпы батыр бабамыз иісі қазақça ортақ десек те, көнеден бүгінге жеткен аралықта оның тікелей үрпақтары бар. Мынау арнауды Нұрлан Эскетаевты, Еркін Энуарбековты, Жанарбек Білімбаевты, тағы басқаларын жігерлендіруге, елі үшін егілулеріне қайрай түсейін деген оймен ұсындым. «Өз орындарыңда сендер де бір-бір Бараксыңдар!» - дегім келді.

Нұрлан жүйелі түрде Барак бабамыздың рухына республикалық волейболдан жарыс өткізіп жүрсе, Еркін, Жанарбектер оған үнемі қолдаушы, қаржылай демеуші болып келеді.

Адамишылықтарың арта берсін, азаматтарым!

* * *

Қазақтың Көкжал Барагы,
Сілкінтекен тау мен даланы.
Жорықтың жолы – Түркістан,
Алтай мен Арқа алабы!
Жүрек жұтқан ерлігі
Жарты әлемге тарады.
Ақыргы демі біткенше,
түспеді қолдан жарагы!

Көзінен шырым алмады,
Ерлікке ерлік жалғады.

Серік Ғабдулаев

Женғеншe жауын желкелеп,
Білектің күші талмады.
Қара нар болып көтерді,
Батса да заман салмағы...
Егемен болды қазағы –
Бабамың тұпкі арманы!

Боз дала бүтін жасыл-ды,
Көгілдір Күршім тасынды.
Ертістің ерке толқыны
Рухына бабам бас ұрды.
Бабасын еске ап үрпағы,
Әйгілеп жатыр асылды!
Үрпақпен бірге өткізіп
Келеді үш-төрт ғасырды.

Қабанбай еді жолдасың,
Ту ұстар батыр болғасың.
Тұлпардың тайды тұяғы,
Жаңбырдай жауып қорғасын!
Жауға шаптың ұрандаپ,
«Тәнірім! - дедің қолдасың!»
Ел үшін және жер үшін
Аұшпанды баудай оргасың!..
Үрпағың – Серік ақының
Жүректен жырын толғасын!

Қалбаның қатпар сілемі
Баракты іздер үнемі.

Сәламдай

Тағдырлас Танаш өзіңмен,
Оны да үрпақ біледі.
«Қаптағайлап» ұран тастаса,
Найманың жауды түреді.
Қазақтың жаны, қанында
Соғады Түрік жүргегі!

Алтайдан күліп атқаны
Қазақтың бақыт ақ таңы!
Өзіңе тартқан үрпағын
берген жоқ намыс жатқа әлі.
Бұлбұлы сайрап, қазақтың
Жайнайды гүлзар бақтары!
Үрпаққа ұлғі ұлағат
Барақтай бабам мақтаны!

Жадында ұста, жас ұлан,
«Отан!» - деп күші тасыған,
Бабалар аты ауыздан
түспейтін жыр мен асыл ән!
Көк Түрік туын көтерген,
Ел үшін жүрек от өрген –
Барақтарға мен бас ұрам!
Ерікті ел еркін қазақтың
болмасын жаны жасыған,
Таймасын бағы басынан!
Әумин!..

Сөрік Габдуллаев

* * *

**Нурлан Эскетаев, Жанарбек Білімбаев,
Еркін Әнуарбековтүгे**

Ескерткіш қойған бабага,
Жанарбек, Нұрлан, балаға
Рахмет айт, жамағат,
Еркіннің ісін бағала.

Барақтың бойын бойлатып,
Жыл сайын тойын тойлатып,
Жұлделеп батыр атына,
Жариялы жарыс ойнатып...

Жанарбек сынды үрпағың,
Атқызып баба нұр таңын,
Жұлығын майлап жүлденің,
Ұлағаттап жүр ұлт арын.

Тәрбие қыз бен ұлдардан,
Үрпағың емес құр қалған.
Домалап жүрген доп қуып,
Айналмайсың ба Нұрланнан.

Алтайын сөздің төркінін,
Сенімге бөлер серт ұлын.
Барақта белгі қоюға
Таннайды тыным Еркінің.

Бабага көніл қошы бар,
Жақсылық жолда жосылар...
Барақты елге әйгілеп
Жүрген ұлдарың – осылар!

«Комби» алу хикаясы

Откен гасырдың сексенінші жылдарының аяғы, Кеңес өкіметінің шатқаяқтап, Компартияның «өлі жүнін қампайтып» тұрган кезі. «Ақша ауысады», «Зат қымбаттайтыды» деген өсек-аяң кеулеген соң, жинақ банкісіндегі бір мәшинелік қаражатым «өлі қалар» деп, көлік аруды үйгардым. Ол кезде өз ұжымыңда зәру затыңды алу үшін бастауыш қасіподак үйымына кезекке тұрып қоясың. «Құдай ұрганда» сол кезек есімде болмапты, «мәшине мінемін» деген ой да мазаламапты. Енді сол қасіподакça барсам, он шақты адам кезекте тұр екен. Қебі кеше гана жогары оқу орнын бітіріп келген, әлі отбасы, ошаққасы жоқ жалаңаяқ жастар. «Ау, мен осында отыз жылдай еңбек етемін», деп бұлданамын гой, «қазір ешқандай жеңілдік жоқ» (сондай заң шыққан), - деп қасіподагым қайқаңдайды. «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінің редакторы Жұмаділ Әділбаев ініме шагымбанбаймын ба?! «Секе, Заң солай, мен бір ақыл айтайын, ақынсың гой, Саринге өлеңмен өтініш жаз. Баягыда ақындар байларды мақтап өлең айттып, атшапан киген гой! Соны жалгастыр! - деді қалжың шыны аралас». «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп, мына өлеңді жазып, әкімнің почтасына салып жібердім.

Серік Габдуллин

Халық депутаттары Шығыс Қазақстан облыстық
Советі атқару комитетінің председателі
Амангали Сарыұлы Сарин
жолдасқа Облыстық «Коммунизм түры»
газеті партия түрмисы бөлімінің
меншерушісі **Серік Габдуллиннен**

ӨТІНІШ

Кеп сөздің несін айтып көпіремін,
Кеңіліме қаяу түссе кетілемін.
Әнеке, тірліктегі пәнделікпен
бар еді Өзіңізден өтінерім!

Ер жігіт танылады алыс қырдан,
Тұлпардай тізгінімен алыстырған.
Бұл күнде жұрт жақтаған азаматсыз,
Өз атын иті ісімен таныстырған.

Жақсының ақыл болар жинағаны,
Жаманың дүние болар қимағаны...
Басшыларға жақпайтын Амангали
Қарапайым халықтың сыйды Адамы!

Отыргам жоқ өтірік мақтайын деп,
Құрғақ сөзбен атымды ақтайын деп,
Естіген соң ел сөзін шабытымды
Қоя бердім шаужайдан қақпайын деп.

Көрмесем де келгелі түсінізді,
Көріп келем иғілікті ісінізді.
Елдің сөзі: «Халықтың қамқоршысы,
түсінетін үлкен мен кішімізді».

Енді өтейін өзімді таныстырып,
Журналиспін жүрген сөз жарыстырып.
Ақынмын, екі-үш кітап авторымын,
Шабытынан шұбатқан шаң ұштырып.

Айта алмаймын жүрмін деп бағаланбай,
Қорғаным да жоқ барып паналадай.
Хрущевтың үйінде жиырма екі жыл
түрып келем, қонысым жаңаланбай.

Еңбегіміз сінді ме, сіңбеді ме?!
Көтеріліп кеткем жоқ Күн көгіне.
Қарапайым халықтың қатарында
Сүйенемін тірліктің діңгегіне.

Киындықта қайысып жасымадым,
Куанышта күпініп тасымадым.
Аталы сөз ұғатын адам болса,
Бұлттан шыққан Күндейін ашыламын.

Өзіңізге хат жаздым ашылғаннан,
Шұғыла нұр тарайды асылдардан.
Жағымпаздық деп мұны ұқпағайсыз,
Ақындықтың шабыты тасынғаннан.

Ешкімге де ақындар бас ұрмайды,
Жарқылдаған жанарын жасырмайды.
Өзіңіздей баталы ел ағасына
неге менің жүрегім ашылмайды?!

Серік Ғабдуллаев

Нан сұрамай ешкімнен өтіп едім,
Тірлігіме жоқ менің өкінерім.
Пенделік қой,
Әнеке, бір машина
мінгізуді ақынға өтінемін!?

«Түсінетін жағдайды жігіт», - деген,
Халық сөзін құлаққа іліп келем.
Аманғали Сарыұлы бағаласа,
Бір машина мінем деп үміттенем!..

Шабысына шабыттың ерік берем,
Адам жанын жақсы сөз көріктеген.
Әмірінде өтініш алғаш рет
Жазған – ақын Ғабдуллин Серік деген.

* * *

Хаттан жауап болмады. Мен де үмітімді өшіріп қойғамын... Бірде облыстық кеңестің кезекті жиналысы болып жатқан, үзілісте бір топ қызметкерлер аңгімелесіп тұрганбыз. Қасымызга тапысадап Сарин келе қалды. (Бойы аласалау бол-ғаннан ба, биік өкіше аяқ киім киетін, онысы тап-түп етіп, анадайдан айгайлап тұратын.) Аман жоқ, түген жоқ: «Маган өлеңмен хат жазған сіzbісіз?» - деді. «Иә, менмін», - дедім. «Беремін, беремін!» - деп арқамнан қагып өте шықты. Бірер аудан басшылары түр еді. «Секе, не нарсе?» - деп таңырқап қалды. Жұмбақтың сырын тағы да Жұмаділ тарқатып, тусіндіріп берді. Мәшинеге мінгендей мен өркештепті, жігіттер қайырлы болсын

айтып «жу» дегендей сыңай танытты. Одан кейінде біраз айлар өтті. Хабарды үйге де жеткіземін гой. Эйелім «әлгі мәшинең қайдада?» - деп қояды, дауысында жұза бар. Соган на мыстынып, Саринге екінші хатты жолдайын. (Ол мына өлең).

Ассалаумағалейкум, Ағайыным,
Ашынғанда шықпасын қалай үнім?!
Абыройдың ел берген арқасында,
Алып ем көніл қошын талайының.

Сертінің мерт болады жолында адам,
Ары үшін ештеңеден қорынбаған.
Мәрт жігіт мәртебесін төмендетпей,
Табанда айтқан сөзін орындаған.

Кетейін деген бе сөз қадірі де,
Үрпаққа берер онда тағылым не?
«Үәде-құдай сөзі» дейтін қазақ,
Балаушы еді бір сөзін Тәңріне!

Сөз қадірін сыйлаған қазақ едім,
Сөйлемесем сөз келсе азалы едім.
Уәденің жолында қаза болса,
Сөзбен емдеп қайтадан жазар едім.

Тұсінемін,
Сізді де тұсінемін,
Өмірі таққамын жоқ кісіге мін!
Өз қолы өз аузына жетпейтүғын,
келмейді шарасыздау-кіші дегім.

Serik Gabdullin

Сөзбенен тасты қашап қияладым,
Көңіліме қаяу салып сый Адамым.
Жыныш жынысқылау сұрақ қойған.
Үйдегі женғенізден үяламын.

Өзім көрген басқаға баламагам,
Сондықтан асыл сөзді саралагам.
Танушы едім адамды түрпатынан,
Сізді содан ірі деп бағалағам.

Қайтқамын жоқ ол ойдан әлі күнге,
Жығылған жоқ көңілдің жалы мұлде.
Сұраганым құс сүті емес еді,
Оранатын ақынның жаны гүлге?!

Уәде де мойында қарыз дейді,
Оны орындау бірінші парыз дейді.
Кешірерсіз, болса егер агаттығым,
Асыл адам даңқ емес, ар іздейді!

Сау болыңыз!
Салқындал қарамаңыз?!

(Сіздей жанның артында қалар аңыз)
Бұл хатынды шағым деп санамаңыз!

Салеммен: Серік Габдуллин
1990 жылқы жылы, тамыздың 24 жаңасы.
Өскемен қаласы.

Бір күні іс сапардан келсем, Жұмаділ: «Секе, сені Татаев ит қосып ізден жатыр. Сарин де Қожанәсір, сенің ағаң да Қожанасір! Біреуі «мәшине бер» дейді, біреуі «беремін» дейді, не құжат жоқ; Сарин Секеңнің жазған өлеңін оқиды да, папкасына қайта салып алып, «бер!» дейді. Мен қай статиямен беремін? – деп шағынса керек. Марат Татаев Сариннің бірінші орынбасары.

Маратқа хабарласып, қабылдауына бардым. Қандай құжаттар дайындау керектігін, кәсіподак үйымының шешімін екелуімді айтты.

-Жарайды, онда «мәшинеңізге рахмет!» Саринге салем айтиңыз!» - деп тұрып бара жатыр едім,

-Тұра тұрыңыз?- деді Марат, - кәсіподак үйымы шешімінің қанша қыындығы бар?

Мен олардың шешім шыгармайтынын, он адам менің алдымы тұрганын айттым.

-Онда осындаи бір құжат беретін басқа үйым бар ма? – деді Марат.

-Журналисттер үйымының шешімі жарай ма?- дедім.

-Жарайды!- деді.

Құжат жасатып, нәтижесін күттім, тағы біраз уақыт өтті. Маратқа мына бір шумақтарды жазып жібердім.

Сөрік Габдуллаев

* * *

Айналайын, Маратым,
Бастық деген бар атың,
Машина тосып өзіңнен
таусылды ғой тағатым.

Айналайын, Маратым,
Жерім жоқ басқа баратын.
Келер ме екен тезірек,
Машина мінер сағатым.

Айналайын, Маратым,
Сансырап түр санатым.
Інілердің қабагын
болдық бүгін бағатын.

Айналайын, Маратым,
Машинам қайда алатын?
Інілікпенен кешіргін,
Сөзімнің болса ағатын!

Көнілдің жаздым ортасын,
Айырып өлең тортасын.
Біздің де қызмет сінді ғой,
Неменеден қорқасын?!

Күрметімен алғады Ел,
Мен де бүгін ардагер!
Статьям сай кеп түр,
Машинамды ал да бер!

Жыртылмасын жағамыз,
 Кімге кінә тағамыз.
 Марат інім сау болса,
 Машина да аламыз! –
 дег сәлемін жолдаған
 Ақын - Серік ағаңыз!

Койши, сонымен біраз уақыт өтті. Мен Халықаралық «Қазақ тілі» қогамы Шығыс Қазақстан облыстық үйымының төрагалығына ауыстым. 1990 жылдың желтоқсан айының аяғы-ау деймін. Үйым жұмысын жүргізуге қаражат сұрап, Амангелді Саринге бардым. Өтінішімді қанагаттандырып, қол алысып қоштасарда: «Ага, машина қалай, ұнады ма?»- деді. «Қайдагы машина?»- дедім... «Біз осыдан екі ай бұрын Сізге өтінішіңіз бойынша машина бөлгеміз». «Машина аламын жоқ»,- дейін. «Онда машина қайда?» «Мен қайдан білейін» ...

Ауыз үйдегі хатшы қызға пәленбайды шақыруды тапсырды. Қазір есімде жоқ, бір орыс жігіті жетіп келді. «Мына кісіге бөлінген машина қайда?»- дег ақырды. «Коймада тұр, хабарласқанда бұл кісі іссапарда жүрді»- деді анау.

«Сонда үш айдан бері іссапарда жүр меге?! Айда, бер машинасын!»- деді.

Басында «Жигули» сұрап едім, әйтеуір «Комби» деген жеңіл машина мініп қалдым. Ешбіріне өкпем жоқ, әништейін жогарыдагы шумақтардың жазылу тарихын баяндаганым гой. Жігіттерге рахмет!

Серік Габдуллаев

* * *

*Мына арнау Марат Татаев ініме тағы бір
разы болған кезімде туса керек?!*

Ассалаумағалейкум, ардақты інім,
Ішпінде салауатты салмақтының!
Әзіңдей өрелілер аман жүрсе,
Агалар аландамай алмақ тыным.

Ағаның тынысы ғой іні деген,
Көркейер Марат Серік ұніменен.
Қайткенде «Қазақ тілін» көтерем деп,
Үйқысыз дөңбекшімін тұніменен.

Құғаным өзім қамым емес еді,
(Қазақ қашан басқамен теңеседі)
Қазақтың тілін, дінін дамытуға
Келгенде барлық орыс егеседі.

Қазақтың басшылары тайқалады,
Қорқақтық көнілінде байқалады.
Әйтеір бірен-сарап жалаңтестер
Қазақтың мұнын тұра айта алады.
«Турашыл туысқа да жақпайды» ғой
Ондайдың тауын шағып қайтарады.

Қызмет-қолдың кірі, кетеді ғой,
Кіріптар өмір мұлгіп өтеді ғой
«Қазақтың жауы – қазақ» дегендейін,
Жақсыны жаман жүндей етеді ғой.

Өзінді жақсыларға санағамын,
Басыңды саф алтынға бағаладым.
Інілер қолтығымнан демегенде
Тұлпардай топқа түсер тағаландым.

Сен сондай демеушісін, Марат інім,
Әлсіресем күш-қуат алатыным.
Сөзіңе емес, ісіңе разымын,
Қанатың Гүйндағы қырандайын
Азамат қара тұнді жаратұғын.
Жағыңды деп ойлама, мақтағаным,
Өзіңдей Мараттардан шат табамын.
Қазақтың шаңырағын көтеремін,
Тозғанша қара тұяқ, ақ табаным,
Сөзімді шаригаттай жаттағаның,
Қазақтың келешегін жақтағаның,-
деп дән ризашылығымды білдіріппін.

* * *

Асылдар жөнеледі ерте неге?

Тоқсанынышы жылдар басында туган өлкесіне келіп, ата-бабага бас ііп, біраз әңгіме құрып, осында өз өнерін үйрету мектебін ашуды жоспарлап, Аман-гелді Қажыбаев екеуміз қостап, мәмлесекен едік... Айтқан сөздің арман боп қаларын кім білген.

Мұстафа Өзтүрікке

Келмейді қоштасқым да жылап тұрып,
Жанарадан жас саулайды құлап тұнық.
Аттаныш алыс сапар кете бардың,
Қазақы жүргегінен нұр аттырып.

Қоштасам, қимасам да жылап тұрып,
Жағамын мұңды жырды шырақ қылып.
Үстіне жұмыр жердің сыймадың-ау,
Табылмай табан тірер тұрақтылық.

Танытыш дүниеге қазақ атын,
Нар жүтін арқаладың, азаматым.
Жүректің қаныменен жыр жазады,
Басында қабіріңнің азалы ақын.

«Жатпаса жақсыларым «өр төбеде»,
 Ширығып шіркін көңіл шер төге ме!?
 Халқыма қалың қайғы арқалатып,
 Асылдар жөнеледі ерте неге?»

Көктейді рухыңың шыбықтары,
 (күнә ғой аруақты ұмытқаны!)
 Шапағың шәкірттердің санасында
 Мұстафа бол атады үміт таңы.

Алыптың жүргегінде оты қалың,
 Өртеніп жағыныңа отырамын.
 Орана алмай кеттің ғой, Мұстафажан,
 Торқалы тұған жердің топырағын.

Еңсесін езіп елің еңіреді,
 Көңілін қара қайғы кеміреді.
 Қойнына қимасам да қара жердің,
 «Қош!!!» деймін алыш тұған Ерім енді...



Агадан алғыс

Амангелді Қажыбаевқа

Тоқсаныншы жылдары биліктің бел ортасында жүрген Амангелді інім (Қажыбаев) «Қазақ тілі» үйымына көп көмектесіп, өзі де саяси шайқастарға жиі араласты, түйінді талай шешті. Шешендермен, казактармен қақтығыста алдыңғы қатардан Амангелді көрінді, жалтақтамай, жан сақтамай, сөзден гөрі істің адамы екенін танытты. Сол үшін іштей жақсы көріп, қатты сыйлайтынмын. Бірақ онымды білдіріп, сездіріп көргенім жок...

Сол ризашылықтың ықыласы ретінде осы бір шумақтар өздігінен ойга оралып, шабыт болып шұбырды.

Жүргінді от-жалын жалағанда,
Көнілінді қайғы-муң қамаганда,
Тірлігінді кек иттер талағанда
Керек екен қолтықтан сүйейтүғын,
Тірек болар Құдайға қараган да...

Орта жолда жүк ауып тұрғанында,
Айналаңа темір тор құрғанында,
Қайығында айдынға бұрғанында,
Естілікпен ескегін ұсынатын
ризасың ер жүрек Ұл барына!..

Салашы

Жарығына сүйретін қаранғы Елді,
Табаныңа тіреу ғып тамам белді,
Шалдықтырып жүргенде шамамды енді,
Тәуекелдің мінгізер қайығына
Жолығыпты бағыма Амангелді...

Заманымның тілін көп таба алмаймын,
Қайрауы жоқ қылыпты шаба алмаймын,
Батты, қазақ, дәл бүгін маган қайғың!..
Тексіздермен тіресіп тұрған кезде
Келді үрпағы көмекке Қабанбайдын.

Жанға батса жүректің назы қайғы,
Намысымның айғыры азынайды...
Ақын сөзі әкімге аз ұнайды,
Амангелді сыйқты ұл тапқызған
алғадым көп ағамыз – Қажыбайды!

«Қазақ тілім» батқанда қабыргама
Қан жүгірмей қалғанда тамырға да,
Сүйемелдеп тұрғанда Тәңір ғана,
Бурадайын бүркүрап Амангелді
ұлты үшін жан салды дабыл қаға!

Сөзік Табиғиаты

Қатуланған қабағы бұлт іледі,
Реңінен жоғалып күлкі лебі...
(құйрық қысты замана тұлқілері)
Жай отындај жарқылдап Амангелді
Найзагай боп шатырлап күркіреді.

Атаманы жоғалып...
ұлдары өлді,
Намыстының жүргегін мұңға көмді,
тұмырлықтан ұстамақ тұлғалы Елді...
Көкірегін кеміріп жатты атжалман,
Әнекендей Ел үшін туған ерді...

Ақ алғысын алғайды Ақын бүгін,
(бұлдамайтын ешқашан әкімдігін)
Амангелді сыйқты батылды кім
сыйламайды,
Көтерген «Қазақ тілін»
аман болшы, Әнекем, ақылды інім!!!

Шығыс Қазақстан облысының әкімі
Қажымурат Нагымановқа сол баяғы «Қазақ тілі»
ұйымының қамымен хат жазуыма тура келді. Эйтепеір
ел билеген азамат қогам жайына селқос қарамас деп осы
шумақтарды жазып жібердім.

* * *

Ассалаумагалейкум!
Ел ағасы – Қажы інім,
Естіліп жатыр жаз үнің.
Тырнақтал теріп халықтың
аузына тостың азығын.
Отаным – деген алыптың,
Жүрекке тұскен сазы мұң.
Жағадан келіп алған көп,
Болмаса да жазығың.
Атыңды атап хат жазған,
Ағаңның тыңда наз үнін?!

Ұланнан мынау үшқанмын,
Жазушы болып үшталдым.
Журналист болған жылдарда
Ұзардым, тағы қысқардым...
Заманның берік тізгінін
Сендерге келді ұстар күн.
Көрейін деп өзінді,
Тыңдайын деп сөзінді,
Сәлемімді беруге
босағана үш бардым.

Сөзілі аны

Қол-аяқ бүтін, бас та аман,
Адам жоқ мені жасқаган.
Бала мен шаға баурымда,
Төбемде бүтін баспанам.
Өзіндей әкім есігін
Мезгілсіз кездे ашпагам.
Хабардар едім күйінен,
Ерлігіңе мен сүйінгем,
Ермақты жұлып тастаған.

Тіршілік деген немене?!

Қара да, хан да, төре де
Жақсылық елге жасамай,
Абырой тегін келе ме?!

Телегей теңіз тұңған ой,
Толқытпай қойсаң өре ме!?

«Қажымұрат» - қасиетті ат,
Тегіннен тегін берे ме!?

Батырды ерлік жасаған,
Көтерсем деп ем төбеме!

Білемін жұмыс салмағын,
Жақсылық жасау арманың.
Үміт пен күдік аралас,
Келеді сүйреп алға күн.
Күйдірер қиял қанатын,
Алаулы от қой жан-жағын.
Уақыт деген үттүрмай,
Көрсетіп түр ғой шаңдағын.

Тұн үйқынды төрт бөлген,
 Зейнеткер кемпір-шалдарың...
 Десек те,
 Жазушы менен ақынды
 бір рет жинап алмадың.
 Көзіңнің қырын салмадың.

Міндетің емес, шырағым,
 Міндетсіп қалай тұрамын?!
 Бір тайпа елді жетектеп
 Жүргеніңді мен ұғамын.
 Азапты мынау заманда
 Таусылмай өтсін шыдамың.
 Қайнардан шыққан атқылап,
 Құлыншақ тұма-бұлагым.
 Жабырқап жаңың жасыса,
 Ақынның тыңда жыр-энін!
 Кеуденде сениң мол дейді,
 Өнерге деген құмарың?!
 «Әрі әнші, әрі ақын» деп,
 Естіді менің құлағым,
 Ықыласыммен құладым.

Алпысқа тартқан жасым бар,
 Ақынмын деген басым бар.
 Тартысты тірлік белгісі
 Ақ шулан болған шашым бар.
 Жаманнан журдім жырақтап,
 Арманым болып асылдар.

Sərii Təbəucciyyəti

Ərime türfan domalap,
 Bağıtqa balar tasym bar.
 Erine, pende bolfan soñ,
 Dosym bar jene қasym bar.
 Kyrkirep kündey kelemiñ,
 Keudemde oynap jasynadar!

Basyna saulysq tileyin,
 Kydyryq bolyp jureyin.
 Jaçsalyq atpen semirip,
 Jamandyq körseñ jüdeyin.
 Bölenseñ sый men қurmektke,
 Jыр jazyp men de үdeyin.
 Atagyq shıqsa aspandap,
 Akiyq bolyp tuleyin.
 Kyzmet қyl adal xalqyna,
 Sыйisine safan sulayin.
 Jandardan sendey қuat ap,
 Køktemgø kündey kuleyin!

Jaǵympazdyq dep sanama,
 Jaryqshaq tüsər sanaga.
 Imeidı basyn akyndar,
 Shabytymnan-aq şamala!
 Jürekten shıqsan jyrlarym,
 Jaiylfan қala, daлага.
 Kanatyn keñge sermeytin,
 Shabytym shanqsan shaǵala.
 Keudendegı ottys үrleyin,

Жел тимей жалын жана ма!?
 Танысу үшін хат жаздым,
 Қоймағын кінә агаң!..
 Көнілінді бірдей бөл,
 Балаға және данаға.

Ақша дәметкенім жоқ, атақ сұраганым жоқ.
 «Қазақ тілі» қогамының жай-жапсарын айттайын деп
 едім, бірақ өлеңім қисықтау болып, көңіліне жақпады-ау
 деймін, артынан шақырган да жоқ, жолықтан да жоқ,
 мен де ары қарай қаузамадым...

* * *

Багдат Шаяхметовке

Мұхаңның ұлагатты ұлы – Багдат Шаяхметов
 сыр тартып, шер тарқатып көрген інім емес, десем де
 жүргегі жылы, сезімі сергек көрінеді. Иштей «болсаң,
 Багдаттай бол!» дегім келеді. Мұқаңның естелік
 кітабының тұсау кесерінде тіпті тұлғаланып тұрды.
 Содан үйге келгенде өзінен өзі осы бір шумақтар ойга
 орала берді, жазып тастадым. Өзіне оқытып, не
 айттып көргем жоқ. Күлдіреген кундердің бір сәттік
 белгісі гой, тарих болып қалсын.

Бағдаттың бөлек бітімі,
 Өркениетті ұлы Өтейдің.
 Ақталған үміт үкілі,
 Арманы болған көкейдің.

Ұнайды тұлға, тұр-түсі,
 Суындаі мөлдір Құршімнің.

Сөріс Габдуллаевы

Көргем жоқ, қандай құлқісі?
Жанына жайсаң нұр сіндің.

Емессің, Бағдат, құрдасым,
Сырласып-тағы көрмегем.
Халқыңа сыйлы бір басың,
Қарапайым боп түрғасын.

Қазақтың азаматысың,
Ұлағат үққан ұлтынан.
Ақтайтын ата ақысын,
Барақтай батыр ұрқынан.

«Мақтады неге?» - деме сен,
Ризамын қылған ісіңе.
Үзілген емес өмешем,
Жақтырмайтын бір кісіге.

Тұяғы рой деп жақсының,
Есімде ескі елес түр.
Ұнайсың маған, тап шыным,
Жағымпаздығым емес бұл.

Аласым да жоқ, бересім,
Басқаға сайып жорыма.
Ар сақтап ғана келесің,
Гүл бітсін, інім, жолыңа!

Көп болса сендей азамат,
Салмайды қазақ жанға мұң.
Болсын деп көнілің жаз-алаң,
Өзіңе өлең арнадым!

* * *

Талгатбек Абайдилдинге

Абайдилдин әкімшіліктегі істегенде «Қазақ тілі» үйіміна көп көмектесті, «Ақ Ертіс» журналын ашуға тікелей араласты. «Жақсының жақсылығын айт», жаманышылығын көргенім жоқ. Мына шумақтар Талгатбек әкімдік таққа отырганда тілек ретінде шын ниеттен туып еді.

Құтты болсын тұғырнама, Талғатбек!
Бір биікке қонақтадың самғап кеп!
«Судың-дағы сұрауы бар», қарағым,
Иығыңа түсер енді салмақ көп.

Сенім-деген шын жүректің қалауы,
Тәуекелдің мұзға жаққан алауы.
Қос тізгінді қолыңа әкеп ұстартты,
Желбіресін қазақ, орыс жалауы!

Иелігің – бұрынғы бір патшалық,
Жерінде – жыр,
Көгінде – нұр, ақша бұлт.
Қарауында қара-құрым халқың бар,
Гүлденетін, түрленетін бақса құт.

«Сенген қойым» Сен емесін білемін,
Тілеуінді іштей тілеп жүр едім.
«Әкім болды аймақта!» деп естідім,
Шын ниетпен қуанды жан-жүрегім.

Сөрік Габдуллаев

Күдігім жоқ,
Үмітім көп артатын,
Тәуекелшіл тауға қарай тартатын...
«Әкім болған жақын болған халқына»
Азаматтың абыройы артатын.

Мақтаганға... даттағанға қарама,
Халық қамын берік ұста санада!
«Етігіңмен су кешетін» кез келсе,
Жолдас жина,
Тастамайтын даラға.

«Жамандардың» жоламасын қарғысы,
(Тірліктің бар, жоқ-жітігі, жарлысы)
Алтай менен Алатауга шығарсын,
Ақ жүректер айтқан асыл алғысы!

Айналайын, жақсы інім – Талғатым!
(Күш-қуатты бірден сарқып алма тым)
Заманыңың бәйге-жарыс жолында
Дараланыш келе берсін алда атың!!!

Аңқылдаған ақ тілегі Ағаның,
Тұсінетін құнын қымбат бағаның.
Бас айналар бір биікке өрледің,
Жыртылмауын қалаймын мен жағаңың!

Қабақтар бар жадыраған, түйілген,
Көңілдер бар сүйінген де, күйінген?!
Оның бәрі езіде де белгілі,
Тау тұргызар қоқыр-соқыр түйірден?!

Саламыт

Бәрін ұмыт, бас қамшыны атыңа,
(Жақсылыққа жібір көңіл таты да)
Алаулаған, жалаулаған заманда
дақ түспесін ата-баба затына.

Көтерілсін көңіліңнің көрігі,
Өр Алтайдың ақыықтай өр ұлы!
Ісіңе сәт,
басыңа бақ тілейді,
Ақын-ағаң – Ғабдулланың Сепірі.

Қанаттыны жақтырмайды қанатсыз,
Талаптыны табалайды талапсыз.
Әр сағатың ұлы істерді атқарсын,
Күн оздырма,
Уақыт деген тағатсыз!

Елге еткен қызметінді бақ сана,
Қыр арқаңа ер-тоқымың батса да!
Біз білеміз қыншылық жылдары
Сүйеу болған Ел басшысы - Патшаға!

Сол ерліктер күні бүгін жалғасып,
Келе жатыр армандарың алға асып.
Еңіреген Елі үшін ерлердің
Сапары сәт,
Жолы даңғыл,
Алды ашық.

Адал жангы атақ-даңқ тиесі,
Жағылмайды күйкіліктің күйесі.
Қолтығынан қолдап жүрсін Құдайдай,
Алтай менен Сарыарқаның киесі.

* * *

Айтмұқамет Құрманғалиевке

Бүрын-соңды жұмыс бабымен билік басында,
қазан қасында жүрген інілермен де қарым-қатынаста
болуга тұра келді. Сол кезде қолдан келген көмектерін
көрсөтіп, көңілге медеу, жанга жылылық сыйлаган
інілерге де бірер шумақпен көңіл ризашылығын білдіре
кеткенді жөн көрдім.

Жымып қана қоятын,
Ішпей-жемей тойтын,
Айтмұқаштай іні бар,
Жоқтығынды жоятын.
Бүйрегі бізге бұратын,
Биікке қойған мұратын,
Ішіндең сырынды
Айтқызбай біліп тұратын,
Осындай жаннан айналар,
Серік сынды бір ақын...
Мал болады малтасы,
Біздей жанды алқашы!
«Қазақ тілі» тайрандал,
араңда жүрсе сайрандал,
Айтмұқаштар арқасы.
Тесілмесін айтеуір,
Құрманғалиев қалтасы,- деп «Қазақ тілі» үйыми
атынан айтқан раҳметім еді. Алла жарылқасын.
Екінші арнау жарты гасырлық гұмырына алгау сөз.

Құтты болсын Елуің,
Өрнектеп өмір өруің!
Тілейді дос пен тұысың,
Жұз жасқа еркін келуің!

Құтты болсын мейрамың,
Көбейе берсін тойларың!
Басыңдан бағың таймасың,
Қасыңдан кетпей мейманың.

Бақытқа толы босаған,
Көп болсын сыйлас дос адам.
Бау-бақшаң аман-сау болыш,
Қосағың менен қоса ағар!

Намыс пен ардың құлы бол,
Бағытың болсын ұлы жол!
Қазақтың түн көтерер,
Еліңнің арда ұлы бол!

Айтекем – асыл азамат,
Жүргі жайсаң – жаз алап.
Көңілі көктем гүлдері,
Пейілі-пейіш таза бақ.

Өмірде бақ бар, мұң да бар,
Көтерер оны тұлғалар.
Денсаулық болсын, болмаса ол,
Басқа дүние тұл қалар.

Сөрік Ғабдулаұны

Жаныңнан жүрсін от өріп,
Еңбегің жансын - өтеліп,
Басыңнан бағың кетпесін,
Бәле-жала жетпесін,
Дүшпанның тілі өтпесін,
Өмірің-көктем көктесін. (Әумін!)

* * *

Мұддәріс Менкеновке

Мұддәріс,
Неше жастасың?!
Әңгіме емес ол жағы...
Өмірге есік ашқасын,
Тірлікке салып олжаны.
Жасарсын қолдан басқасын,
Денсаулық болса болғаны.

Мұддәріс,
Жасың нешеде?!
Қояйық оны санамай.
Гұмырды жылда еселе,
Данқа жеткен данадай.
Тірлікті тегі кеше ме,
Мақсатқа Адам жасамай.

Мұддәріс,
 Сыйлы бір інім,
 Бүйрекі маған бұратын
 Жасасаң ісін ірінің,
 Жақындар жуық мұратың.
 Атаның адап ұлының
 арманы биік тұратын.

Мұддәріс,
 алғыс ағаңдан,
 Қосайын тілек тілекке.
 Асып тұс алған бағаңдан,
 Сөнбесін жалын жүректе.
 Арайлап атсын таң алдан,
 Жаныңды жоққа жүдетте.

Қаңқылдаң күндер тізбегі,
 Жылжыған жылдар өтеді.
 Өмірдің өшіп іздері,
 Өзендей ағып кетеді.
 Боз қырау буып күз демі,
 Салқынның сызы жетеді.

Әлсіреп сонда қажыма,
 Баз кешіп мынау жалғаннан.
 Алдамшы өмір жазына
 Баладай бәрі алданған.
 Шын күлген сәтің қазына,
 Қол үзбе тәтті арманнан.

Сөрік Фабдулаевы

Күпірлік ету жарамас,
Құдайдың берген жасына.
Солмасын жаның жалаңаш,
Тұспесін қайғы басыңа.
Жалғанмен жындай жағалас,
Қайратты дос қып қасыңа.

Тілегім - теңіз, жақсы інім,
Басыңда болсын бар бақыт!
Жалғанда жүрген бақсымын,
Құлындай күндер зарлатып.
Келінмен өтсін, тап шыным,
ақ түндер алғы бал батып.
Тұспесін саған мұң - қайғы,
Күндейін құлсін көңілің!
Жақсы сөз жанды нұрлайды,
Өркенді болсын өмірің!
Бір жерде тірлік тұрмайды,
Жайнасын жүрек төрі күн!
Ғұмырды жылдар үрлайды,
Кеуденің басып көрігін.
Құттықтап Сені жырлайды,
Сыйлаған ағаң – Серігің!

18.08.01.

* * *

Мұхамадиев Қалкенге

Айналайын, Қалкенім, қалақтайын,
Өміріңді бес жылға парақтайын.
Өскеменнің көшесін көріктеген
Сені жоқтап тұргандаі тал, ақ қайың.

Сені жоқтап тұргандаі жүрегім де,
Кім арманға жетті екен бұл өмірде?!
Өшпейтүгын артыңа ізің қалды,
Аппақ қиял, ақ жарма тілегінде.

Ұзын, қысқа болады гұмыр деген,
Өлшенеді салмағы тұғырменен
Беделіңмен биіктеп баrasың Сен,
Шұғылаға бұрылып шұғыл кемен.

Ага, апаң артыңда иілгесін,
Оларға жұрт қалайша сүйінбесін!?
«Қалкен теледидары» күнде кешке,
бес жыл болды, көрермен үйіндесін.

Тірлігінде емес ең сый өтінген,
Өзің жоқта есімің би етілген.
Тұстықты Тәнірдей құрметтеген,
Айналайын, Қазкенім, ниетіңен!

Софік Табуннагы

Жүрегінің жып-жылы төрі құлген,
Айнымаған иран-бақ өрігінен,
Алыш қалған ата-ана қасиетін,
Жұмазиям, айналдым көңіліңнен.

Аған, апаң атынды аялаған,
Жүректердің мейірін аямаған.
«Қалкен теледидары» болып бес жыл,
Жұрт жүргегін есімің саялаған.

Айналайын, Қалкенім, ерте кеткен,
Ағайын, дос жүргегін өртеп өткен.
«Қалкен теледидары» жасар мәңгі,
Жұмазиям, Қазкенім еркелеткен!..

**«Қалкен» теле каналы әлі де арнасында ағып
келеді. Абыройын асқақтатқан Жұмазия
қарындасыма мың алғыс!**

18.10.01



Дүние жүзінің бес дүркін чемпионы
Асқар Можановқа

Айналайын, атыңнан, қыран балам!
Дүбір шықса тұлпардай тұра алмаған.
Шаршы алаңың сырмақтай шаңын қағып,
Ұлы түрік бабаңдай ұрандаған.

Айналайын, Асқарым, қыран балам,
Жауа берсін ақ алғыс нұр Алладан.
Абыроның қазақтың аспандаттың,
Куанды ел-жүрт, Отаның, ұлан даңаң.

Үшқындаиды көзіңнің оты-дағы,
Жанашырың сүйсініп отырады.
Сен жеңіске жеткенде Елің түгіл,
Туган жердің тұлейді топырағы.

Шаршы алаңға көк туды көтересің,
Шаттанғанда жүректен от өресің.
Қол бастаған қазақтың батырындай,
Намыстансаң наиза боп кетер өшін.

Домбырадай үкілі күлтеленген,
Мылтығындаі қазақтың білтеленген,
Ойнақ қағып алаңға Сен шыққанда,
Қарсыласың қаймығып үрке берген.

Sерік Габдуллин

Бойындағы қазақтың намысындей!
Алты алашқа белгілі арысымдай.
Үйіріліп үршықтай үрганында
Қарсыластан не қалды жағы сынбай?!

Сен сияқты қазақтың нар-қамысы
жоталанса,
артар жұрт таңданысы.
От бүркетін, шоқ шайнап сын сағатта,
Асқарларым – Елімнің ар-намысы!

Сендерменен гүлденіп тұрар бағым,
Алқа таққан алтыннан, ұландарым!
Асқаралы Алтайдай Асқарыма
Пайғамбардың жасында жыр арнадым.

Көлеңкеге шын талант тығылмайды,
Шенгелінде шендесін сығымдайды.
Айға шауып Асқарлар тұрган кезде,
Көк байрагы қазақтың жығылмайды.

Сүйсінгеннен сезімге ерік берем,
Көңілімнен төгілді көрікті өлең.
Айналайын, Асқарым, бір өзіңе
Жыр арнаған Габдуллин Серік деген.

13. 12. 2000

Марқакөл монологі

Бұл сонау өткен гасырдың жетпісінші жылдары Алматыдан бір-екі ақын келіп, обкомның тапсырымасымен Күршім, Зайсан, Марқакөл аймагын арададық. Барлық жерде кездесу өткізіп, мал сойып, жақсы қарсы алды. Тек Марқакөлге барғанда жомарттықтан жүрдай болып, күтім күйзеліп қалды... Сонда осы бір шумақтарды жазып, Құмаши Нұргалиевке беріп кеттім. Ол өлеңді елге жайып жіберіп, Құмаши пен аупартком арасы ажырап кеткен жайы бар еді. Бұл да өмірдің үзігі, көңілдің сынығы гой деп ұсынып отырмын.

Қасыма ақын ертіп Марқа бердім,
Ол – дағы өз елім деп арқаландым.
Жей алмай жағыз жілік жыр сапарда,
Көңілім қу ағаштай жаңқаландым.

Демьяненко кетті Ертіс сағасына,
Ақанов аттанды алыс Қабасына.
Байгазы деген «оршар» директоры,
Портребпен зытты көлдің жағасына.

Қасыма қосып бердің Базарынды,
Ойладым түскен-ау деп назарынды.
Марқакөл, саған мұлде бармас едім,
Егерде білсем бүйтіп азарымды.

Қалды гой қайран көңіл жаман болып,
Жүректе жабыгрқады алаң қонып.
Райком тапсырса да қашып кетті,
«Боранның» парторғі – Аманжолов.

Серік Ғабдуллағы

Қалмасын көңіл енді қалай жүдеп?
Ойлап едім адамға санайды деп.
Директор мен бухгалтер болмасақ та,
Ойлады ма Қабекен сабайды деп.

Қайтейін Марқакөлде мал шелдісін,
Ойлап ем жігіттермен жан сергісін.
Базарың ет орнына тасып тұрды,
Қалжырдың етпей жатқан консервісін.

Көпеннің болды медеу көрінгені,
Жасырмай айтты ойын көңілдегі.
Қабаңың эйелі де үйде болмай,
Білінді қабырганың сөгілгені.

Өкпе жоқ елпілдеген Базарыма,
Марқа емес, Күршім жақтың қазағыда.
Ағайын, біразырақ назымды айттым,
Ала жүр тым болмаса назарыңа.

Жоламай кетті туған ел ағасы,
Жаныма қатты батты сол арасы.
Атынан жігіттердің кетер күні,
Секене сатып бердім қонақасы.

Көрікті Марқа жүрек жырлайтұғын,
Тамаша табигаты нұрлайтұғын.
Әттең-ай, басшылары боркеміктеу,
Уәде үдесінде тұрмайтұғын.

(Серікбай Оспанов деген ақынды «ел аралат»
деп обком жіберген)

Жеңіс Құлсейітовке

Санасы саңылаулы, арманы аңыраулы, ойы омыраулы, сөзі қоңыраулы, жүргегі елжіреген, көңілі мәлдіреген, «Елім» дегенниң біреуі, жығылғанның сүйеуі, тарыққанның тіреуі – Құлсейітов Жеңістің жогары гылыми атақ алғанына құт-тықтау.

Қазақтың қарабайыр тұлпарындаі,
Ұлықтың ұлағатты ұрпағындаі,
Жеңістер желбіретсе жеңіс туын,
Қазақтың Елі тұрмас нұр тағынбай.

Ғалымдар – шын асылдың сынықтары,
Сүзілген ой мен сана тұнықтары,
Ақылда айшықтанған асыл ойлар,
Ұлылық тұғырының «Ұлықпаны».
Төккен тер төлемімен өтеледі,
Үкідей ұлпілдеген үміт таңы.

Сүттің де бетке шығар қаймақтары,
Асыл мен жасықты өмір айғақтады.
Арманға адастырмай аппаратын
Азаматы бар қазақ Айға аттады.

Сөрік Табиғаты

Шақтап берген Құдайың сананы да,
Ойсыз адам батпайды нала-мұңға.
Жүрегі, жаны таза адамдардың
тулайды табигаты талабында.

Әркімнің өзіне шақ тұгыры бар,
Құдайдың өлшеп берген ғұмыры бар.
Жаралған жорғалауга жер бетінде
Үшуга қанаты жоқ, ұғыныңдар!

Әркімге арман деген күлсे бүйтіп,
Кетеді көніл бұлтын бір сейілтіп.
Тебенмен құдық қазып, су шығарған,
Қазақта сирек әлі Құлсейітов!

Женісті мақтамайды,
Женіспен мақтанады,
Адамзат арманы - әрі аттағаны.
Ғылымның құлы болып Женіс жүрсе,
Жемісін жеген Елі бақ табады.

Қынның батпағына батқанында,
Ауырды көтере алмай жатқанында,
Жігері жұлқынады женіс тілең,
Үмітін ұластырып ақ таңына.

Жемісі мәуелесе Женістердің,
Өмірдің ой-шүңқырын тегістермін.
Пенденің қарапайым ойы жетпес,
Тұгыры биік тұраг өрісті ердің.

Кететін атын мәңгі жарқын жазып,
Қазақтың саналысы – алтын қазық!
Тас тесіп, тау қопарған тірлігінде
Еңбегі артындағы халқына азық.

Өткізбес күйкі күнін пенделіктің,
Батпайды баянсыз боп сенделіп күн,
Жаралы жүрегіме жан бітіріп,
Женістер еңбегімен емделіппін!

Жұлдызы Женістердің жамырасын,
Арманы ағын судай аңырасын!
Тұғыры тағдырының тасқа айналып,
Бас иіп қасиетке табынасың.

Тезге сап түзетеді терістерді,
Әрлейді қаламай ақ еңістерді.
Бағала сен «алтынды қолда барда»,
Жел өтінде желбірер «Женістерді!»



Сөрік Габдуллашы

* * *

Талабың тауга өрлесін, Түсітханым!

Түсітхан Түсітбеков менің жақсы інілерімнің ортасынан ойып орын алады. Облыстың мәдениетін, әдебиетін дамытуға зор үлесін қосқан атпал азамат! Құрметім шексіз, алғысым үшан-теңіз!

Ассалауғалейкум, ағайыным!

Сөз берген соң шықпасын қалай үнім!?

Торқалы топырақта сауық құрып,

Еркін Ел татты дәмін бал-айының.

Әсері «Қазақстан» асып кетті,

Шаттығын көріп едім талайының.

Жігіттің жігіттігі еңбегінде,

Түсітхан тасың өрге өрледі де,

Халқынның қайыстырмай қабыргасын,

Сол үшін мандаі шындаған терледі де.

Қазаққа азаматтар дәл осындаі

Ризамын адалынан бергеніне!

Ойлама түр екен деп көтермелеп,

Азамат көрсем сендей кетем демеп.

Қазақтың шаңырагына уық болыш,

Осындаі ер-азамат өтер ме деп...

Пенделік құлы болып жүргендер бар,

Өмірге керексіз бол бекерге кеп...

Халқыңа қызметің ақталады,

Салашын

Артында қалған ізің сақталады.
Жігіттің ризамын жұртыйменен
өрлесе абыройы, бақ-талабы.
Түсеке, алаңдамай иғі іс тындыр,
Айырар ертең ұрпақ ақ-қараны.

Кешегі қалмақ-қазақ дүрбелені,
Жадында өшпей елдің жүрген еді.
Қабанбай бабамыздан қалған ұрын,
Ұрпаққа болды бүгін бір керегі...
Кеудені тіктей ұстап, бас көтеріп,
Қазақтың қайта туды іргелі Елі.

Даласын тұрағына қазық еткен,
Көшпенді түрмисының жазы-көктем.
Тебінгі терге шіріп, жортуылда
Атамыз алты малта азық еткен.
Жұлқысып жауыменен, тарихын
Тұлпардың тұяғымен жазып өткен.

Асылдың сынығындай, інілерім,
Қой бастар серкедейін-ірілерім.
Тарихты талып жатқан тік тұрғызсан,
Риза өлгендер мен тірілерің!
Талапты жігіттердің таудай ісін
Көргенде, аппақ таңдай түрілемін.

Сөзік Табұлашы

Естідім өздерінен өрелі үнді,
Ел үшін шыбын жанды береріңді.
Қайыспас қара нарадай – Тұсіпхандар,
Тартады сұратпай-ақ керегінді...
Керегі маған сенің – қазақтығың,
Қабыл ал ақ батадай өлеңімді.
Серіктің серке-жырын қуат етіп,
Халыққа арна барлық өнерінді!
Тірлікте өкпелеме өнімсізге,
Өлшейді ертең үрпақ көлемінді.
Елім деп еңіреген сендей жігіт,
Ақысыз адаптерін төге білді...

Бұл өлең ертеректе Қабанбай бабамыздың 300 жылдық тойында Тұсіпхан «Қазақстан» совхозының директоры болып тұрғанда жазылды, мен қатыстым. Одан бері де Тұсіпхан агага құрмет, ініге ізет көрсете жүріп, талай қызметте таланттын таныта білді.

Тоқтархан Құмаровқа

Өз өмірінде облыстың мәдениет саласында
қажырлы еңбек етті. Перштедей ақ-адал, Қожана-
сырдай аңғал жан еді... Басқа баға жоқ.

Тоқтарханым,
Тоқаным – інім менің,
Отыз жылдай ән-жырмен күлімдедің.
Көңілінде қалды екен қай ағаның,
Жақсылықты жасауға жүтіргенің?!
Ердің жасы елуге келіп қапсың,
Жарқын болсын кешеден бүгіндерің!

Саған деген көңілім көл-көсірдей,
Қалжыңдаймын досымдай, теңдесімдей.
Шын жүйріктің шырайы танымайды,
Тебінгісі, тоқымы терге сіңбей.
Кедергі көп қойнында тіршіліктің,
Еңбектетіп қоятын ерді өсірмей.

Сен өскенсің, жеткенсің, жетілгенсің,
Жалаңақ жүтірген нөпірденсің,
Сенбегендер кеуденді жарыш қарап,
Ақ көңілдің алаулы отын көрсін!
Көмек сұрап біреуден көргенің жоқ,
Біреу үшін бас иіп өтінгенсің.

Сөрік Габдуллаевы

Жақсымен де, жаманмен көріскесің,
Бәріменен барыңды бөліскесің.
Аузын ашса, көмейі көрінетін,
Қожанасыр атамдай періштесің!
Бұдан басқа Тоқтархан бола алмайсың,
Өзгеріссіз өмірің өрістесің!

Мәдениет маңында мамырладың,
Жайып салып жұртыңа жаңың әнің.
Бұлақ көрсөн, бұлтармай көзін ашып,
Таланттының қасынан табыларың.
Мәнсиямен мәңгілік қол ұстасып,
Шаттығында толқысын шаңырағың!

Бастан ылғи сипамас өмір сенің,
Жақсы адам сол – адал боп көрінсе кім.
Сенің жаңың жадырап сала берер,
Басқалардың бағында өрілсе күн.
Анқау, адал пейілін жайып қояр,
Дүшпанға да, досқа да, көңілшегім.

Қандай тілек айтсам да жарасады,
Ақ тілекпен арманың әрі асады.
Анқылдаса алдына жан салмайтын,
Тоқаңменен қандай жан таласады !?
Биік болсын мақсатың межелеген,
Қаламайды Сендей жан аласаны!

Орденнен де медальдан ада болған,
Тоқтарханым, әлі алда алар ордаң.
Шіл қындаш шашырап кеткен кезде,
Тірлік солдан тіресін, заман оңдан!
Құдай берген жасынды жаса, Тоқа,
Біреуге іні, біреуге ага болған.

Осы ағаңның аты да, шапаны да,
Саған берер «лауреаттық» атагы да.
Бала-шагаң, зәү затың аман болсын,
Ұрынбасын тағдырың «шатағына».
Тірліктегі тынымсыз күндерінде
Мен сенемін тәтті өмір татарыңа!

Құтты болсын Елуің, інім менің,
Аспандагы күндейін күлімдегін!
Нұрганым апай әлі де ұстай алмай
Жүрсін елу жастағы «жүгірмегін»!
Пенделердің алдында көрері көп,
Түн болса да өмірден түнілмегін!

25 қараша, 1999 жыл



Серік Табділашы

* * *

Жұмаділ Эділбаевқа

Бұл «сары баламен» сонау 1966 жылдан бері
сырлас, серіктес болып келеміз. Өзімді сыйлайды, мен де
сыйлаймын.

Мына құттықтау өлең шын пейіл мен риясыз
көңіл кепілі.

Сар бала, Сен де елуге келгенің бе,
Отағасы ордасына енгенің бе!?
Үнқағаз асханасын түгел өтіп,
Есікten шыққан кезің төрге, міне.
Отыз жыл көз алдымда келесің сен,
Сүйеніп тер төгілген еңбегіңе.

Жеттің бе, жетпедің бе мақсатыңа,
Шықтың ба, шықладың ба бақ-сатыға!?
Ел үшін, өзің үшін аянбадың,
Жаманат келтірмедің жақсы атыңа.
Бірде жағып біреуге, бірде жақпай,
Уақа емес қоңыраулатып тақса кінә.

Жолыңдан адаспадың, айнымадың,
Көнілдің қағып тастап қайтыларын,
Атқарар ісіңе, эйтеу адад болдың,
Ерте үгып кедейді еңбек бай қыларын.
Өзіңе, Әсияңа, балаларға
Баянды болсын баста жайлы бағың.

Жұмәділ дегендерді Жүкелеттің,
Арттың ба, артпадың ба жүк ерек тым!?
Көрігін көңіліңнің гүлдетіп,
Тұтінін тірлігіңнің түтелеттің.
Журналистің тынымсыз күндерінен,
Жұртың талай әлі де құтер екпін!

Қолбаладан жеттің сен сарапшыға,
Тірлігіңнің бой бермей таласына.
Оңдастыңды ертіп-ап кетуші едің,
Талтұс пенен сиыр тұс арасында.
Отырып сұық жарға «құліс» қуған,
Беліңнің содан жүққан жаласы ма?!

Сонда да «мизерінді» тастамайсың,
Сол-дагы бір дәурен ғой, қашпағайсың!
«Дидардың» жымыңдатып жылы жүзін,
Талай жыл ұжымды әлі бастағайсың!
Жаныңда жаманшылық жоламасын,
Бақыттың босағасын баспалайсың.

Аман жүр, денің сау бол, інішегім,
Басыңда бақ сыйласын тыныш Елің!
Қашанда, қай істе де қолың жүрсін,
(Картаның королі едің, ірісі едің.)
Тойыңда бола аламасам, өкпелеме,
Әйтеуір арагыңды бір ішемін!

Сөзік Габдуллаевы

Жанында жарқырайды ізгі өрелік,
(Бір басқа одан бөтен іздемелік)
Күндерің қызықпенен өте берсін,
Жаз – жазың, көктем – көніл, күзде көрік!
Жұмәділ, Әсиямен қоса ағар,
Үбірлі-шүбірлі боп жүзге келіп!

Тірлікте ешбір жан жоқ тер үкпеген,
Ағзасы таза адамдар зерікпеген.
Қалтаңдағы ақшаннан жолдасың көп,
Жақсылыққа тек қана еліктеген...
Құттықтаушы ер жасы – Елуіңді,
Сыйлайтын бір ағаңмын – Серік деген!

16.04.1996

Ә.Жұмаділдің 60 жасына

Жұмаділ!
Күндерің құлген ақтабан,
Тұндерің жұмсақ мақтадан.
Қамалды бұзар шақтасың,
Әсиям күтіп-баптаған.
Атыңа затың лайықты
Жолдасың, досың жақтаған.
Қайырлы болсын мерейтой,
Алты қыр асып аттаған!
Ағаң мен жеңгең тілегі-
Емес-ті құрғақ мақтаган...

Журналист мықты бар атың,
Алматыға жиі баратын.
Газетің «Дидар» жыл сайын
Жұлқынып жүлде алатын.
Ұжымның,
Сенің еңбегің
Келтірер сән мен санатын.
Тамыздық құрғақ болса егер,
Жамотын қызып жанатын.
Қалжыңның итін айтақтап,
Әуреге сені салатын
Қасында қызыр-Маратың.

Редакция - баста арасын
Жалғаған жап-жас баласын
Құрметтеп жатыр бүгінде
Ауыл мен дала, қала шын!
Әсиям аман болсыншы,
Оныншы белес аласың.
Абырой, атақ жиналып,
Алтайға өрлеп баrasың.
Мұқанды аға тұтушы ең,
Енді өзің елге ағасың!
Жыл сайын жасқа жас қосып,
Тірлігің тапсын жарасым!

Жұмаділ, саган не дейін,
Қалмаса бітіп көмейім,
Мерейлі мүшел тойында
Шабыттан шашу себейін,
Жүректен жырды төгейін!

Серік Табиғауы

Мақтағым келіп тұрғанда
Жел сөзді несін бөгейін.
Естімесін құлағың
есірік, есер, өгей үн!
Қосағыңмен қоса ағар!-
деп, тілек бата берейін!
Үстем де болсын мереійін!
Тіс батпайтын жалды бол,
Қуатты, күшті, әлді бол!
Аттатпайтын арлы бол,
Алтайыңдай қарлы бол!
атың өшпес мәңгі бол!-
деп қыздырған өлең көрігін,
Загипа жеңген, Серігің!

Асқаралы жасында
қылау түспей шашында,
Көнілдің болсын төрі күн,
Күндердің өткіз көрімін!
Эсияменен бақ құшып,
Өлең боп өтсін өмірің!
Үрпағың жүрсін ұлықтап,
Көктемдей гүлдеп көнілің.
Ұлағатты үрпақ ұрандай
Манаттай майса жерінің.
Ақтарлық еңбек сіңірдің,
Ұланы болып елінің.
Денсаулық саған тілейді,
Жеңешең болған – Загипа,
Серагаң болған – Серігің!

Жәніділ Атаевқа

Қазақстан Республикасының еңбек сінірген жаттықтырушысы палуандар банкери Жанәділ Атаевқа.

Жанәділ - шын мәнісіндегі қазақтың бүгінгі батыры. Адалдық әлемі мұндалап, ерлік өрісі өрекпін, шынышылдық шыңы шарықтап, көңілденсе көл, шамырқанса шөл болады.

Тәуелсіздіктің алгашиқы жылдары саяси тартиста да, келеңсіз қақтығыстарда да қой бастаған серкедей алда журді. Казактармен қақтығыста, шешендермен соқтығыста алмас қылыштай жарқылады. Амангелді Қажыбаев басшы, Атаев Жанәділ қосшы болып, желекпенің желігін, көтерілгенниң кеудесін баса білді.

Мениң «Қазақ тілінде» журген кезімде сүйенер сүйеуім осындаи атпал азаматтар болды.

Банкер бақыты

Бергені бар,

Алғаны бар ұлесін,

Жігіт жаны от-жалаңда түлесін.

Жігер - күшін намысына жанып ап,

Үлгі тұтар өмірдегі күресін.

Арманы асқақ адамдардың жанында

Жүргегізді жылтып қана жүресің.

Səriks Fäbduşasym

Намыстанса бурадайын бүркәнған,
Көңілденсе кеудесінен нұр тамған.
Жақсылардың жаны оранса жанатқа,
Жамандардың көкірегін бұлт алған.
Терен сайдың шомбал-шомбал тасындаі,
Жігіттерді тосқан Елі, жұрты алдан.

Қазагымның туын көкке көтерген,
Женістерде алған міндет өтелген,
Күрес деген қамшысындаі намыстың,
Кеуделерді өшпейтүғын от өрген.
Жанәділдей жігіттерім болмаса,
Дүниеден жығылумен өтер ме ем?!

Талабына тұздық қосып Талғаттың,
Ержандарды қанат байлап самғаттың.
Туган Елдің түтініне ысталған,
Тұлектерді дүниені шарлаттың.
Женісінің жалғасы боп жігіттер,
Абыроны ауырлады салмақтың.

«Жанәділдің жігіттері жалынды,
Кілемде де, өмірде де алымды».
Осынау сез сүйіспендік сыңайы,
Осынау сез аршығандай арынды.
Жау жағадан алуға да жасқанар,
Атаевтай атан болса алымды.

Бәйге атындаі балуаның баптаған
 Шаужайынан еш жүйріктің қақапаған.
 Қамау терін қашан алыш болғанша,
 Күндіз күлкі,
 түнде үйқы таптаған.
 Жеңіс дәмі таңдайларға татқанша,
 Жігіттер де болған талай ақ табан.

Сомдаң соққан нар жігіттер тұлғасын,
 Жанәділдей жігітті бақ нұрласын.
 Көк байрағын көк аспандада көтеру-
 Қабанбайдай... Атаевтай ұлға сын!
 Жаны жайсан Жанәділдей жандарды
 Серік сында ақындарың жырласын.

Жігіттің де жігіті бар мақтайтын,
 Тұғырында тыныштығын таптайтын
 жандарменен мына тірлік тамаша,
 Тек сондайды бапкер болсын баптайтын.
 Пенде де бар тас ататын тасадан
 Перде де бар ондайлардан сақтайтын.

Жүргегінің түгі барлар көбейсін,
 Құдай, өзің соларды тек жебейсің!
 Атан тұлға азаматы бар Елді,
 Темір топшы қыран текті дегейсің!
 Ел намысын іздейтүгін күн болса,
 Алдаспанды ерлерің егейсің..
 Жүргегінің түгі барлар көбейсін!

Сөзілілдік

Қайрат Мусинге

Қайрат Мусин былай айтқанда менің балам болып саналады. Экесі Маратпен бірге өсіп, біте қайнасып, мектепте бірге, жұмыста да қол ұстасып еңбек еттік. Қайрат туганда да дүрілдеміп той жасадық. Сондықтан да басқаларынан ғөрі ыстық бол көрінеді. Эйтеір, азаматтарымыз пәлежаладан аман болсын, абырайлары артып, дәрежесі өсе берсін деген тілекпен, осынау шумақтарды Қайрат республикалық мәжіліске депутаттықça кандидат болғанда демеушілік жасаганым еді. Бұл да сол бір күндерден белгі болсын.

Қайрат өскен ортасына, жоқ-жітікке, оқыған мектебіне демеушілік жасайды. Жуықта оның бастамасымен Ұлан ауданы орталығы Қайсенов ауылында мешіт салынды.

Құдайы риза!

Елің үшін ерек іске үмтүлсып,
Жүргінің түкпіріне нұр тұнып,
«Қызмет етем халқым үшін!» - дегенде,
Қалмас, сірә, жамагатың іркіліп.
Азаматы атика қонса айбарлы,
Тіреу болар артындағы жұрты нық!

Саламшы

Бәсекеде бетің қайтпай, Қайратым,
Арыстандай сұсты болсын айбатың.
Аламанның бәйгесіне түскенде
Ер-тоқымың бекем болсын,
сайлы атың!
Боз кілемде курескендей күш көрсет,
кетпесін тек кедей менен байға ақың.

Ниетіңің тазалығы бұлақтай,
Жаның жасыл балауса өскен құрақтай,
Қылышылдаған қынаптағы қылыптай
күш-қайратың құрық тимес құр аттай!
Асау Ертіс ағыныңдай арының,
Тоқтамайтын жар жағасын құлатпай.

Жүргегінде жағып жалын алауды,
Желбіреттің жігеріңмен жалауды.
Ұлы Еліңе ұл бол туған, Қайратым,
Жазсын жүртқа құл болуга жарауды!
Уа, халайық!
Батаңды бер балаңа,
Сөз сенікі,
танда адаспай қалауды!

Қайрат болсын тілектесің таңдаған,
Сөз ақысын ұгар түйсік аңдаған.
Аталы сөз шыққан еken аузынан,
Ұран болсын аспаныңда шарлаған!
Үкілеген үмітті ел өшірме,
Үрлемесең ошақтағы от жанбаган.

Серік Габдуллағы

Бұл төрт ақынды топтап беріп, оларға өзімнің багамды багамдаймын, олар менсіз де өз өнерлерімен өз өрелеріне шыққан. Серік (Құсанбаев) менің мектебімнен шыққан жоқ, бірақ бұрын сырттай, қазір іштей жақын тартып, жақсы көремін. Ал, Төлеубай (марқұм), Абаш, Тақат, т.б. менің мектебімнен шықты. Мен айтыс мектебін облыстық мәдениет басқа-рмасының бастығы Тоқан Самархановтың қолдауымен 1988 жылы аштым, үйымдастыру жағынан мәдениет басқармасы бастығының орынбасары Тоқтархан Құмаров тұрақты жағдай жасады.

Мен «Қазақ тілі» үйымында жүргендеге айтыс өнері жогары деңгейге жетті. 1994 жылға дейін «Қазақ тілі» үйымында, 1994 жылы мәдениет басқармасы арнайы штат ашып, мені «айтыс ақындары мектебінің» директорлығына тағайындалды.

Өкінішке қарай, көп істегемін жоқ. Орныма шәкіртім – Анар Құсайынованы ұсынып, басқа шаруа-га ауыстым. Бірақ, мектеп жұмысын көзден таса қалдырмадым. Айта кетер жай, сол жылдары ересектерді есептемегендеге тек қана облыстың орта мектептерінен іріктеліп 44 (қырық төрт) бала ақын шықты. Бұл жөнінде облыстық гылым-білім басқармасы оқушы-жастардың облыстық айтысын жыл сайын тұрақты өткізіп тұруга жәрдем, жағдай жасады.. Ол үрдісті қазір де қолға алуға болады. Тек ғана – ниет керек!

Серік Құсанбаевқа

Ассалаумагалейкүм!
Серік деген сері інім,
Жолдасы болған перінің.
Жақсыны жинап жаныңа,
Жаманнан аулақ жерідің,
Тамылжып атқан таңыңа
Жүректің жырын телідің.
Дақ салмай ұят-арыңа,
Саңқылдал отты өр-үнің,
Намысты нықтап жадыңа,
Көктемдей күлді көңлің.

Шыққансың Сайқан, Сауырдан,
Ақындық атты ауылдан,
Шабыттың шаңын көтеріп,
Тугансың отты дауылдан...
Өлең мен жырдан от өріп,
Жандарды жаздың ауырган.
Мейірім-мерей тепелік
Жұғыпты Зайсан тауыңнан.
Өкпесіз өмір өті еріп,
Жаралдың таза бауырдан.
Тірлілік деген немене?!

Қара да, Хан да, төре де
Жасамай жүртқа жақсылық,
Абырай, атақ келе ме!?

Телегей теңіз тұнған ой
Толқытпай қойсаң өре ме.
«Ақын Серік» деген атты
Ел-жұртың тегін бере ме!?

Серік Габдуллаұлы

Халықтың сыйлы Серігін
Өлеңмен өріп өмірін,
Көншітіп көлдей көңілін,
Көтерсем деп ем төбеме.

Туган жер – Зайсан тұрағың,
Шабыттың жақтың шырагын.
Қайнардан шыққан атқылап,
Жеменей кәусар бұлағың.
Қай түкпірде жүрсең де,
Қазақтың салдың жыр-әнін.
Шыгарды Алтай шыңына
Өнерге деген құмарың.
Жүректе болса қыжылың,
Ақындық жанмен ұғамын.
Өзіме үқсас екенсің,
Ықыласыммен құладым.

Жаманға жасып жүдеймін,
Жақсыға сендей түлеймін.
Бөленсең сый мен құрметке,
Жыр ариап мен де үдеймін.
Халықтың шөлін қандырган,
Мен-дағы сендей сүлеймін...
Сал-сері – Серік атаның,
Үлкеннен ізет бата алдың!
Айналаң бақша-бау болсын,
Атағың аскар тау болсын,
Дені- қарның сау болсын!
Келінмен қол үстасып,
Қос аққудай жүптасып
Өмір сүрулерінді тілеймін!!!

Салшам

Абаш Кәкеновке

Айналайын, Абашым,
Ақ бұлақтай агасың.
Атырау мен Алтайдың
Жалғап жүрсің арасын.
Шыңыраудан өрмелеп,
Шыңға шығып барасың.
Тайбурылдай термелеп,
Шалқұйрықтай шабасың.
Айтыстан соң елге кеп,
Әрең тыныш табасың,
Үстазың - Серік сау болса,
Талай бәйге аласың,
Хамиттей қорған тау болса,
Балшабек сениң нағашың.
Алтынжан бақша бау болса,
Көктейді сембей ағашың.

Айналайын, бауырым,
Көтердің жүктің ауырын.
Орта жолда шалдықпа,
Сауыстанып сауырың.
Құлагердей құлдырап,
Өлеңнің соқтыр дауылын.
Қалмасын кейіп, жыр жылап,
Тастама өнер ауылын.
Шырқыратып шындықты айт,
Дүбірге толсын дәүірің.
Нұрланған күнгі нұр-құтты айт,
Самалдай соқсын сәуірің,

Сөрік Габдуллаев

Тұяқты тасқа ілдірме,
Танысын жүртүң тау ұлын.
Жасындаі көкте жарқылдаپ,
Жамырат жырдың жауынын.

Тұяғы тозбас тарланым,
Азуы қарыс арланым.
Шабыттың шаңын шығарып,
Қияда талай самғадың.
Айтыстың ақтаңгері бол,
Арқаны, Шуды шарладың.
Жүрекке жетіп жырларың,
Ауырлай түсті салмағын.
Өрелі өнер өрінде,
Тарылып тыныс талмадың.
Жаратуы жақсы жүйріктей,
Шашанды шаңға малмадың.
Өзінен озған өзгенің,
Аяғынан алып шалмадың.
Алтайдың ақын Абашы
Нұрланып атсын таңдарың.

Жақынның жанын бағатын,
Досының көндін табатын,
Жайылма судай жайылған,
Эркімдер іше салатын,
Атымтай- жомарт інім-ай,
Тынымсыз соқсын сағатың.
Халқыңа алмас қылыш бол,
Жауынның басын шабатын,
Еліңе үлжен тыныс бол,

Сәлемдік

Шалдықса демін алатын.
Қадірін білмей алтының,
Жоғалтса жоқтап қалатын.
бала мінез халқыңың
сақтап өт биік санатын.
Талпынсаң таудың басына,
Талмасын –топшы қанатың.

Айналайын, Абашым,
Өмірдің көрдің жаласын.
Біреуге бүгін інісің,
Біреуге өзің ағасың.
Келесің сүйреп тірліктің,
Пендеге лайық шанасын,
Аңқылдақ адал пейілмен,
Айтқанға айдай нанаңың.
Ақ көңіл, пәк жан, ақ ниет,
Табады сенен жарасым.
Тырнамай тыныш жүресің,
Біреудің ауыр жарасын,
Мәуелеп тұрган басқаның
бағына болмас таласың.
Жібектей жұмсақ мінезben
Жұртыңа дәйім жағасың.
Бойына шақтап сіңірген
дархан- дария даласын,
Құрметтей біл сен, халайық
Қазақтың туган ішінен
Данаң менен баласын!
Аман бол, ақын-Абашым!...

3- наурыз- көкек, 1992

Сөрік Табиулашы

Төлеубай Байжұменовке

Төкең (Төлеубай Байжұменов) жан-жақты азамат еді. Әсіресе, ауызекі әңгіменің майын тамызатын. Үлкен азамат, алымды ақын, шалымды шанишар болатын... Жұбайы – Майра біздің Шым-қораның қызы, мені «қайнага» деп қалжыңдайтын. Қазір екеуде бұл пәниде жоқ. (Топырақтары торқа болсын).

Мынау арнау қызы – Ләйләнің түрмисқа шыққандагы тілегіміз еді, ескерткіш болсын.

Тойыңа келдім, Төлешім,
Ұзатам қызды дегесін.
«Қыз өссе өріс» деген бар,
Құдаға қарай өресің.
Бақытты болсын балалар,
Ата-ана қызық көресің.
Құдаңды күтсөң құдайдай,
Өзің де оған төресің.

Тойыңа келдім, Майрашым,
Сөйлесем тілім сайрасын.
Жанында шаттық ойнап түр,
Көңілдің ашып айнасын.
Бақыттың көріп баланың,
Жүргегің гүлдей жайнасын!
Куаныш толы көнілдің
Қазандай бүрк-сарқ қайнасын!

Бірінші тілек айтайын:
Бақытты болсын жастарым,
Агармай ерте шаштарың,
Жүректе жалын сөнбесін,
Тұспесін дәйім басқа мұң!
Еңбекпен жинап абырай,
Биіктей берсін асқарың.
Достың да, қастың алды бол,
Домалап өрге тастарың.

Екінші тілек айтайын:
Жақын жүр, жанап жақсыға,
Жоқшылық келсе апшыма!
Талапты ерге нұр жауар,
Тәуекел қыл да бақ сына.
Жамандар жанды ауыртса,
Төбесін тесіп қақ сына.
Байлыққа кетпе мастанып,
Мойыма сәттік тапшыға!

Үшінші тілек айтайын:
Күмістей күлкі көп болсын,
Уайым-қайғы жоқ болсын!
Көктемдей көңіл жасарып,
Аспандай ашық көк болсын!
Томпиып тойған қозыдай,
Пейілдер пейіш тоқ болсын.
Алаулап өтер мәңгілік,
Жүректер жалын-от болсын!

Сөрік Фабдулашы

Таусылмас менің тілегім,
Жарылмай жырдан жүрегім.
Құдай өзі қолдасын,
Төлеубай, Майра түлегін.
Ананың, Ләйлә, қызы едің,
Халықтың болып перзенті,
Көтерсін көкке ұлы елің!

Төлеубай, Майра, тойларың
Қайырлы болсын жасаған!
Құдалар менен құдағи,
Құйрық-бауыр асаған,
Төлештей құдан-ақтаңгер,
Шаң жуытпас шашадан.
Бақытты болып ақ отау,
Жүріндер сау боп, бас аман!

Жиналған тойға, халайық,
Қызықтан ләzzәт табайық.
Той десе қу бас домалар,
Қалайша бұғыш қалайық!?
Жүректі жырга толтырып
Шырқатып әнге салайық!
Бақыты үшін жастардың,
Түрегеп госты алайық!
Қалдырмай тамшы қағайық!

28.09.1996

Сагымжанов Тақатқа

Сонау сергелдеңді тоқсаныншы жылдарда әупірімдеп ақындар айтысын өткізейін. Тақат Зайсаннан телефон шалып: «Секе, айтысқа бара алмаймын, жан багу үшін жалданып трактор айдан жүрмін, қожам босаттайды....» деп шагынды. «Әй, құ заман-ай, шара-сыздыққа ұрындырган», - деп осы бір шумақтарды шамырқанып жазып жібердім.

Тақатқа хат

Ассалаумагалейкум!
 Аңқылдақ Тақат аман ба?
 Қасында бала-шағаң да.
 Гүлбаршын келін жанында
 Жолаттай жүр ме жаманға?!

Тұтінің түзу ұша ма,
 Тұрақсыз мынау заманға?
 Жүйрікке тұсау салынып,
 Тиді ғой бәйге шабанға.
 Дүбірлі топтан іздесем,
 Тақаттай ақын табам ба!?

Сөрік Габдулаев

Сауықшыл менің жандарым,
Ән мен күй еді салғаның.
Қырандай қанат қомдап ап,
Алтайдан асқан арманың.
Тырнағын тірлік батырып,
Өнерге салды-ау қармағын.
Арты тұман, алды бұлт
Сенімсіз бо тұр алда күн.
Аласарып-ақ қалды ма,
Ақындар, асқақ арманың?!

Аман ба ауыл-аймағың?
Асқар тау, терең сайларың.
Тепсініп тұрган шағында,
Жазыла құлаш жаймадың.
Заман-ай, салып шідерін,
Таланттың бағын байладың.
Трактор айдал Тақатым,
Өткізіп жүр ме айларын?
«Байтал шауып бәйге алып»,
Бұзды ғой көңіл қаймағын.

Ән еді сенің айналаң,
Сән еді Сенің айналаң.
Ақын ба арман құшақтап,
Қанатын кеңге жаймаган!?
Заманы тұлқі болғанда,
Тазы болып шалмаған.
Қақпанға түскен арландаі,
Сіңірін қырқып шайнаган...
Ержанның қалған тұяғы,
Трактор бүтін айдаған.

Алып түр заман жағадан,
Әл кетіп асқар ағадан.
Ініден ізет болмаса,
Арта алмайсың шамадан.
«Қос көрініп көзіңе»,
Заманың иттей қабаған.
Қорқау қасқыр сияқты,
Қараңғы түнде қамаған.
«Алты күн атан» күніме,
Тірлігім қалған садагам.

Серігің жыртық жүрегін
Өлеңмен көктеп жамаған.

Сұйсініп саған жүргенмін,
Тотыдай, Тақат бүрлендің.
Сауықшыл сайран күндерде,
Ит болып саған үрген кім!?
Белгісі болып қалдың сен,
Бедерлі өткен күндердің.
Қызықты шақта қырдағы
Қырмызы гүлдей гүлдендің.
Естілмей даусың барады,
Көмескі тартып күннен күн.

Тұрғам жоқ Сені табалап,
Үргем жоқ иттей абалап.
Қамшылап сені көрейін
Деп едім бүгін шамалап.
Сауырга шыбық тигізген,
Сен емес едің шабан ат.
Тұлпарды топқа қосатын
бар ма екен бүгін тағалап?
Зәйділбек сынды ағалар
Демей ме екен бағалап?

Қыранын күтіп бақпаса,
 Келтіріп бабын баптаса,
 Тұғырда қалғып қалады,
 Саятшы көңіл таппаса.
 Жырдың да сәні келеді,
 Жігерін жанып жақтаса.
 Өртенбес өлең өзегі,
 Жүрекке жалын жақласа!
 Жай табар жаны ақынның,
 Жабыла жұрты мақтаса.

Тақатым, таймай табаның,
 Кетірмей күшін шаманың,
 Эн салып жырлап жүре бер,
 Жұлдыздай ағып талабың.
 Өзіндей өршіл жігітten
 Бойыма қуат аламын.
 Жырыммен жаның жылысын,
 Жүректен отты жағамын.
 Жасыса жаның жігерлен,
 Өлеңін оқып аганың.

Сынығы қалған асылдың,
 Тірлікке әзір бас үрдің.
 Жүректе жалын сөнбесе,
 Қындақ келсе жасыр кім?!

Сөрік Габдуллаев

Шықсам да асқар алпысқа,
Асаудай әлі тасырмын.
Жетімдей қалып жұртымда,
Жырымды алға асырдым.
Есігін әнмен ашайық,
Алдағы тұрган ғасырдың!

Жоғалып кетпе, ақыным,
Басам деп қадам ақырын!?
Өлеңнің мінсең тұлпарын,
Берік те болсын тақымың.
Ақ көніл, пәк жан, ақ жүрек,
Таппасын тірлік тақырын!
Гүлбаршын сынды келіннің
ашусыз тыңда ақылын...
Жаңғыртып жырды жүре бер,
Батырым, батыл ақыным!
Өзімнің туған інімдей
Барлық ақындар-жақыным...
Тынбасын, ақын, шат үнің!

07.12.1996



Ушінші бөлім

**ҚАРЫНДАС ГҮЛГЕ
ОРАНГАН
БАҚША - БАУЫН**

Сөрік Табиғиаты

Сымбаты мен сыны бөлек, қымбаты мен құны ерек, айдарлы азаматтармен тең түсемін қазақтың қастерлі қыздарына тәннімін. Төмендегі арнаулар түсіндіруді қажет етпейді.

Қазақтың бұлбұл үнді қызы – Бибігүл Төлегеновага

Алматыда студент кезімде Бибігүлдің концертіне барамыз, риза болып қаламыз.

Содан отыз жеті жыл өткен соң Өскеменде тағы бір арнау жазып тапсырдым. Оқытып ризалық алғысын білдірді. «Мақтауды көп естідім, өлеңмен айтқан алғысты бірінші естуім, рахмет, бауырым!» - деді.

Қыбырсыз қала, дала да,
Тоқтаған таудың самалы.
Үйшты сай мен сала да,
Жұлдыздар жымың қағады.

Кірпігін керіп алтын Ай,
Төбеден төніп қалышты.
Ақша бұлт қаздай қалқымай,
Шыңдарды орап алыпты.

Алматы түні арайлап,
Алатау төккен мейірін.
Балқыған әнге бар аймақ,
Саумалдай сауып пейілін.

Сиқырлы үні бұлбұлдың
«шымырлап бойға жайылған».
Бибігүл сынды дүлдүлдің
даусыс тағат айырган.

Саламит

Алпыс та екі тамырда
ыстық қан тулас тасиды.
Таланттың тегін таныр да,
Эн сүйер қауым бас иді.

Жеткізу қыын сөзбенен,
Жүрекпен сезу керек бұл.
Бүркүрап қырда боз көден,
Себеді жұпар елең нұр.

Бұлбұлдың үні сиқырлы
«бойды алған кіріп құлақтан».
Ашады шайдай үйқынды,
Көкірек-көзден нұр атқан.

Бұлбұлы қонған бағына,
Қазақтың көгін ән қылыш...
Сүрадық: «тағы... тағы да»,
Сахна түрді жаңғырып.

Далаға шықтым, түнгі аспан
түр екен нұрга малынып.
Алматы бағы сырласқан,
Ән-жырдан алқа тағынып.

«Бибігүл - әнші бұлбұлым»,
Өмірді әнмен өрнекте!
Сыбызың сазды сырлы үнің
Жаңғырып жүрсін жер – көкте!»

«Жұлдызың болсын жоғары!»
Деп саған тілек білдірдім.
Көңілдің көктеп көгалы
Көзімді әнмен ілдірдім...

1963 жыл, Алматы

Отыз жеті жыл өткен соң...

*Қазақтың кенді Алтай орталығы - Өскеменде
Бибі апамның өнерін тагы тамашаладым.*

*Жылжыпты жылдар жылыстап,
Аспанды шарлап ән кетті.
Бибі апам нұрды уыстап,
Өмірді әнмен сәндепті...*

*Абырай, атақ, бақ та бар,
Тұғыры бүтін биік-ті.
Өнердің жолы – ақ табан,
Орденді апам – сүйікті.*

*Студент күнгі тілегім,
Құдайға жеткен сияқты.
Баураган елдің жүргегін,
Көнілден ән мен күй ақты.*

*Бибі апа, сау бол, қартайма!
Жүзінен таймай көрік-нұр.
Жыл сайын келіп Алтайға
Қазақça рух беріп түр!!!...*

2000 жыл

Саламанды

* * *

КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер,
жаңашыл-ұстаз **Қанипа Бітібаевага.**

Қанағат ап қиялдың қанатынан,
Асуында арманның таң атырған.
Ұлылық та ұлағат ұясында
Жанартаудың тасынан жаратылған.

Қанипа бұл, шыбыны шырқыраған,
Сай-сүйегі сау жүріп сырқыраған.
Аузын ашса, Алтайдың самалы есіп,
Жұпар іісі Сайханның бүркыраған.

Қанипа бұл, торғайдай шырылдаған,
Ұлты үшін жан сөлін сығымдаған.
Торанғыдай тамырын терең тартқан,
Сексеуілдей дауылға жығылмаған.

Қанипа бұл, тәлімді жетелеген,
Асқарына білімнің төтелеген.
Алатаудай абырой жинаса да,
Биқтемей жүреді бетегеден.

Қанипа бұл, бет-жүзге қарамайтын,
Сөзбен өлшеп, санамен саралайтын.
«Мың өліп, мың тірілген қазағының»
Тағдыры тек жүрегін жаралайтын.

Шалғайына оралып шалағай күн,
Қораласа кей кезде нала-қайғың.
Аруақтанып кететін Қанипа бұл,
Қарсы біткен бұтағы қарағайдың.

Тас бұлақтай санасы сарқыраған,
Ақ айдындај жүрегі жарқыраған.
Көктемедей көңілі мөлдіреген,
Табиғаттың тумасы – Алтын Адам!



Саламак

* * *

Шәрбану Бейсеновага

Жазушы қарындасты - Шәрбану Бейсенованың
Ұлан ауданында өткен шыгармашылық кешінде
оқылған өлең.

Арнау тұган жерінің, өскен елінің атынан
сагынышын айтады.

«Елі не дейді, жері не дейді?»

* * *

Келдің бе, қызым?
Сағынып Ана құшагын?
Сағынышымды
Қараөзекке мен де түсадым!..
Сенімен, қызым,
қияға биік қонақтап,
Сенімен бірге
арман шыңына ұшамын.

Келдің бе, қызым,
туған жерінді сағынып.
Жетектеп алға
әкетіп еді ақ үміт.
Ұланның сары самалы
сипап шашыңнан,
Қарсы алды күзде
шықтардан моншақ тағынып.

Софік Габдуллауи

Келдің бе, қызыым,
аңқаңды арман кептіріп,
Жаныңда жалын,
жүректен жырды соқтырып.
Тұған жеріңің торқалы
топырағына тартқансың
Содан тал бесіктегі тектілік.

Келдің бе, қызыым,
Самалға сары сусадың?!
Арманы кәне,
өзіндей жанды туса кім?!
Тербеліп тауың,
теңселіп теңіз,
бүрқырап исі жусанның.

Ал, елің мынау,
еңсесі биік егемен,
Көңілі көктем
көгені толы көбекен.
Сен үшқан сонау
Арманға төсеп «Құс жолын»,
Қиналған сәтте
Қолтығыңнан сан демекен.

Жат жүрттық болып
кеткен жоқ ыстық жүрегін.
Ұлан деп жүдеп,
Ұлан деп қайта түледің...

Қызыл деп, Шәрбан,
құшақтап сені құшады,
Ұлағат тұтқан – Ұланың,
байтақ Ұлы Елің!..

Жүргенде кезіп,
қырың менен шалгайды,
Тынымсыз тірлік
Арманға арман жалғайды.
Сары күз дейтін сағыныш сенде,
Сағыныш менде сарғайды.

Келдің бе, қызым,
туған жерінде нұрлап бақ,
Ұланың бүгін
Жаныңды сениң жырлатпақ...
Сәбілік шақты салады еске
Шәрбанды сәмбі талынан
Жасалған бесікке құндақтап.



Сөзік Ғабдулауы

* * *

Облыстық А.Пушкин
атиндагы кітапханың директоры,
қадірлі қарындасым – Қабиба Ақжігітовага

Қадірлейтін, Қабиба, қарындасым,
Жүрекінде сөнбес от жалындасын!
Азаматтан артық іс атқарасың,
бойдан бұла күш-жігер табылғасын.

Құрмет тұтар, Қабиба, қарындасым,
Шабытыңың шалқитын шағындаңың.
Мерейтойың өсірсін мерейінді,
Қатарыңнан болсын да бағың басым!


Ардақтайтын, Қабиба, қарындасым,
Бұқтырмадай бойда күш арындасын!
Балалықтан көшкенде даналыққа
Ой-арманың томдардай қалындастын!

Жұтыласың жұмыстың жұмырына,
Талпынасың таланттың тұтырына.
Пенделіктің пердесін жамылмайтын
қолдау берсін Құдайым ғұмырыңа!

Қабибаштың қастерлі бағасы бар,
Жел өтіне ықпайтын дара шынар.
Жасына жас жыл сайын қосылғанда
өлең оқыр Серіктей ағасы бар.

Тамашаңа тамсанып тасынамын,
Қабибашым, шапақтай шашырағын!
Өткінішсіз өмірді өткізе бер,
Бақыттысың,
Түспесін басыңа мұң!

Махаббатқа орап ап жүргегінді,
Ұлықтай бер ұдайы ұлы Елінді!
Денің сау боп, бақыттың арта берсін,
Қабылдарсың ағалық тілегімді!..



Сөрік Табиулағы

Эсия Эділбаевға

Осы бір қарындастыңың өңінен өнеге, жүргегінен жылылық есіп тұрады. әсіресе, қазақтың қарапайым қызының гибратты нышандары тал бойына жарасып, бір түрлі әсем әсер қалдырады. Жұмаділге жарасып, жұбыменен санасып, күрделі тірліктे қарапайымдылық үлгісіндей танылады.

Кезінде бір жақсылық жасап еді. Оны қарыз санамаса да, мен жылы лебіз білдіруді парыз санаймын.

Эсия,
қарындаым, айналайын,
Жырымды
жүргіце жаймалайын.
Көзінде
мейірімнің мереіі бар,
Көрінер
көлеңкесіз айнадайын.
Тірліктің
тамырының түгін тартқан,
Бақыттың
құшагында бай маңайын.

«Кенестей
ағайым», - деп көретінің
сезілер,
содан өлең өретінім.
Үлкенді
Сендей бәрі құрметтесе,

Қалқаны
болар аға жел өтінің.
Бақыты
таудай біздің Жұмаділдің,
Айтқызбай-ақ
ауанын үға білдің.
Екеуің
бір-ақ адам сияқтысың,
Аят пен сүресіндей
Құранымның.

Көнілің көл болмаса,
көгерермен,
Бақыттың
боданына теңелермен?!
Алматы - Өскеменнің
арасында жүресің
нұрга батыш немереңмен.

Әсиям,
Сен де апа боп қалғаның ба,
Ойдағы орындалып
арманың да...
Жүкенмен,
бала-шага, немереңмен
Жүрегің
жалын атсын Жалғаныңда!

Өзіңдей қазақ қызын ұнатамын,
Ағалық ақ тілекпен жыр атадым.
Тірлікте қосагыңмен қоса ағарып,
Алдыңнан ата берсін құба таңың!

Сөрік Габдуллаев

* * *

Бақытжан Райысовага

Жалпы, Бақытжан әйел ақындардың ортасынан
ойып орын тепкен, шабыты Бұқтырманың ағысындаі,
сарапы сөзі Түрік намысындаі, бойын кернеген арын,
жүргегін жемдеген жалын дерсің! Өлеңдері ерек, бітімі
бөлек ақын.

* * *

Көкең сенің – Кербұғы,
анаң сенің – Кер марал,
Сен солардың үрпағы-
ерке сылқым-Құралай...
Сусындастың жырменен,
байлық, дәulet сұрамай.
Аса шыққан Алтайдан
Күн шұғыласын төккенде,
кеқіліңе қонақтап
қонып жатты нұр-арай!

Тар кеуденде дүбірлеп
тұрды Түрік дабылы,
Шабытында шалқыды
Шалқар көлдің сағымы.
Өлеңің – от,
Жыр-жалын
Қызымен қыздырып,
Сезіміңде селдеді
Бұқтырманың ағыны.

Сай-салада сылдырлап
куліп ақсан бұлақсың,
Шабанбайдың жайлауын
Көмкерген көк құрақсың.
Аймаласып айменен,
Жұлдыздармен сырласқан
Жыр жолында жағылған
Жарығы мол шырақсың!

Ақындарды қалай да
мақтасаңдар, сыйды,
Жүрекжарды тілектің
болмас, сірә, зияны.
Жерге түспей,
шарықтап көкке үшқан
қанаттанған ақынның
қанағатсыз қиялы!...

Ақын деген, агайын,
Жаратқанның еркесі,
Күдіреймей жүрмейді
Жал-кеқілі, өркеші...
Санасынан нұр сәуле
Шашылғанда шашудай,
Құлпырады тіршілік,
Жайқалады Жер төсі!

Аңғармайтын ұтарын,
Жұртқа жайып жүпарын...
Ақын қызың – Бақытжан
жасай берсін, жаңарып,
Қарағайға қарсы біткен бұтағын!

* * *

Валентина Шершиневага

Журналистік сапармен 1980 жылы Катонқарагай ауданына бара қалдым. Өкінішке қарай, екі күн өтпей аудандық ауруханадан бір-ақ шықтым. Диагнозы инфарк! Тәптіштеп айтпай-ақ сондагы бір дәрігер Валентина Шершиневаның ем-домына өте риза болдым. «Агай, өліп-тірілдіңіз, Валентина болмаса кім білсін, жағдайыңыз қалай боларын?» - дейді аурухана мейірбикелері.

Төсектен түрмай жатып, қалам үстауга (бір айдан соң) халім келгенде осы бір шумақты дәрігеріме арнадым. Қысқа да нұсқа рахметім - өз ісіне адал барлық дәрігерлерге арналады.

Мың алғыс, айналайын, дәрігерім,
Мен үшін көбейді гой әбігерің.
Сен маған жүргегінің жылуын бер,
Ем болып қонар емес дәрілерің.

Өзің бе,
сөзің бе әлде, дәрігерім,
жарқырап ашылды гой тағы көгім!
Қырандай қайтадан бір түлеп тұрдым,
Кеудеме үміт отын жағып едің.

Мерейің өсе берсін, дәрігерім,
Жолатпа қыршын жас пен кәріге мұң!
Шуағын шашыратар Күн екенсін,
Ал Күннің тірлік сыйлар бәрі керім!

Майра Бейсекановага

Тәгдыштың талкегіне майысса да сынбаган,
арманын алға асырып, үміт отын өшірмеген, қазақ
қызына тән қайсаrlықпен қайрат-күшін иғі іске
жұмылдырып, жетімнің жебеушісі, жүздеген ұл-қыздың
– Анасы атанған «Үміт» жетім балаар үйінің
директоры Майра Бейсекановага агалық алғысымды
ақындық көңілмен білдірейін деп едім.

(Кезінде қайратты қарындасым туралы поэма
жазуга оқталып едім, салақтық пен салғырттықтың
ығында қалғанына өкінемін.)

Осындаи қайраткер қыздарымыз көп болса,
көңіліміз тоқ болады. Жасай бер, Майраш, қарагым!

I

«Жетім көрсөң жебейсің»,
көтересің,
Жүргінген өрмектеп
от өресің.
О, қайран,
ананың ақ маҳаббаты,
Өзекті өртеп ғана
өтесің?!

Үмітің үкілеген
көз ілгенде,
Сананың
сансырауы сезілгенде,

Сөрік Фабулашы

Қазақтың қайсар қызы
майысса да
Сынбады,
бақыт бастан безінгенде!

Қапыда
тас қорғаны құлағанда,
Жас терек
жапырақ жаймай
сұлағанда,
Еңкейді,
басын жерге тигізбеді,
өзегін өртеп қайғы
жылағанда...

Аналық махаббатын
өшірмеді,
Үміті үзілмеді,
кесілмеді...
Бақыттан
бас айналып жүрсөң-дагы,
Ананың бір күлкісі -
көш ілгері!

Үмітке
үмітті әкеп жалгады да,
Тағдырдың
қарсы тұрды салмағына.

Жүректе
 қалған бір шоқ шырағдан бол,
 Жетелеп жүре берді
 арманына!

II

Сезімнің
 көзінен жас тамшылады,
 Үміті жұмыртқадай
 аршылады.
 «Үміт» атты жетімдер
 үйін ашу
 талабы
 күш-жігерін қамшылады...
 Қамши сап
 сағыныштың сауырына,
 Жетімді басты Майра
 бауырына!!!..
 Бұл күнде
 ұл-қыздары «мамалаган»,
 Барып қайт
 «Үміт» атты ауылына.


Жүректің
 жазылды ма сырқаттары
 Боранның басылды ма
 бүрқақтары?!

Майраштың
баурындағы бұлдіршіндер
«Бір ұлдың»
ұмтінің үрпақтары!

Мінеки,
қазақ қызы қайраттанса,
Арманның
асуында айбаттанса,
Жіберер
дүниені дәңгелентіп,
Күн шығып,
ұлгермей-ақ Ай батқанша!..

Майралар аз ба,
көп пе, біле алмаймын,
Анамен сейіледі
мұнар-қайғың!..
Үмітті «Үмітке» әкеп
жалғайтұғын
қайраттың иесіне –
жыр арнаймын!..





Төртінші бөлім

**КӨП БОЛСА ЖАНАШИТИН
ДОС-ЖАРАНЫҢ
ТІРЛІКТІҢ СЕЗІНБЕЙСІҢ
АУРУ-САУЫН**

Сөзік Габдуллағы

Замандастар, қаламдастар, құрдастар,
Тонның ішкі бауындағын сырластар.

Балалық шақтан даналық шаққа дейін пенделік тірлік кешіп, адам болуга ұмтыласын. Ол кейбіреудің қолынан келеді, кейбіреуінің шама-шарқы жетпейді. Жалған дүниеде адамшылықтан адастыратын, сананы тұмандандырып, ақыл-есті алжастыратын - пенделік! Пенделіктің пердесін сыйдырып, парасаттылық пайымын қалыпқа құю вте қын. Сондықтан да, біз - кейде Адам, кейде пендеміз! Бірақ бәріміз де өзімізді адам санаймыз. (ол кешірімді.)

Міне, жаратылыста жасаган жасыңды санап, айларды аттатып, жылдарды жылжытып жүрген қысқа да ұзақ жолда талай жолаушыга жолығып, жол айрығына дейін жолсерік боласын. Олардың кейбірі «көзден кетсе, көңілден болады ұмым», қадау-қадау құрбы-құрдастар, дос-жаран көңіл көгінде ұялап қалады.

Осы тұста өзіме етене жақын, тағдырыма ортақ екі адамды - екі досымды ерекше қастерлеймін! Олар - Тұргазы Нұқайұлы, Мұсілім Құмарбекұлы. Түкен марқұммен он екі жастан бастап, дүниеден қайтқанша туыстық, достық, қатынасымыз үзілмесе, Мұсілім екеуміз алпыс жылдай жүп жазбай, узенгі қағыстырып

келе жатырмыз. Осынша уақытта үшеуміз бет жыртысып, жуз шайыспақ түгіл, бір-бірімізге қоңіл қалдыратын сөз айтып көрмеппіз. Жалпы, бізде өкпе артып, есе қайыру дейтін ниет те болған жоқ. Жасандылық емес, табигатымыз солай. Эр қайсымыз өзіміздің көтерілген бүйігімізден тәменге көз саламыз.

Хамит Балшабековтың, Тоқтарбек Қызықбаевтың, Төлеген Рақымжановтың, тагы басқаларының орны бөлек. Өмірде сырласқан, сыйласқан жандар сениң өмірбаяныңнан ойып тұрып орын төбеді.

Сонау алпысынши жылдары ҚазМУ-да курсас болған Дүйсенбек Қанатбаев, Төлен Әбдіков, Энес Сараев, Тана Бапинов, т.б бір төбе.

Асылы, қарым-қатынас жасаган адамдар көп қой. Мен олардың кейбіріне арнаған өлеңдерім арқылы өмір жолымның үзік-үзік іздерін, есте қалған уақыгаларды «сәлемдеме» дорбасына салайын дегенім еді. Ендігі әңгімені арнаулардың ауқымында өрбітейік, себеп-салдарын еске алайык.

Серік Габдуллағы

1960 жылдың тамызында ҚазМУ-га құржат тапсырып, Виноградов көшесі, 88-гимараттың №38-ші бөлмесінен тогыз бала орын тептік. Бұл университеттің бірінші жатакханасы.

Біз бір бөлмеде тогыз адам тұрамыз. Бір-бірімізді жете білмесек те, туыс-достардай табысын кеттік. Атыраудың Энес Сараевы, Қостанайдың Төлен Эбдіковы, Түркменнің Красноводск қала-сынан Дүйсенбек Қанатбаев, Шыңжанның шақпатіл қазагы Жұмабек Шорманов, Қарагандының шахтері Мұрат Смагұлов, Қызылорданың «қырсығы» Шаншархан Төрегелдиев, Шоқан Элімбаев, Шығыстың қос шынарлындағы Тана Бапинов және мен (Серік Габдуллаұлы) атыраудың қара уылдырығын жеп, Катонның балқарагайын шағып жататынбыз... Біраз жыл жастық, студенттік шақтың қызығы мен шыдығын осы атаптан әріптестермен откізгенім еске түссе, сағыныш сазы сыңсып кетеді... Өмірімнің бұл да бір қымбат кезеңі, менің ұзак жолымның бір үзігі шыгар?!

* * *

«Отыз сегіз» -
Шығып тұрган атағы,
Тәртібі де, тазалығы төмендеу.
Жігіттердің қиялында жатады
Ертең өзін «тұғырда тек көрем» деу.

Шоқан менен Дүйсенбектің төсегі
Жиылмайды,
Тұске дейін тұрмайды.
Төрегелді шалдың Шаншар «кеселі»,
Жатақхана ережесін ұрмайды.

Шұлығы мен бәтеңкесі шашылып,
Әнес оны теуіп тастап жүреді.
Бәтеңкені қоңылтаяқ асығып
Киеді де,
Шаншар етек түреді.

«Данышпанның әліппесін» құшақтап,
Қиялдайды Элімбайдың Шоқаны.
Дүйсенбек те қалған емес ұсақтап,
Түрікмennenің түгел сөзі оқалы.

Әнші де өзі,
Күйші, әрі балуан –
Әбдік шалдың көркем, сұлу Төлені.
Шешендігі, көсемдігі алуан,
«Телестудияға» бармай қалса «өлеңі».

Софік Фабулашы

Жұмабегі, Танасы мен Мұраты
«Қазақ тілі»ғылымында кеменгер?!
Сұрамайды Әнес сөзге құн-ақы,
«Данышпансып ақыл айтты» демендер.

Қожекеев жүреді ылғи аралап,
«Студсовет» бөлмелерге бастайды.
Замдеканың журсे тәртіп саралап,
«Отыз сегіз» есігін бір ашпайды...

Тәртіп пенен тазалықтан – екіміз!
Ұлылықтың қиялына батамыз.
«Екілікке» өліп кеткен етіміз,
Сол баяғы ашық-шашық жатамыз...

Осы бір шумақтарды архивімнен кездестіріп, бұдан елу жылдан астам студенттік күндер еске түсті. Өздері көңілдері лепіріп, езулері көпіріп, қиял қанатына мініп, келешек кім болатындарын біліп, ай бір желпінетін еді.

Расында, сол тогыздың осалы болмады. Дүйсенбек, Жұмабек, мен – ақын, Әнес, Төлен, Тана, Шоқан – жазушы, Шаншархан альымды журналист, Мұрат Смагұлов тіл әдебиеттің гылым докторы болды. Әйттеуір, өз шыққан бүйгінде қалды. Шоқан, Дүйсенбек, Мұрат, Шаншархан о дүниелік бол кетті, марқұмдардың жаны жанатта болсын! Тана екеуіміз – Өскеменде, Әнес пен Төлен Астанада журіт жатыр, Жұмабектен хабарым жоқ.

* * *

Дүйсенбек досым радиода жүргенде өмірден озған ақындарды еске алу хабарларын үйымдастырып журді. Бірде Өскеменнен барған бір журналистен жыртылған жарты бетке асығыс сәлем жолдан жіберітті. Қалжыңға қалжың ретінде мен де мына шумақтарды умаждалған парапқа жазып, салып жібердім. Артынан телефонмен хабарласып, екеуміз де кулкіге қарық болдық.

Ассалау мағалейкум, Қанатбаев!
Келесін жыр жолында қанат жайыш,
Біз жүрміз Өскеменниң өнірінде,
Тірліктे тұртінектеп тамақ тауыш.

Біз алдық бір жапырақ сәлемінді,
Естідік ықыласты әдемі үнді.
Әліде салқам-салақ тастамапсын,
Жұтқышқа жаза салар әдебінді.

Ол-дағы менің медеу көніліме,
Ордендей қадай салған өніріме.
Әйтеүір Алматыда сен жүр гой деп,
Түспейді селкеу менің сеніміме.

Лебізің радиодан естілең,
Соққандай Атыраудың кешкі лебі.
Жезді де, қоланы да алтындағын
Көрсетер нағыз шебер өстір еді.

Эйтеуір бар екенің білінеді,
Сылайды жаралыны тілің емі.
Пенден құдай соққан сені көрдім,
Тышқан да арыстандай іріленді.

Қаншага келдің осы, Түрікпенім,
(Атыңың басын әлі ірікпедің)
Әншейін қалжың етіп айтқаным ғой,
Көңілге алып одан үрікпегін.

Сомдаған өліні де, тіріні де,
Хабарың жетіп жатыр күніліге.
Түймені түйедей ғыш көрсететін,
Шебер де шек келмейді іліміңе.

Дүйсеке, жазғанымды шам көрмегін,
Хабармен радиодагы алға өрлегің.
Естімей өлеңінді жүрмін кейін,
Досым-ау, бұдан басқа бар ма ермегің?!

Өлгенді, тіріні де мақтайтұғын,
Жалданған радиода жалгерме едің?!



* * *

ҚЖО-ның төрагасы Нұрлан Оразалинге

Бірде теледидардан Айбергенов Төлеген туралы хабар үйымдастырылып, зиялышты қауым Қарақалпақта жатқан ақынның сүйегін Қазақстанга әкеліп жерлеу керектігін айттып, ақын-жазушылардың жана шыры Нұрлан Оразалинге тапсырып жатты. Төкеңнің қызы Салтанаттың шагымына үн қосайын деп, Нұрлан ініме сәлем жолдадым...

Сол әңгіме осы күнге дейін аяқсыз қалды-ау деймін?

Айналайын, күйеу бала,
бастығым,
Жаның жібек,
ешкімге жоқ қастығың...
Отаныңда
сайран салып жүргенде
білінбейді тоқтығың,
не аштығың.
Ақындықты арқалаған, Азамат,
Күшағында Төлегенге аш бүгін!

Сөзіліш шығармалары

Айдалада қалып барады ақының,
(Қарақалпақ болса-дагы жақының)
Тұған жердің топырағын орансын,
Туыстардың естіп жатып «бақұлын».
Жеті жүздей жазушыға ұран сал,
Жетеді оған ақылың мен батылың!
Адамдықты аласартып жоймайық,
(Салтанатты шырылдатып қоймайық!)
Ақылдассаң,
Әкімің бар ақылды.
Қауым болып жақсылықты ойлайық!
Төлегенге қоныс беріп «Кеңсайдан»,
Жетпіс жылдық мерейтойын тойлайық!

Алақанға салып тұған Төкенді,
(Кейде ардақтан жатамыз гой бөтенді)
«Бір тойымды...» мың тойыңда жалғассан,
Дей бер, Нұрлан, бір қарызым өтелді...
Айбергенов жырын сүйген жүртшылық
Төлегеннің туын көкке көтерді!

Өшкен емес ақындарың жүрген із,
Жүректі де,
Білекті де түргеміз!
Өлеңменен отты өмір сүргеміз,
Қындықта сөгілмеген іргеміз!
Ұран таста жеті жүзге жететін,
Барымызбен,
малымызбен біргеміз!

Сыналатын соқты сенің сағатың,
(Дос, дұшпаның қабагыңды бағатын)
Ақын деген – жарық жүлдyz аспанда
Ақиқаттың арнасымен ағатын!
Серліп тастап күйкіліктің көрпесін,
Тұғырынан түсірмейтін ар атын!
Үрнисаның үміті де ақталсын,
Дәуреннің де қам көнілі шаттансын!
«Көп көтерген жүк жеңіл» ғой қашанды,
Қаламгерлер иғі іске аттансын!
Төлегенді тұган жерге тапсырсақ,
«Қазақ осы...» деп шынайы мақтансақ!

Әрине, баянсыз қалған бастамага Нұрлан кінәлі
емес шығар?! Біраз іс тындырганы есімде, десек те,
«қысқа жіп күрмеуге келмей» қалды-ау деймін. Бұл
арнауды Нұрланга жібергемін, алған, алмаганынан
хабарсызбын.

Архивте қалмай ел құлагына жетсін деген еді.



* * *

**Роллан Сейсенбаев інімнің 60 жылдық
мерейтойына Серіктің агалық лебізі**

Белімді будым бекемдеп,
«Мақтасам қалай екен?!» деп.
Роллан інім есімі
жүректе жатыр мекендей.

Арманың Айға ұмтылған,
Жүзінде жылы жыр тұнған.
Ағылшын болып кетпес ұл,
Тұған соң, қазақ ұлтынан?!

«Аңсау» боп өтті бір міндет,
«Өзімді іздең жүрмін» деп.
«Сагынып жеткен жаз еді»,
«Соңғы қар» еріп сүргін кеп.

«Бар-жогы бір тұн» тыныстал,
Роллан шаттық уыстал,
«Қазыбек қайтты» Еліне,
Жығылмас көкшіл ту ұстап.

Інімнің құрмет-сыйы ұstem,
«Жолы бар тауда түйіскен»...
Кемелді шақда келгенде
Жаңылма, Роллан, қүйістен!

Төмендеп «Шайтан тұғыры»,
Көтерсін көкке ұлыны!..
Абайдың рухы аллалап,
Жүзге ассын, Роллан гұмыры!!!

Лондонның тұман төрінде,
Өркендер өмір өрінде,
Жасай бер, інім - Роллан,
Жұмақтай Ел мен Жерінде!!!

Қазақтай дархан ұлы Елің –
бауырың, қолқа-жүргің!..
Сөйлеген елдің атынан
Қабыл ал Серік тілегін!!!
Талантты тарлан тұлегім!..

«Өскеменде мерейтойлық кездесу болады, Секе, сіздің құттықтағаныңыз лайық», - деп облыстық мәдениет басқармасының бастығы Түсіпхан Түсіпбеков өттініп, өзім де Роллан інімнің ырзалағын естуге бекініп, осы шумақтарды жаздым.

Бірақ кездесу болмады, өлең оқылмады, мерейтой иесіне тапсырылмады. «Өмірде не болмайды», бәрі жарасымды.

29.11.06

Әлібек Асқаровқа жолдау

Әлібек сырттай сыйлайтын сырбаз інілерімнің бірі емес, бірегей! Ага, іні деуден аспаған, артық сөзге баспаған ініме сол бір лаузымы биіктеп, беделі асып түрган кезде «бір кітабымды шыгарып берер» деп, жұмбақтау арнау-жыр жазып жіберіп едім, жауап болмады, мен де одан әрі қазбаламадым. (Мүмкін қолына тимеді ме?)

Архивімді ақтарып отырып, осы бір арнау кезікті. «Ескерткіш болсын. Ескі күндер елесі гой» деп «Сәлемдемеге» кіргіздім.

Тірлігімді баяндасам – тынымсыз,
Тағдырымды баяндасам – сыбырсыз.
Қыс күнімді баяндасам – қыбырсыз,
Жаз күнімді баяндасам – шыбынсыз.

Босағасын күзетумен ескі үйдің,
Өкінішсіз өміріме өксимін...
Арғы жагын өзің, інім, бағамда,
Сөз түсінер зиялы деп естімін.

Жалынымен жалап түрган жалғанда,
Қоңыр үйде қоңыр тірлік қалғанда,
Жан-жүрекке саусақ сығым салғанда,
Арашалап алмайды екен Аллаң да.

Сәламшыл

Тұтқасы жоқ,
тіреуі жоқ тірліктің,
Бүктеғілді белі білдей бірліктің.
Түрілмеген төбедегі тұндіктің
Желбауына желімделген жыр күттім.

Тұлға да жоқ табындырып тұратын,
Әулие жоқ алдына бас үратын.
Аяқтағы сұға ағып барамын,
«Насыбайдан көңіл қалып бір атым».

Бас иілмей,
Бел бүгілмей өтермін,
Сүйегіме сәуле сеуіп жетер күн...
Көлеңкесін қуалаумен қиялдың,
Белшесінен бөгеліппін бекердің.

Көңіліңе алма ағаңның наздарын,
Аңсамаймын артта қалған жаз бағын.
«Құс жолында» қиял қуып барамын,
Күндерімнің қанқылдатып қаздарын...

20.08.01

Сөзік Габдуллаевы

Ақын Ұлықбек Есдәулет 50 жаста

Сонау өткен гасырдың алпысыныш жылдарының аяғы ма екен, «Коммунизм түры» газетіне шынашақтай бала келіп, өлеңімен өсіп, жырымен жанып, құшагымызга еніп кеткен – Ұлықбек Есдәулетов бүгінде орыс-қазаққа танымал айдарлы ақын. Мені ұстаз тұтатын көрінеді, кезінде өршіл өлеңдерінің сиясы кеппей түрганда ықыласпен тыңдаганыма ризашылығы шыгар?! Десем де, «Ұлыага» деп ат қойған алғаш мен едім. Сол атауды ақтады. Көп раҳмет!!!

Тума талант толқынындағай Зайсанның,
Көтерілген күншығыстан - жайсаң құн.
Сауырыңың самалымен сусындал,
Жұпарын жұт жусаның мен майсаның.

Марқакөлдің мәрттігі боп марқайдың,
Ұлықбек боп ұлағатты тарқайды үн.
Қазақстан құшагында тербелген,
Айбынды Ақын ұланы қарт Алтайдың.

Тұған Елдің топырағында толғадың,
Жұмыр жердің шиырлап сан жолдарын.
Ер жасынды құттықтайды Өскемен,
Тау мен тасың, өзен-көлің, орманың.

Суырылды семсер сенім серт үшін,
Өлең-жырдың жалындаған өртісің.
Еркелеткен ақ толқынның жалында,
Құттықтайды елуінді Ертісің.

Сәлем деді сағындырган Сауырын,
Аман болсын! - деді тұған ауылын.
Күншығыстың жарқыраган жұлдызын,
Құттықтайды мерейтоймен қауымың!..

Басыңнан бақ, астыңнан тақ таймасын!
Жүректе от, бойда қуат қайнасын!
Тәңіріңнің шапағаты шашылып,
Күнің күліп, түнің гүлдей жайнасын!!!

* * *

Газет, журналдан көріне алмай жүрген жас шәкірттерімді тапсырып едім, сөзім өтті. Рахметтен басқа айтар жоқ, «жақсылыққа жақсылық бір Құдайдан қайтар» деп үміт арттым.

Әй, Ұлыага, Ұлыага!
Бүтінде болдың ғұлама.
Бас айналар биіктен
төмендеме, құлама!

Құлауга енді қақың жоқ,
Сөнбесін жанда лапылды от.
Мыңжылдықтарға мінгесіп,
Мәңгілік тұрсың ақын бол.

Ел үшін езген жүрегін,
Ақынның заржақ бірі едін.
Шалдығып шабыт қалмасын,
Саулығыңды мен тіледім.

Сөрік Габдуллаевы

Арманды арман жалғасын,
Ағынға қайық салғасын.
«Басыңды көтер,-деп едің,
басы жоқ деп жүрг қалмасын».

Алдыңда асқар ағаң бар,
Артыңда іні-қараң бар.
Тірлігі тұрса тұсалып,
Тіреуіш іздең алаңдар?!

Сондайға болсаң қырагы,
Түзелер көніл жыр-әні...
Ақылым емес, әншнейін
Айтылған сөздің сырагы.

Әй, Ұлыага, Ұлыага!
Халімді менің сұрама.
Қарттықтың қапқан қақпаны,
Ауыртпай жанды тұра ма?!

Қынына салмай қылышты,
Қыздырып келем ұрысты.
Өзіңе өлең арнадым,
«Жақсы сез – жарым ырыс-ты».

Ағалық айтқан сөзді ұғын,
«Дүбірлі топта озды ұлым.
Жан-жағыңда жетім» жүр,
Сала жүр соған көз қырын.

Кетілмей тасқа тұяғың,
Абыройлы бол, зиялым!
Өзің үшқан кешегі
Қадірін ұмытпа ұяның!

12.09.01

Серік Байхоновқа

Жиырма жылдай жұмыстас болып, талаі толғамды тірлікті бірге өткіздік. Бұл жігіттің бойында бәрі бар, дарын да, арын да, қарым да, қарын да, жалын да қаптаған терісіне сыйып кеткен. Екінің бірі Серік бола алмайды. Кейде байлығын шашып жіберіп, шайлышымен қалады, оған қыңбайды, өзін-өзі болаттай шыңдайды. Таққа сүйенбейді, аяққа сүйенеді, жалғыз жортқан бөрідей жолы бар, жұмысының оңы бар, солы бар. Эйттеуір, көңілінің көктей берсін көгалы, менің берер бағам – Жогары!

Мына шумақтар мерейтойлық лепірме тіркестер гой. Десек те, әр жолында гұмыр, әр сөзінде тұғыр бар!

Секеңнің маган жасаған жақсылығы асырып айтсам, атанга жүк. Оған ризашылығым шексіз.

Жарты ғасыр жол әлі –
 «Құс жолының» жолағы.
 Қарттықтың алыс ауылы,
 Жігіттік жақтан жогары.
 Күш-қуаттың бойдағы
 ағытылған тоғаны.
 Ойнақтаған ойлары
 Бір арнаға толады.
 Елудегі той қамы
 Елу дүркін орады.

Серік ғабдулауы

Жадыраған күн бүгін,
Көңілдің қайтып бораны...
Қара сөздің киесі,
торқалы тойдың иесі-
(Серік деген толып жатыр),
Байхонов десек болады.

Тұсіпханның құрдасы,
Сәулелердің сырласы.
Тұлғалы талай тарланның
Елуге келген тұрласы.
Адамы нағыз арманның,
Тәнірім, жаңын нұрлашы!?
Жалпағын басып жалғанның,
Құтылмаған ұргашы.
Кеменгерлік ойы бар,
Ортадан биік бойы бар,
Көрінер көзге сұлбасы.
Елуге келген тойы бар,
Байхоновтың биік тұлғасы.
Ақынның тілі ойылар,
Бүтінгі тойдың жыр басы.

Ат үстінен тұспейді,
Жігерге жігер үстейді.
Жетідегі сәбиіді,
Жетпістегі қариді
Жұмысқа шегіп күштейді.

Сорпасы шыққан сорының
Шандырыбылқып піспейді.
Өмірді бұл да жүлқылап,
Өмір де оны тістейді.
Төбесіне шықты табыстың,
Сонда кеуіп-іспейді.
Танауына су жетпей
Жүреді жаз, күз, қыс мейлі.
Тәулік бойы тышырлап
Жиырма бес сағат жұмыс істейді.

Табиғат тілін біледі,
Жамағат тілін біледі,
Бөрі болып ұлды,
Ит болып та үреді.
Бетпақ дала төсінде,
Саяхаттың көшінде
Көлменен де сырласып,
Шөлменен де мұндасып,
«Гажапстанға саяхат»
Жасап жүреді.
«Құйылыста» кездесіп
білегін бекем түреді,
Тәуліктеги тыным тапшаган
Ұмытпайды ұлын ұлы Елі.
Басы толған идея,
Жалынға толы жүргегі.

Сөрік Fabduлашы

Тілеймін тек денсаулық,
Басқаның ода бәрі бар.
Өмірлік сылқым жары бар,
Бала-шаға тағы бар,
Немере деген бағы бар,
Жігіттіктің шағы бар,
Көңілінің ағы бар,
Көкейінің шамы бар,
Жұртына шырақ жағылар,

Қазына болып табылар.
Балбырап батар күні бар,
Ләzzэтқа толы түні бар.
Байхоновта ақша бар,
Бала-шаға бақша бар,
Насыбайы таусылмас
Арқар мүйіз шақша бар.
Салтанаттың сәні бар,
Сал-серінің әні бар,
Қысқасы, Байхоновта бәрі бар!

2003 жыл



Өнердің өресінде із қалдыған

Бармагынан бал тамған күйші, талай шәкірттің қанатын қатайтып, қиянга самғатқан; өмірде аспаган, саспаган, қисық қадам баспаган құрдасым – Беделбек Эбілмәжіновке.

Сахнаның төрінде қараторы талдырмаши жігіт пен құйтақандай қара бала қос дөмбыраның құлагында ойнап, қазақтың қанын қайнатар, делебесін қоздырар құдіретті күйді төгілдіріп отыр. Залдагы көрермен сілтідей тынып балдыған баланың қимылын бағып қалғандай... Бұлар Тарбагатай топырагының талантты тұмалары, экелі-балалы – Беделбек пен Бақытжан Эбілмәжіновтер еді... Содан бері де айлар аттап, жылдар жылжып, өмір-өзен өз арнасында ага беріпті. Беделбек мосқал тартып, балдыған Бақытжан баяғыда атпал азамат болыпты.

Сезімінен саз соргалаган, журегінен жыр боздаган, көңілінен күй төгілген Беделбек өмір бойы өнер өзенінде өрге жүзіп, күймен сусындан келеді. Оның жүздеген шәкірттері қазір Беделбектің беделін түсірмей, улхен өнердің тайқазанында Қазангаптың күйімен қайнап, Құрмангазының күйімен қуаттанып, Сүгірдің күйімен сүйініп халықтың қадіріне, көрерменнің көзайымына айналып жүр.

Атақты аңсамаган, даңқты қумаган, абыройды жинаған, өнер жолында өзін «қинаган» Беделбек қарапайым қалпында аспай-таспай ортамызда жүріп жатыр. Жай жүріп жатқан жок, жетпістің жотасына аяқ артса да, қолында домбырасы, жолында өнері жолдас бол келеді.

Сөрік Габдуллаев

Өз басым «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген қагиданың құшагында жылы лебізімді өнер адамдарынан аяマイмын. Өйткені, дарындылар даралықты қалайды, асқақтықты аңсайды, биікке үмттылады. Оларга тақ керек емес, өнердегі бақ керек. Соны өзі іздемейді, кейде келіп-кеткенін де байқамай қалады, күйге көміліп, әнге оранып, жырга жылынып жүрсе, күйкі тірліктің күйбеніне қоңбейді. Беделбек те, басқалар да осыны қалайды, ұсақтыққа бармайды. Беделбектің өнердегі өмір жолын өзінің жазғансызғанынан байқай отырып, ол туралы оқшау ойым қалт кептегенін, сезім сенімімнің алданбаганын үқтый...

Бәрімізде өтеміз бұл өмірден,
Өнерді сүй, аймала жүрегіңмен!..
Көңіл күйін кеудеде күмбірлетіп,
Бақытты ғой, тәтті өмір сүре білген.

Сөз өткізбей етінен, сүйегінен,
Өмір сүрген бақытты күй-өмірмен!
Не жетеді дүниеде жаныңменен
Өнер атты әлемді сүйе білген?!

Сағыныштың сазымен сырласады,
Қүйқылжыған құлан күй қырды асады.
Беделбектің күйлерін тыңдағанда,
Шаттық толып кеудеге, мұң қашады.

Саламада

Асылында, «өтейік бұл жалғаннан күліп-ойнап»,
деген халық өлеңінің қалыбында қалып, жырмен жанып,
күймен қанып, сезімнің селине шомымып өмір сургенге не
жетсін?!

Осының барін Беделбектен көремін, түрмисынан
танимын. Қанагат қарын тойғызады, өнер көңіл
тойғызады! Қандай әйбет! Қандай керемет!..

Жасай бер, Беделбек,
Күйменен елеңдеп!
Тәттімбет аруағы
Қалмасын төмендеп,
Өнердің жапырағы жайқалып,
Тамыры тартсын тереңдеп!.

* * *

Журналистік жолда жортып жүрген Мұрат пен
інілерім – Оңдасын, Айтмұхаметтер етене жақын.
Сырлас та мұңdas жандардың туган күндеріне
арнауларымды жүртішылық алдына жайып отырмын.
Жариялы болуга лайық азаматтар.

Досқа тілек

Мұрат Эміреновке

О, менің Бозанбайым, Мұрагасың!
Ағаға - ай, ініге Нұр – ағасың.
Бірақта жеркомдіктен тайып кеттің,
Біреу кілем...
Біреулер «отыз сом» деп сұрагасын,
Біреулер «жолдама» деп жылағасын.

Сөрік Fabulationи

Сонда да сүйкімдісің, Мұрагасың!
«Партком» бол та тұғырда тұра аласың!
Расында,
бәріне де шын-агасың!

О, менің Бозанбайым, қырықтасың,
Жиырма жылда жиырманы ұмытқасың.
Сонда да жаның жаз ғой,
көңіл-көктем,
Жүргегің қантардай бол сұытпасын,
Жігерің жігерсіздікті жуытпасын!
Сезімің жиырмадай «ұйықтасын»,
Төзімің төсек тартып бұйықласын!
Сен әлі қырықтасың,
қырықтасың!

О, менің Бозанбайым, кеменгерім,
Журналистің жолына терендеңдің.
Жақсы көрген шығарсың тілшілікті,
Мұғалім болсаңдағы өлер ме едің!
Өлмейсің ғой,
Қоса агар қосағынмен,
Жүз жас-тағы ол сенің көрер жерін,
Мың жаса, Бозанбайым,
Кеменгерім!

* * *

Оңдасын Елубайдың 50 жылдық мерейтойына

Эріптес інім – Оңдасын,
Елуге келіп қалыпсың.
Ел ағасы болғасын,
Құрметті атақ алыпсың.
Азамат болу – ол да сын,
Алдында жүрттың жарықсын,
Ұланын елі қолдасын,
Сүйсінер ұлды танып шын.
Сері ағаң жырын толғасын,
Өлеңнен қалай жалықсын!?

Жас шыбық едің кешесін,
Көктемде жарған бүршігін.
Жас тұлпар болыш өсесің,
Құлақты жарап дүрсілің.
Жылдарды жіптей есесің,
Зырылдал жүріп үршығың.
Жусанын жерің төсесің,
Ұсынып Зайсан гүл-шырын!
Тұрмыстың түйінін шешесің,
Аман боп жүрсін Жүрсінің!

Қашанда үшқыр қаламы,
Жеменей-шабыт желеді.
Талпынып тауға талабы

Сөрік Fabрикасы

Сауырга шықсам деп еді.
Биқтеп шыңға барады,
Менсінбей мынау тәбені.
Арманы асуды алады,
Кетпесе кеміп көлемі?!
Жазылар саған тағы әлі,
Серіктей ағаң өлеңі.

Қаламның майын тамызған,
Бастаған репортаж көшін кеп.
Сұхбатқа очерк жазғызған,
Тарих қалай өшірмек?!
Таңдайға тәтті тамызған,
Дүшпаның-дағы досым деп.
Атасы шыққан аңыздан,
Ағын су көрсе шешін деп
Ертісті кері ағызған,
Ондастын батыр – Есімбек.

Інімді аса мақтаман,
Онсыз да ел білер бағасын.
Зайсандай елге шаттанам,
Құрметтеп жатқан баласын.
Еңбегің болса ақтаған,
Бақытты содан табасың.
Ұланның қызы баптаған,
Зайсаннның пысық қарасын.
Болғанша жарап ақ табан,
Серіктен мақтау аласың.

Ер жасы – Елу ерттеген,
Алдында әлі жарық күн
Жүректе жанған өртпенен,
Қайратын жаса алыптың.
Сексенде де сертпенен,
Тұғырда талант танытқын!
Болмасын жолдас дерт деген,
Тоқсанда деме тарықтым.
Қалмасың сырың шертпеген,
Ұлы бол қара халықтың!

Денсаулық болсын темірдей,
Жүрсінің жүрсін қасында.
Көктемгі күнгі көңілдей,
Бақытың тассын басында!
Бәйшешек басқан өнірдей,
Домаласың өрге тасың да!
Талабың тұрсын тебіндей,
Жиырма бірінші ғасырда!
Өкінбей өткен өмірдей,
Той жаса жұз бір жасында!

25.05.2000

Сөрік Габдулаевы

Айтмұхамет Қасымұлының 60 жылдық мерейтойына құттықтау

Айтмұхамет,
Асыл інім - Айтаным,
Бәйтеректей жапырақ жайған - Байтағым!
Асқаралы алпыстагы тойында
Ағалықпен ақ тілекті айтамын.

Адам сүйер қасиетің көп, тегі,
Еңбегіңмен өмір жолың көктеді.
«Дидарменен» дидарланып келесің,
Бір күнің де терін төкпей өтпеді.

Ұрандамай, бұрандамай өмірің
өтіп жатыр, тауып Назгұл көнілін!
Қосағыңмен қоса ағарып жүре бер,
Жүргегіңнің нұрын шашып төрі күн.

Тұдың, өстің Бұқтырманың бойында,
Балалықты бердің сен де ойынга...
Ақсақал боп тілек айтып мен тұрмын,
«Балапан шал» - Айтан інім тойында.

Жауыр болған тілектерге бармайын,
Қасиетті қара сөзді қармайын...
Тал бойына кісілікті, кішілікті жинаған
Айтаныма ақ тілекті арнайын!

Жазушылық, журналистік жолында
Табысты бол,
Бақыт сенің қолында!
Тұғырынан тәмендемей тұра бер,
Том-том болып шұбырсын із соңында!

Ұланның да,
Тұранның да Айтаны!
Бойлап өскен Бәйтерегі - байтағы...
Серік ағаң жыр оқыды жүректен,
Загипадай жеңгөң өлең айтады!..



«Шығыс Ақпарат» холдингінің директора Нұржан Қуантайұлына

Баспасөз беттерінен балғын жырларын оқып, ауыл баласының сағынышын сезінгендей едім. Енді «ауыл баласы» - Нұржан Қуантайұлы арманын арқалап, Өскеменнен бір-ақ шығып, қатарымызга қосылғаны – қуаныш.

Анда-санды аралас-құралас болғанда жаныма жақындығын, адаспас ақындығын аңгарып, жүрек қалауымды жазып қойыппын. «Сәлемдемеге» сұранып түр екен... Менің ықыласым осы, Нұржан інім!

Ауылды аңсан
аңырап шығып едің,
Жүргегіңнің
жаймалап жылы лебін.
Сегіз таспа-
Қазақтың қамшысындаі,
Жұмырланған
жинақы жырың өрім.

Табиғатты
тамсанып сүйе білген,
Танылады
талантың сүйегіңнен!..
Оқып едім
алғашқы өлеңінді,
Күмбірлеген
көнілден күй өрілген.

Таныс едім сыртыңнан,
Сары бала!..
Келдің бүгін
жанасып жанымда да.
Маган қарай
бүйрекің бұратындаій,
«Жақсы ма»,-
деп қоясың,- «халің, Аға?!»

«Ақпараты Шығыстың»
шырайланып,
Оқырманның
жанына ұнайды анық.
Қақпақылды
көп көрген - әдебиет
Жетімшілік
көрмесін былай қалыш.

Жыр-тұлпарын
жусанмен тағалаған,
Ақын інім-
деп Сені бағалағам...
Кездескенде
ілтипат білдіретін,
Айналайын тіліңнен
«Ағалаған» !

Сөрік Габдуллаев

Арыстанбек Какиевке

Бұл өлең ертеректе Көкше өңірінің «Бурабай» курортында демалып-емделгенде жазылып, кейін өлеңдер жинағыма енген. Осыдан бір жыл бүрын атақты әнші Ораз Қәкеевтің ұлы Арыстанбек Қәкеев өлеңге ән жазып, республикалық «Шабыт» фестиваліне қатысады. Өзі сазгер, өзі орындаушы - Арыстанбек «Шабыттың» бас бәйгесін иеленди, автор ретінде мен де сыйлық алды.

Сыймаган Сарапқаның даласына,
Тағдырдың түскен талмай таласына.
Құйындаі Құлагерді қамшылаумен
Күн кешкен Сырымбеттің сағасына.

Алдағы алас үршіп арманына,
Аруы-Ақтотыны алмады да.
Қайғыны құшақ-құшақ арқалатып,
Тағдыры талабының алдады ма?

Заманның қарсы жүзіп ағысина,
Дақ салмай өтті сері намысына.
Сарапқа әлі күнге солқылдайды,
Кешегі Құлагердің шабысына.

Серінің сергектігі сезіледі,
 Жүрегің жалын-жырга езіледі.
 Сүйеніп ат жалына сай ішінде
 Сүйгенін тосып Ақан көз іледі.

Тұндерін күн ете алмай пәнидегі,
 Жалғыздық жетегінде зар иледі.
 Махаббат періштесі – Ақан сері,
 Үрпағың жүрегінді таниды енді.

Далаңың дауылпазы дабылдаған,
 Іздейді бүтін сені сағым далан.
 Жатырсың құшағында тұған жердің,
 Ескерер адам бүтін табылмаган.

Тек қана әнің қалды аспанымда,
 Жарқ етіп өткен ғұмыр қас қагымда.
 Не атың, не ескерткіш қойылмады-ау,
 Шарықтаап тұрса да әнің асқарымда.

* * *

Галым ініме!

Откен гасырда жазылған арнау арнасында суалмай, Галекең қазір Пайғамбар жасынан асса да, сол аңқылдақ ақын күйінде қалады.

* * *

Өзі бай, өзі ғалым, өзі батыр,
Айтыста айқайлаған сөзі батыл,
Галекең де қырықты құрықтапты,
Бұл – дагы толысқаны-ау сезім, ақыл.

Кетеді кейде бірақ бала болып,
Сөйлейді кейде өзіңе дана болып.
Қырықта ақыл тісі шықпаған ба,
Жете алмайды кейде үйге ара қонып...

«Сауырдың самалындай» жырлары бар,
Зайсанның жайсаныңдай сырлары бар.
Қай құдай бұл Гакенді ала қойсын,
Қасында Тұрсын, Ермек - жындары бар.

Салыншы

Галеке, қалжыңды алма көңіліне,
Зиян болар деген ғой өміріңе!
Қырыққа толғаныңда құшақтайын,
Келші бір ақын жүрек төрі, міне!

Тілеймін ақындықта дара дарын,
Сау болсын асыл жарың, балаларың.
Кей кезде көкке шығып кеткенінде,
Келіңнің қабағына қара, Галым!

Ер көңіл, жібек міnez, жайсанымсың,
Еліңе еткен еңбек қайтарылсын!
«Ақындық жолындағы арғымағым» -
деп жүртқа мақтан етіп айтарым шын!

Онсыз да көтеріңкі сениң бағаң,
Жаныңның жайлалаудың төрі – ғалам!
Қырықтан жүзге жет деп құттықтаған-
Өзіңнің қаламдасың – Серік ағаң!

1989 жыл, 11 январь

Сөрік Габдуллаев

Қайырды Назырбаевқа

Қайырды Назырбаев журналистік жолда етене араласқан досжар жан! Ақындық злеміне қалам тартып, өрелі өлең, жылы жыр сыйлаган, сыйлан та келеді. Жұбайы Гуля да керемет жан. Сырлы сыйлас қалпымен өмір өткізіп, көңілдерін көкке жеткізіп келе жатыр.

Осы бір Катонның қарагайындағы қайратты шумақтарды жұбы жарасқан, арманымен алға асқан Қайырды мен Гуляга арнаймын.

Қарагай қара қазақ өресіндей,
Тәкаббар бар арманның төресіндей.
Тұғырда тұрган тұлғаң туған Елдің
Толқынды жарып өтер кемесіндей.
Ақыңтайын Алтайдың аңыздары
Ақынның жырга толы сөресіндей.
Қарагай - Қаратайдың қарақшысы,
Алты сай Найман тұмақ төбесіндей.
Тұманда тұлғаң биік көрінеді,
Тәнірдің таң алдында елесіндей.

Қарагай, қабығың да қалыңдаған...
Шырышты сағызың да алынбаған.
Жасаған жасынды да жасырасың,
Жап-жасыл жапырағың жалыңдаған.
Тұманды Тарбагатай жайлайында
Ақ Қаба арғымақтай арындаған...

Тірліктің тәлкегіне түссе дағы,
Бақастың бұғауына бағынбаган.
Әрліктің өресіндей өссес-дағы,
Тау тұлғаң көрмес көзге шалынбаган.

Қарағай, ойым да жоқ бұдан бөтен,
Алтайдың арқасына шығар ма екем?!
Орманды ойсыратқан ойсыздардың,
Орыны толмайтынын үғар ма екен?!
Білеудей бұтагыңда бунақталған
Жаңғағың жан сақтайтын тұмар ма екен.
Теңселтіп тауды желі тебіренсе.
Шайқалмай шаңырағы шыдар ма екен?!
Тұманың тұмшаласа бар бейненді,
Мұстаудан шыққан күнің мұнарлы екен!

Қадірің кемімесін, қарағайым,
Тұлғанды жырымменен даралайын.
Алтайдың алыбындай саған қарап,
Сайында өссін еркін бала қайың.
Күн өтіп көнілінді мазаласа,
Мен барып көленкенді панарайын.
Сайрандал сенде өткен серуен күнді,
Саусақтың саласындаи саралайын.
«Қосжүрек» көніліме қоңып,
Шәнірлі қарағайдан нәр алайын...

* * *

Тұргазы Нұқайұлы, Мүсілім Құмарбекұлы, Мен –
үшеуміз жиырмасының гасырдың елуінші жылдарынан
бері жұбымыз жазылмаган жандармыз. Түкеңнен
тоқсанының жылдары айырылып қалдық. Мүсілім
екеуміз егіз қозыдай тірлік кешіп келеміз. Балалық шақ
пен даналық шақты бірге өткізіп келе жатқан
достардың жандарын өздерің түсінерсіңдер!

Одан кейін жайымыз жарасып, тағдырымыз
тамырласып кеткен Тоқтарбек Қызықбаев пен Хамит
Балишабеков еді. Өкпесі жоқ, бауыры бар жандар
болатын. (Топырақтары торқа болсын!)

Хамит туралы көп айтуга да, тук айтпауга да
болады. «Достықта жоқ шекара» қагидасымен өмір
сүрдік, сырластық, мұңдастық, жымдастық. Оған
берілетін бага – «Ақын еді» деу гана. Мақтауга да
сыймайды, көпірме сөз аруагын қинайды. Болды...

Ұлы дала-ұлысың

**Ақын әріптесім Тұргазы Нұқайұлының
60 жылдығына**

Ұлы даланың ұлысың,
Жусанның іісі аңқыған.
Ұланның өлең-жырысың,
Бетеге көніл шалқыған.

«Тұяқтың» - тұлпар тұяғы,
Кетілмес шаңбыл тасқа да
Өрелі ойың - ұялы,
өнеге тұтар басқаға...

Шымқора шаңқай шағында
талбесік болып тербеткен.
Жүргегінді орап жағынға,
Сыйлаған шабыт жөргектен.

«Боранбай» таудың қойнынан
қарақат жидек тергенің,
Кетпейді сенің ойыңнаң
Өлең ғып бүгін тербедің.

Ұланың – құтты босаган,
Розаң тұскен келін бол.
Ағайын, туыс, дос адам
Үйіңе тұсті төрім деп.

Сөрік Габдуллаев

Қосағыңменен ағарып,
Арманды құшып алға астың.
Жырменен жаңың жаңарып,
Шапагын құйды алмас Күн.

Қолтықтан ешкім демемей,
Бақытқа өзің жолды аштың.
Ақылы дария көнедей,
Атасы болдың Олжастың.

Тұраға - деген атыңды
болды ел сыйласп тұратын.
Жібек жан, нәзік ақынның
қолдайды құдай мұратын.

Ертайың жұрсін тірек боп,
Келінің сыйласп иіліп.
Тірліктер тұрсын тұлеп тек,
Құрметтер Елің сүйініп.

Алпыстың алдын асуын,
Қуатың толып, күш тассын!
Домалап өрге тастарың,
Тойыңда тойың үштассын!

Жаңыңнан жырың жамырап,
Кеңейтсін тыныс арнасын!
Үрлағың сенен жалын ап,
Ұлагат Жібін жалғасын!

1997 жыл, 22 маусым

Сәлаңғазы

* * *

*Түкенің (Тұргазының) қазасы қатты батты.
Кімге жағынарсың? Жылаган жүректің жоқтау
жырып жаныма медеу тұттым.*

Дала да бүгін жылаған,
Қала да бүгін жылаған,
Дана да бүгін жылаған,
Бала да бүгін жылаған,
Жыламай қалай шыдаған,
Дүниеден өтсе шын Адам,
Дүниеден өтті Тұрагам!

Қара жер кеүіп тулақтай,
Қалғандай кеүіп су да ақпай,
Қаралы қаза қайғысы
Қоя ма елді шулатпай,
Дүниеден өтті шын Адам,
Жылатып кетті Тұрагам!

Балалық кешкен далаңды,
Қасиет тұтқан қалаңды,
Ертайдай артық балаңды
Қалайша қып қалдырың?
Жанына қайғы салдырың...
Соны да ойлап жылағам,
Дүниеден өтті Тұрагам!

Сөрік Фабдулаев

Розадай асыл жарыңды,
Сергазы, Сарқыт – жаныңды,
Ғалым сынды барыңды
Қызып кеткеніңе жылағам,
Дүниеден өтті Тұрағам!

Опасыз мынау жалғаның,
Тіріге қайғы салғанын,
Нар көтермес салмағын,
Ішінде кетті-ау арманың,
Тірінде өлең оқып ем,
Өлгенде жоқтау арнадым,
Жалғыз да қалып сарнадым!

Қош менің алтын балдағым,
Қош менің қымбат ардағым!
Жұмақта болсын барғаның,
Ақ нұры жауып Алланың!

Тәкаббар таулы жерденсің,
Тумысы текті Елденсің,
Қыныңқ талай көргенсің,
Апаңның соңына ергенсің,
Бауырга бақыт бергенсің,
Адам едің алтындей,
Ақын едің жалқындай,
Өлеңнен өрнек өргенсің,
Жырмен жаның тербелсің;
Қош бол, менің Тұрағам!
Сәулесін шашқан Нұр-агам!

Хамит Балшабековке

Айналайын-ай,
 Қалыпсың қапы қапада,
 Кеуденде қайта арайлы таңың ата ма?!
 Ақының саған азынап жырын жазады,
 Сен қайғырғанда жүрегім тыныш жата ма?!

Айналайын-ай,
 басыңа орнап мұң-қайғы,
 Жаныңды сенің қара мысықтай тырнайды.
 Ашық күнде төбенен түсті наизағай,
 Ғашық күндерде кім ойлаған мұндайды.

Айналайын-ай,
 құлап түсіп қорғаның,
 Өрттейін кете барыптау қара орманың,
 Қалайша, жаным, қара күйге ұшырап,
 Қалайша, жаным, бақытты шақта сорладың?!

Айналайын-ай,
 адасып ұшқан қыраным,
 Мезгілсіз шақта мерейің жасып, жыладың.
 Желкілдеп өскен бәйшешектерді медеу тұт,
 Жапырылмасын жайқалаип тұрган құрағың.

Сөрік Габдуллаев

Айналайын-ай,
арқырап өскен тұлпарым,
Алдыңған сениң ата берер-ау нұр таңың.
Жазылмас,
мүмкін жазылар жара жүректе,
Ұмытпа бірақ бар екенін әлі үрпағың.

Айналайын-ай,
ақыл айтуга да шорқақпын,
Неден ғана басыңа мұндай сор таптың?!
Өкініш деген өкіне берсең ортаймас,
Басыңды көтер,
Қайғыңа мен де ортақпын!

Айналайын-ай,
мұндайдың білер кім емін?
Қымбат қой саган,
Қымбат қой маган гүл өрім.
Қайғыңды сениң арқалаймын деп қосыла,
Тоқырап қала жаздады-ау ауру жүрегім.

Айналайын-ай,
ақ көңіл нағыз қазағым,
Естімейінші ешқашан сенен азалы үн.
Балаларың мен Бәнүдің ойлан саулығын,
Соларға берсін қайырын мына қазаның.

Айналайын-ай,
айталман сөз де аталы,
Сенің қайғың маган да мықтап батады.
Көну де қыын,
Көнбеуге тағы амал жоқ,
Бұл пәниде пендениң бар гой татары.

Айналайын-ай,
күрсінбे мейлі, күрсін көп,
Достықты құдай қаламады гой жүрсін деп.
Пендерге солай ашыны кейде татырар,
Тәттінің қадірін қастерлей ғана білсін деп.

Айналайын-ай,
көбейтпе жанда налуды,
Жалғыз ұшқан біледі қыран жануды.
Емендей берік илсе де сынбайтын
бекем бол,
сүйе балалар менен Бануды.



* * *

Хамиттың бір қапалы кездерінде жұбату орнына

Сүрінгенің емес еді-ау бір айып,
Тұруши едің қайта сапта тыңайып.
Қабыргама қатты батты, қайтейін.
Қарағаның батылсызыдау мұңайып.

Ұққан да бар,
Ұқпаган бар күйінді,
Өзіңе-өзің әкеп тарттың сыйынды.
Әлде неге айырбастап жібердің,
Қара ормандай қара тартқан үйінді.

Тілеп алған жоқсың мұндай тірлікті,
Азамат ең,
болмасаң да бір мыңты.
Ата жаумен айқасқандай айқастың,
Таба алмадың одан басқа шындықты.

Жастайындан тауың қалды шағылып,
Ой-орманың кетті өртке шалынып.
Арман құсың қалықтай ма қайтадан,
Ұшар ма енді көніліңиен ақ үміт?!

Кей біреулер туда сала олжалы,
Маңдайының бес еліден мол бағы.
Балтауы кем қырандайын үша алмас,
Кей таланттың тар ма еді жолдары?!

Болат семсер едің жүрер жасымай,
 Ағын едің агатын жай тасымай.
 Жанашырың болмаған соң күн осы,
 Менің жаным тұра алмайды ашымай.

Кейбіреулер сүрінсе де құламай,
 Сұлдеменен күн кешеді тұралай.
 Ол да сенің келмеді ғой қолыңнан,
 Өткенде жөн ондай тірлік сұрамай.

Сезінемін басыңдағы мұң-зарды,
 Қаламайсың әлі де сен құздарды.
 Мен сенемін жүргегіңнің отына
 Элі талай ерітетін мұз-қарды.

Мұсілім Құмарбекұлына

*Мұсілім елу беске келгенде арнап едім. Құдайга шукір,
 қазір жетпістен асып, сексенге басып келеді.
 Алла амандағыны берсін!*

Жолдасым, досым, сырласым,
 Елу беске кеп тұргасын,
 Шабыттың шалқар теңіз бол,
 Жүргегім оттай туласын.
 Сағыныш сезім сені іздең,
 Сүйексіз тілім жырласын!
 Достығым өтер егіз бол,
 Көрсетіп өмір тұлғасын.

Сөзіл Фабулашы

Шапагы Күннің шаттық боп,
Жаныңды шуақ нұрласын.
Жолдасым, досым, жақыным,
Жүректе жаныш жатыр үн.
Жазушы жаның жарқырап,
Агартсын арман шатырын!
Асау Ертістей арқырап,
Бақыттың тассын, батырым!
Тоқсанда толсын ақылың.
Достықтың жүгін артып ап,
Жаныңда жүрсін ақының.

Жолдасым, досым, бауырым,
Көтерген жүктің ауырын.
Томдарың тұрсын тұлғалы,
Шабыттың сипап сауырын.
Сағыныш сезім сырғасы-
Шымқора – тұған ауылың.
Қызғалдақ толы қырлары,
Шыңдасын ерке тау ұлын.
Мұқтардай мықтал тұр-дағы,
Сезімнің селдет жауының!

Жолдасым, досым, тұстасым,
Ұядан бірге үшқасың.
Киянга қанат сермедің,
Қаламай жолдың қыскасын.
Халқына қызмет бергенің,
Үрпақты сендей үштасын!

Өрелі өрге өрледің,
Қындық жанды қыспасын!
Көрейік табыс терлерін,
Көрейік сөздің ұстасын.

Ағарып таңың атқасын,
Еңкейіп күнің батпасын!
Тұтырың шығар биқтеп,
Арманың алға аттасын.
Шар болат семсер тот басып,
Түбінде қынның жатпасын!
Алмастай сөзді жарқылдат,
Шуағын шашар шақтасың.
Құдайың қолдап ұдайы,
Періштең қағып сақтасын!
Қара ниетті қаралап,
Өрлесін өрге ақ тасың!
Арылмай бойдан қуатың,
Тигізбей құрық құр атың,
Тәңірің танып жақтасын!

1994 жыл



Сөрік Габдуллаев

Досым – Тоқтарбек Қызықбаевқа

Ағып түсті бір жұлдыз аспанынан,
Нұр құлады Алтайдың асқарынан.
Жеменейдің жанары жасқа толып,
Су саулады Сауырдың тастарынан.

Сынықтары Жұлдыздың шашырады,
Әр кеудеге қонуга асыгады.
Сыпрылған пәнидің пердесінен
бет-бейнесі жалганның ашылады...

Сыңсып самал Сайханның шыңдарында,
Өкініші өксиді мұңдарында...
Мәңгіліктің мәнісі манаурайды,
Жамыраған Ақынның жырларында.

Айғыз-айғыз Ай беті кірлегендей,
томсырайыш түр Көкте, тілге келмей...
Мый айналып,
ақылым алжасады,
есенгіреп қалған ес кірмегендей.

Кызыл шапан киген күн қызарады,
Тұнжырайды кешкілік тұз алабы.
Тұғырында теңсөліп Тарбагатай,
көлеңкесін көлбетіп ұзарады.

Шарасында нүр Зайсан шайқалады,
Жоғалтқандай бақытын бай тарабы.
Көңілден де,
көзден де алыстаса,
бийктігі таулардың байқалады.

Ағып түсті бір жұлдыз жерге сіңіп,
тебінгісі тепсінген терге шіріп.
Туган жердің торқа ғып топырағын
Жатайын деп қойнында кең көсіліп.

Келіп-кетіп жатады әңгүдік жыл,
Саясында салтанат сән құрыш жүр...
Шыңдарында Алтайдың шырқырайды,
Егесінен айрылған мәңгілік жыр.

* * *

Азамат Тасқараулы – адудын ақын, гарыштық жыр иесі. Туган елі – Ұланның емес, түркі злемі – Тұранның мақтанышы боларына сенемін. Он сегізінде екі жыр жинағын шыгарып, жиырма бір жаста Қазақстан Жазушылар одагына мүше болған ақын-жазушыны естімеппін!

Немеремдей болып кеткен ұлым – Азаматқа ақ жол, айшиқты гүмыйр тілеп, осы бір өзекжарды жырымды «сәлемдеп» отырмын.

Сөзіл Фабулашы

Атқызатын арманмен қала таңын,
Жүргегінің сезініп алақанын...
Жиырмада
жайылған ақын аты-
Аман бол,
тіл мен көзден балапаным!

Жиырма мен отыздың
арасында
Шыңқандар бар
ширығып дара шыңға.
Тау сұндарай
таситын туда сала,
Қасиет бар
қазақтың баласында.

Тайынтының
Тас жарған қарағайы,
Шыбындының
Шып-шымыр тарағайы,
Жұлдызды жып
Күйілыш кеудесіне,
Терезеден
Тұрады қарап Айы.

Ғашық жүрек
тарышпен тілдеседі,
Көнілінде Ай аунап,
Күн көшеді...

Бақсыдайын бал ашып
отырганын
Атасынан басқасы білмес еді?!

Үмітім мен күдігім,
жат алмасып,
Тәтті жырды
көңілім татарға асық...
Жолдарына
жыр шашып келе жатыр,
Атасы мен немере
қатарласып!.

Шәкірттеріме

«Шәкіртсіз - ұстаз тұл» десек, бұл да бір қазақи тәрбиенің нышаны. Өз білгеніңді артыңдағы ізбасарларыңа сіңіру – үрпақ сабактастығы.

Данышпан болмасам да, «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінде жетекші бөлім – «партия түрмисы» бөлімінде отыз жылдай журналистік қызмет атқарғанымда талай іскер де шебер шәкірт тәрбиеледім. Олардың барлығы да бүгінге дейін атақты да беделді журналистер қатарында еңбек етіп келеді.

Ұстазына қанаттас, қызметіне сабактас болған шәкірттерім – Жұмагазы Игісіновке, Нәспінолда Есімовке, Мұрат Тастанғановқа, Айтмұхамет Қасымовқа, Уәлихан Тоқпатаевқа арнаймын!

Сөрік Габдуллаев

* * *

Жұмырланған
сайдың шомбал тасындаі,
Жай оғында
жарқылдаған жасындаі..
Тұягымен
тасты илеген тұлпарлар –
Қалған емес
бастан бағы ашылмай.

Журналистік
жолдың мықты жүйрігі,
Терен судың
сурылған сүйрігі!..
Талабымен
тас жаратын таланттың
Өз қолында
беделінің билігі.

Жанрынды
шабыттына жаниды,
Қарапайым
еңбегінің бәрі игі.
Айтан, Мұрат,
Жұмағазы, Уәлихан
Қолтаңбасын
оқырман жұрт таниды.

Бұлар елдің
шоқтығы мен өркеші,
Шығыстағы
қalamгерлер серкесі!
Бес асудың
белін басып өтсе де,
Келіндердің
түңғышындағы еркесі.

Қанша мақтау
айтсам-дағы сыйды,
Зейіндері
зерделенген зиялы!..
Шашасына
шаң жұқтырмай шәкірттер
жүрсе болды,
Қанаттанып қиялы.

Қазақта көп
айдарлы атпал азамат...
Қарабайыр
қасиетті қазанат...
Осылар гой
аұниені кір шалса,
Жүргегімен
жүретүғын тазалап!

* * *

Жүректе қандай татың бар?

(Ауылдағы Хамит, Қайырды, Бақыт, Серік,
Әрінбектерге, тағы басқа ақындарға сауал-сәлем)

Сонау тоқсанынышы жылдардың қиын-қыстау
кезеңінде шашылғанды жинап, жудеген елге жырмен
сүйеу болайық деген ниетпен ауылдағы ақындарға
қамишилау сауалын қойдым. «Дидар» газеті арқылы
олар да жауабын тостырган жоқ, қажығанның
қайратын жануга септігі тигенін білеміз...

Ассалаумағалейкум,
ауылдағы ақындар,
жақының бар, жатың бар,
«Ақын» деген атың бар,
Саул қойсам самсатып,
Жауап берер қақың бар,
Шындықты шыңға шыгарар,
Жүректе қандай татың бар?..

Мал-бастарың аман ба?
Су толы ма сағаңда?
Жаңбыр жаумай су болар,
Әдет бар еді жаманда.
Еңбекпен жиган адап мал,
Жатыр ма шығып арамға?

Салшаш

Баяғы күнгі барымта
Жүр дейді сенің араңда?
Аңызды шөп басты ма,
Жыртуға келмей шаман да?
Бақайлап басып тұрсың сен,
Тағы да қандай амалға?

Ақынным, сырлас бауырым,
Болды ма сауыс сауырың?
Бүтілді әлде бұғанаң,
Азаптың тартып ауырын?
Жылқыдай жедеп кетті ме,
Үйыған сүттей ауылың?
«Коммунизмге» жетті ме,
Колхозды талап қауымың?
Жаманың жүрттада қалды ма,
Қалаға көшіп тәуірің?

Шаруашылығың шайқалып,
Кедейлік деген байқалып,
Егінін екпей, мал бақпай,
Жастарың жүр ме найқалып?
Жеті жұтта да той жасап,
Жатыр ма жұртың жайқалып?
Кемшілік болса кескілең,
Жақсыны жақтап айтальық.

Сөрік Ғабдулаевы

Клубқа құлып салынып,
Кітапхана қара жамылып
Рухың түсіп аздың ба,
Жаның да жүдеп жабығып?
Облыстық газет- «Дидарға»
Жазылмай жүрсің жабылып?
Үш шөлмек арақ құны ғой,
Неге сен қалдың тарылып?!
Газетке таппас теңгесі,
«Самопал» суга табылып?
Тұғын серпіс жалқауың
Көшеде жүр ме сабылып?
Бола ма басты көтерер,
Азаптан ауыл арылып?
Қайратты, қайсар халқыннан
Үзілді неге бар үміт?
Дауылдай дауыс көтерші,
Тасыған судай ағылып!

Ниеті неге бастайды?
Ауылды жастар тастайды.
Сең соққан балық сияқты
Байтал түгіл бас қайғы.
Жағаны ұрып жігіттер,
Теніздей неге таспайды?
«Қаптағайлап» ұран сап,
Намысқа неге баспайды?

Елің қарап еріне,
Ерің қарап жеріне,
Босағадан әрі аспайды.
Жастарыңда үміт жоқ,
Қарттарыңда күдік көп,
Бақ-даулет қайтіп қашпайды?!
Батылсыз болса жігіттер,
Үзілер жілтей үміттер,
Есігін бақыт ашпайды,
Шуағын тірлік шашпайды.

Аман ба асыл шалдарың,
Білдің бе хада-халдарын?
Балаға беріп отыр ма,
Зейнетақыға алғанын?
Емшегін еміп жан сақтар,
Алды ма ұры малдарын?
Ақ шашты әже қарғай ма,
Жалмауыз мына жалғанын?
Қызы сауда жасап кетті ме,
Құдайдың көріп салғанын?
Мәңгүртің мініп машина,
Кұланып жүр ме «Алдарың»?
Жоғалтып жұртың алды ма,
Аспаннан биік арманын?
Ойсыздар опық жемейді,
Ойлылар тістер бармағын.
Көтеріп ақын қалай жүр,
Көтермес нардың салмағын?

Сөрік Фабдиллауы

Кызарған көздің еті ісіп,
Жынды су ішіп шекісіп,
Абысын-ажын араз боп,
Агайын жүр ме кетісіп?
Той жасадың ауданға,
Тас шайнап жүріп, өт ішіп.
Жетпіс жылда ұшпаққа
Шығып ең қашан жетісіп?

Кетпесін сөзім далага,
Зейінің мол гой, шамала.
Саңылау түссін деп едім,
Сансырап қалған санаға.
Көл тартылса, батпаққа
Қонбайды келіп шағала.
Айтқаным саған ұнаса,
Жауабынды сарала.
Сөзімнің бар ма сөкеті,
артығын, кемін бағала.
Шұбатып шабыт шылбырын,
Тұяғын тайдың тағала.
Әңгімені енді бүрайын,
Айналып соғып қалага.

* * *

Мәдениетте мән қалмай,
Ойын-сауықта сән қалмай,
Рухани азық ошағы
Өшіп те жатыр жанданбай
Әншің мен бишиң тарығып,
Базарда жүрсө сабылып,
Тұрасың қалай таңданбай.
Мектепке мектеп қосылып,
Оқушы кетті жосылып.
Ата-аналар қиналды,
Төлемін таптай тосылып.
«Тегін білім аламыз» -
дегені болды бос үміт...
Алмаса айлық мұғалім,
Болмайды көңіл қошы нық,

«Қор болған қайран тілім» деп,
Күрсінген қыз бен ұлың көп.
Бұйрығың, Заңың бес тыын,
«Ұлы тіл» тұрса дүрілдеп.
Өз елінде өзің өгейсің,
Жатады жүрек жұлым боп.
Тойлауда тілдің мейрамын
Мерейім үстем, мінім жоқ,

Таңдайы қалай татысын,
Күн батып, таңның атысын
Жүрсө де іспен атқарып,
Алмайды еңбек ақысын.

Сөрік Fabulasy

Дәрігер менен мұғалім
Қорғай да алмай қақысын,
Өмірге жүрер өкпелеп,
Шығарған әбден запысын.

Айтпасам шынды тіс жарып,
Ұзармас тілім ұшталып.
Жасайды қылымыс-жұмыссыз,
Кетсе де қазір ұсталып.
Тағы да сорлы дәрігер,
Мұғалім жатыр қысқарып.
Кабинет толы хакімдер
Қысқарту сыннан тыс қалып.

Өндіріс халі шамалы,
Тиіл түр тасқа табаны.
Шетелге саттық барлығын,
Табылмай басқа амалы.
Долларын салған инвестор
Қарымын күреп алады.
Өз отыңды өзіңе
Бұлдаپ-бұлдаپ жағады.
Ертіс ГЭС-ті салғандай,
Алтайдан алтын алғандай,
Алшаңдайды қадамы.
Майга бөгіп табағы.

Тұрса да денем суынып,
Өлетін емес буынып.
Салық та қысып барады,
Қолқа-жүректі сурып.

Салмыш

«Аттанга» басар кез емес,
Атойлап шығар ту іліп.
Бүгінгі қожа-шетелдік,
Қайтарып табыс жетерлік,
Өз бидайымды өзіме
Беріп те жатыр қуырып.
Жатақханалар сатылды,
Тұргындар түре қуылып.

Меншікті мектеп майланды,
Ақысыз мектеп жай қалды.
Орыстың тілі орталап,
Қазақтың тілі байланды.
Ағылашын болып сөйлеуге
Оқушы біткен айналды.
Отаршы жұрт та қанатын
Дәл осылай жайған-ды.
«Түкіркітің де түбі бар»,
Көңілді күпті қайғы алды.

Сөгілтіп көңіл астарын,
Аласартып қиял аспанын,
Бір-бір дорба арқалап,
Базарлап кетті жастарым.
Маман боп оқып шықса да,
Сыйғыза алмай бастарын.
Өксікпен өтіп кетеді-ау,
Жалынды шағы қас-қагым!?
Өз қорамда бүгінде
Үреді иті басқаның.

Сөрік Fabрикасы

Тірліктің тұтас қалыбы
Арбасын сүйреп арыды.
Көгілдір отын таусылып,
Жұмады көзін жарығы.
Ыстық та сұық сұнының
Білінер кейде тарығы.
Зар жайып келген заманның
бұл-дағы шығар нарығы?!
Таба алмай жүрген тауық бар,
Тұсіне кірген тарыны.

Ешкім жоқ өлген, дегенмен,
Көсеге де жоқ көгерген.
Таң атып, Құнім шығады,
Көк аспан көлбеп төбемнен.
Иілмей, сынбай келеді,
Мықты екен халқым еменнен!
Берер ем бір-бір «Астана»,
Колымда тұрса егер мен.

Жақсылық жатса шаттаныш,
Айтар ем оны мақтаныш.
Табысты құндер кетті әлде,
Гасырга таман аттаныш?!
Келеді дамып салт-сана,
Сүрідей қалған сақталып.
Желеді тілім қосақта,
«Мемлекеттік» деген атты алып.
Жүгірген жүрттың сонынан,
Басамыз қадам балттаныш.

Саладиң

Құдайдың жетпес үкімі,
Үміт көп алдан үкілі.
Малдасты құрып отырар,
Қарттардың болар күтімі.
Әзірше елде алаң бар,
Көнілдің болмай бүтіні.
Мәуелеп байлық бақшасы,
Түзелер қазақ түтіні!?

Қазақтың тау мен даласы,
ауылы, қыстақ, қаласы
Өркендең санат салтымен
тұруға келсін шамасы!
Үрпаққа берсін ұлағат,
Шемішке сатпай данасы.
Діні мен тілін пір тұғсын,
Мұсылман қауым баласы.
Көтерген түрік туының
Тәңірі болсын панасы!

Санаңа сіңсе сауалым,
Бересің жырлап жауабын!?
Шаужайлап шабыт шақырапар,
Ақынға ауса ауаның.
Қылыштай қылпыш қайралар,
Қайтпаған тастан тауаның.
Білемін ақын шыйрықса,
Жел тұрып, жаңбыр жауарын!



«Сәлемдеме» - өмір үзіктепі, қадау-қадау көрініс. Менің архивімде осындай алға екі томдық арнау жатыр. Тұыстарга, жолдас-жорага, таныстарга торқалы той мен топырақты өлімде білдірген тілектер бір төбе. Тірлік болса, олар да тұғырын табар?!

Айналайын, арнау жазған дос-жаран, тамыртаныс, осы жинақты қолға алғанда естеріңе ескі күндер түсіп, көздеріңе өткен оқиғалар елестер, сонда ітіп атпен еске аларсыңдар. Мына дүние – жалған, жақсыдан да, жаманнан да қалған. Мен кешегі агаларымды аңсаймын; сендер ертең мені аңсарсыңдар? Сонда, сақтаулы болса, сөреден алып, көз қырларыңды салып, тіршіліктің тұрақсыздығын, жалғанның жұмақсыздығын оқып-тоқып сезінерсіздер?!

«Сәлемдеме» иелеріне жол тартты, дәмін татыңыздар! Оңашада ойга батыңыздар! Күн үнемі күлмейді, дос-жаран, тамыр-таныс қасында мәңгі журмейді! Ақылды алдырмай, көңілді қалдырмай, өзекті талдырмай өмір сургенге не жетсін!

Бәріңе бақыт, саламатты гұмыр тілеймін!



МАЗМУНЫ

1. Сәлемдеме сәті	5
-------------------------	---

Бірінші бөлім

2. Мұқтардың мақтанышы	23
3. Ахметтер арманы	27
4. Әузов Мұқтарғы	30
5. Аманжолов Сәрсенге	32
6. Қайсенов Қасымға	34
7. Адаға	36
8. Байбатшиндерге	40
9. Мұхамадиев Әнуарбекке	46
10. Шаяхметов Мұхаметке	53
11. Қоғабаев Толеуханға	56
12. Әбугалиев Мұқанға	58
13. Салықбаев Манапқа	59
14. Сапарғалиев Қапанға	63
15. Ысқақов Қалиханға	66
16. Қабышев Ғаббасқа	68
17. Мақатаев Мұқағалиға	71
18. Нұрбаев Ақтанға	73

Екінші бөлім

19. Мұзапаров Маратқа	82
20. Барақ батыр ұрпақтарына	85

Сарік Габибағы

21. Сарин Амангелдіге	89
22. Татаев Маратқа	95
23. Мұстафа Өзтүрікке	100
24. Қажыбаев Амангелдіге	102
25. Нағыманов Қажымұратқа	105
26. Шаяхметов Бағдатқа	109
27. Абайділдин Талғатбекке	111
28. Құрманғалиев Айтмұханға	114
29. Менкенов Мұддәріске	116
30. Мұхамадиев Қалгенге	119
31. Можанов Асқарға	121
32. Марқакөл монологі	123
33. Құлсейітов Женіске	125
34. Тұсіпбеков Тұсіпханға	128
35. Құмаров Тоқтарханға	131
36. Эділбаев Жұмәділге	134
37. Атаев Жанәділге	139
38. Мусин Қайратқа	142
39. Құсанбаев Серікке	145
40. Кәкенов Абашқа	147
41. Байжұменов Төлеубайға	150
42. Сагымжанов Тақатқа	153

Үшінші бөлім

43. Төлегенова Бибігүлге	160
44. Бітібаева Қанипаға	163
45. Бейсенова Шәрбануга	165
46. Ақжігітова Қабибага	168

Салындаш

47. Эділбаева Эсияға	170
48. Райысова Бақытжанға.....	172
49. Шершнева Валентинаға	174
50. Бейсақанова Майраға	175

Төртінші бөлім

51. Қанатбаев Дүйсенбекке	183
52. Оразалин Нұрланға	187
53. Сейсенбаев Ролланға	190
54. Асқаров Әлібекке	192
55. Есдуалетов Ұлықбекке	194
56. Серік Байхоновқа.....	197
57. Әбілмәжінов Беделбекке	201
58. Әміренов Мұратқа	203
59. Елубай Оңдасынға	205
60. Қасымов Айтмұхаметке	208
61. Қуантайұлы Нұржанға.....	210
62. Кәкеев Арыстанбекке	212
63. Байбатыров Ғалымға	214
64. Назырбаев Қайырдыға	216
65. Нұқаев Тұргазыға	219
66. Балшабеков Хамитқа	223
67. Құмарбекұлы Мұсілімге	227
68. Қызықбаев Тоқтарбекке	230
69. Тасқара Азamatқа	231
70. Шәкірттеріме	233

Серік Габдуллаұлы

Сәлемдеш

Техникалық редактор: Е. Степанова
Дизайн, верстка: Н. Балашова

«Шығыс Полиграф» баспаханасы.
Өскемен қ., Ворошилов к., 156 үй.

Тел. 8 (7232) 78-36-78

Басуга 22.08.2012 ж. қол қойылды.
Тапсырыс № 277. Таралымы 100 дана.